

PIRLS-2021: ҚАЗАҚСТАННЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ҰЛТТЫҚ ЕСЕП



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер
және білімді бағалау орталығы» АҚ

«PIRLS-2021: ҚАЗАҚСТАН НӘТИЖЕЛЕРІ» ҰЛТТЫҚ ЕСЕБІ

ӘОК 371.26
КБЖ 74.202.5
Р 55

«PIRLS-2021: Қазақстан нәтижелері» Ұлттық есебі. – Астана қ.: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, «А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ, 2023. – 121 бет.

Қазақстанның PIRLS-2021 халықаралық зерттеуіне қатысу қорытындысы бойынша Ұлттық есепті Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша «А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ халықаралық деректер базасын талдау негізінде әзірледі.

Ұлттық есеп педагогикалық және ата-аналар қоғамдастығына арналған, сонымен қатар басқарушылық шешімдер қабылдау үшін маңызды ақпарат көзі болып табылады.

ӘОК 371.26
КБЖ 74.202.5

ISBN 978-601-08-3689-1

© Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, 2023
«А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді
бағалау орталығы» АҚ, 2023

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	9
1.1. Зерттеу туралы	9
1.1.1. Зерттеу дизайны.....	10
1.1.2. Зерттеу форматы	13
1.1.3. Зерттеудің құрамы.....	14
1.1.4. Зерттеу әдістемесі	16
1.2. Қазақстан мектептерінің бастауыш сыныптарында оқуды үйрету	18
1.2.1. Оқу саласындағы білім берудің мемлекеттік стандарттары	18
1.2.2. Балалардың оқу сауаттылығын дамыту бойынша мемлекеттік бастамалар	23
2. PIRLS-2021 халықаралық зерттеуі	27
2.1. Зерттеу іріктемесі және қатысушылары	27
2.1.1. Зерттеу іріктемесі	27
2.1.2. Зерттеу қатысушылары	28
3. Қазақстанның PIRLS-2021 нәтижелері	31
3.1. Халықаралық салыстырудағы нәтижелер.....	32
3.2. Циклдер бойынша нәтижелер	36
3.3. Жетістік деңгейлері бойынша нәтижелер.....	38
3.4. Оқу мақсаттары және процестері бойынша нәтижелер	43
3.5. Зерттеу форматы бойынша нәтижелер	49
3.5. Өңірлер бойынша нәтижелер.....	52
3.6. Оқушылардың гендері және мектептің орналасқан жері бойынша нәтижелер.....	54
4. Оқушылардың оқу сауаттылығына әсер ететін факторлар	58
4.1. Оқушылардың оқу сауаттылығының дамуына үйдегі жағдайдың әсері.....	61
4.1.1. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы	61
4.1.2. Балалардың оқу сауаттылығын ерте ашу	64
4.1.3. Үйде оқыту тілінде сөйлеу	67
4.1.4. Ата-аналардың оқуға деген көзқарасы	68
4.2. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда мектеп ортасының рөлі.....	69
4.2.1. Мектептің әлеуметтік-экономикалық жағдайы	69
4.2.2. Мектеп ресурстары	71
4.2.3. Оқуға арналған ресурстар мен технологиялар	74
4.2.4. Мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік	77
4.2.5. Оқу сауаттылығын дамыту әдістері	82
4.2.6. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігі.....	87
4.3. Оқушылардың жеке сипаттамаларының оқу жетістіктеріне әсері.....	95
4.3.1. Цифрлық өзіндік тиімділік	95

4.3.2. Оқуға деген көзқарас.....	98
4.3.3. Оқуға деген сенімділік.....	101
4.3.4. Оқушылардың әл-ауқаты.....	103
4.4. COVID-2019 пандемиясының оқу жетістіктеріне әсері.....	106
4.4.1. Пандемияның мектептің оқу процесіне әсері.....	108
4.4.2. Пандемия кезінде мектептерге ресурстық және әдістемелік қолдау көрсету және оқушылардың үлгерімі.....	109
4.4.3. Пандемия кезіндегі оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы және оқу үлгерімі.....	112
5. Қорытындылар мен ұсыныстар.....	113
Әдебиеттер тізімі.....	117

Кестелер

1.1-кесте. Оқу мақсаттары мен оқу дағдылары бойынша тапсырмалардың үлесі.....	10
1.2-кесте. Оқу дағдыларының міндеттері.....	11
1.3-кесте. Зерттеу форматы бойынша PIRLS-2021 қатысушылары	13
1.4-кесте. Мәтіндерді PIRLS буклеттеріне бөлу схемасы.....	14
1.5-кесте. PIRLS мәтіндерінің сипаттамалары	15
1.6-кесте. Жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасы мен PIRLS бағалау жүйесін салыстыру	19
1.7-кесте. PIRLS зерттеуінде және «Әдебиеттік оқу» пәнінде қолданылатын мәтін түрлері	22
2.1-кесте. Өртүрлі елдер мен жеке өңірлерде PIRLS-2021 өткізу кезеңдері.....	29
2.2-кесте. Өңірлер бойынша PIRLS-2021 қатысқан мектептер мен оқушылар саны.....	30
3.1-кесте. PIRLS-2021 халықаралық зерттеуінің нәтижелері	33
3.2-кесте. Зерттеуді 2021 жылдың екінші жартысына шегерген елдердің 2016 және 2021 жж. PIRLS нәтижелері.....	38
3.3-кесте. Оқу сауаттылығы деңгейлерінің сипаттамасы	39
3.4-кесте. Bridge Booklets қатысушы елдерінің нәтижелері.....	49
3.5-кесте. Өңірлер бойынша PIRLS-2021 нәтижелері.....	52
3.6-кесте. Өңірлер көрсеткіштері арасындағы статистикалық айырмашылық.....	53
4.1-кесте. Оқушылардың ӨӘЖ бөлінісінде жекелеген елдердің нәтижелеріндегі айырмашылықтар, балл	63
4.2-кесте. Регрессиялық талдау нәтижелері	111

Суреттер

2.1-сурет. Қала-ауыл және оқушылардың гендері бойынша зерттеуге қатысушы бесінші сынып оқушыларының үлесі	30
3.1-сурет. PIRLS-2021 цифрлық және қағаз форматтарының нәтижелері, балл	35
3.2-сурет. Жетекші елдер мен ТМД елдерінің процентильтер бойынша нәтижелері, балл	36
3.3-сурет. 2016 және 2021 жж. PIRLS нәтижелерінің айырмашылығы, балл.....	37
3.4-сурет. Жеке қатысушы елдерде күрделіліктің әр деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі, %	41
3.5-сурет. Жеке қатысушы елдерде оқу сауаттылығының шекті деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі, %	42
3.6-сурет. Көшбасшы елдер мен ТМД елдеріндегі циклдер бойынша күрделіліктің әр деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі, %.....	42
3.7-сурет. Жеке қатысушы елдердің әдеби және ақпараттық мәтін бойынша балдары арасындағы айырмашылық, балл	44
3.8-сурет. Жеке қатысушы елдердің әдеби оқу бойынша 2016 және 2021 жж. балдарындағы айырмашылық, балл.....	45
3.9-сурет. Жеке қатысушы елдердің ақпараттық оқу бойынша 2016 және 2021 жж. балдарындағы айырмашылық, балл	45
3.10-сурет. Жеке қатысушы елдердің оқу дағдылары бойынша балдары арасындағы айырмашылық, балл.....	47
3.11-сурет. Жекелеген қатысушы елдердің ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау бойынша 2016 және 2021 жж. балдарындағы айырмашылық, балл.....	48
3.12-сурет. Жекелеген қатысушы елдердің мазмұнды түсіндіру, біріктіру және бағалау бойынша 2016 мен 2021 жж. балдары арасындағы айырмашылық, балл.....	48
3.13-сурет. Оқу мақсаттары мен процестері бойынша буклет түрлері арасындағы нәтижелер айырмашылығы, балл	51
3.14-сурет. ePIRLS қатысушы елдерінің нәтижелері, балл	52
3.15-сурет. Күрделілік деңгейлері бойынша өңірлер нәтижелері, %	54
3.16-сурет. Оқушылардың гендерлік белгісі бойынша нәтижелеріндегі айырмашылық, балл	55
3.17-сурет. Циклдер мен күрделілік деңгейлері бойынша оқушылардың гендері тұрғысынан нәтижелері	56
3.18-сурет. Мектептің орналасқан жеріне байланысты жетістік деңгейлері бойынша оқушылардың нәтижелері, балл	56
4.1-сурет. Жекелеген елдерде ӨЭЖ жоғары, орта және төмен отбасылардан шыққан оқушылардың үлесі, %	62
4.2-сурет. Отбасының білім беру ресурстары деңгейі бөлінісінде 2016 және 2021 жж. оқушылардың үлесі мен нәтижелері	64
4.3-сурет. Ата-аналардың баланың оқу сауаттылығын ерте дамытумен айналысу жиілігі бөлінісінде 2016 және 2021 жж. оқушылардың үлесі мен нәтижелері.....	65
4.4-сурет. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына бару ұзақтығы бөлінісінде оқушылардың нәтижелері, балл.....	66
4.5-сурет. Үйде оқыту тілін қолдану дәрежесі бойынша оқушылардың үлесі мен балдары	67
4.6-сурет. Циклдар бөлінісінде ата-аналары оқуды «өте жақсы көретін» оқушылардың үлесі, %	68
4.7-сурет. Циклдар және мектептің орналасқан жері бөлінісінде мектептің ӨЭЖ бойынша оқушылардың үлесі, %	70
4.8-сурет. Мектептің орналасқан жері мен құрамы бөлінісінде «Оқу ресурстары жетіспеушілігінің оқу процесіне әсері» индексі бойынша оқушылардың үлесі, %	72

4.9-сурет. Жекелеген мектеп ресурстары жетіспеушілігінің оқу процесіне әсер ету дәрежесі бойынша оқушылардың үлесі, %	73
4.10-сурет. Жекелеген елдердегі цифрлық құрылғыларға қолжетімділік бойынша оқушылардың үлесі, %	75
4.11-сурет. Оқу барысында цифрлық құрылғыларды пайдалану жиілігі бойынша оқушылардың үлесі, %	76
4.12-сурет. Директорлар оқушылар арасындағы келесі жағдайлар орташа және күрделі мәселе деп есептейтін мектеп оқушылардың үлесі, %.....	77
4.13-сурет. Мектептегі тәртіп параметрлері бойынша оқушылардың нәтижелері, балл	78
4.14-сурет. Оқу жылы ішінде мектеп оқушылары тарапынан әртүрлі буллинг түрлерімен кездескен оқушылардың үлесі, %.....	79
4.15-сурет. Буллингке ұшырау индексі бөлінісінде мектепте болғанды ұнату жауабы бойынша оқушылардың үлесі, %	80
4.16-сурет. Буллингке ұшырау индексі бөлінісінде сабақтан қалу жиілігі бойынша оқушылардың үлесі, %	80
4.17-сурет. Оқу сауаттылығын дамытатан сабақтарда қолданылатын оқыту әдістері бойынша оқушылардың үлесі, %.....	83
4.18-сурет. Оқу сауаттылығын дамытатан сабақтарда қолданылатын мәтін түрлері бойынша оқушылардың үлесі, %	85
4.19-сурет. Жеке қатысушы елдерде тілді оқытуға жұмсалатын уақыт, минут.....	85
4.20-сурет. Жеке қатысушы елдерде оқуды үйретуге жұмсалатын уақыт, минут	86
4.21-сурет. Жеке қатысушы елдерде мұғалімдердің оқуға деген ынтасы («күнде немесе күнде дерлік» оқиды) бойынша оқушылардың үлесі, %	87
4.22-сурет. PIRLS-2021 қатысушы елдеріндегі мұғалімдердің ең жоғары білім деңгейі бойынша оқушылардың үлесі, %	88
4.23-сурет. Қала-ауыл және мектептің әл-ауқаты бөлінісінде мұғалімдердің ең жоғары білім деңгейі бойынша оқушылардың үлесі, %.....	89
4.24-сурет. Қала-ауыл және мектептің әл-ауқаты бөлінісінде мұғалімдердің жұмыс өтілі бойынша оқушылардың үлесі, %	91
4.25-сурет. Қала-ауыл бөлінісінде мұғалімдердің жасы бойынша оқушылардың үлесі, %	92
4.26-сурет. Мұғалімдердің кәсіби даму іс-шараларына қатысуы және болашақ кәсіби дамуға «жоғары» қажеттіліктер, %	93
4.27-сурет. Мұғалімдердің кәсіби дамуға қатысуына кедергі келтіретін факторлар бойынша оқушылардың үлесі, %	94
4.28-сурет. Цифрлық дағдылар (пікірлермен «толық келісемін») бойынша оқушылардың үлесі, %	96
4.29-сурет. Цифрлық дағдылар бойынша оқушылардың нәтижелері, балл.....	97
4.30-сурет. Компьютер, планшет немесе смартфонның көмегімен үй тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт бойынша оқушылардың үлесі және нәтижелері.....	97
4.31-сурет. Жекелеген қатысушы елдерде оқуды өте жақсы көретін оқушылар үлесінің динамикасы, %	98
4.32-сурет. Жекелеген қатысушы елдерде гендері бойынша оқуды өте жақсы көретін оқушылардың үлесі, %	99
4.33-сурет. Қала-ауыл бөлінісінде оқушылардың оқуға деген көзқарасы бойынша үлесі, %	100
4.34-сурет. Үйдегі кітаптар саны бөлінісінде оқушылардың оқуға деген көзқарасы бойынша үлесі, %	101
4.35-сурет. Қала-ауыл және гендер бөлінісінде оқушылардың оқуға деген сенімділігі бойынша үлесі, %.....	102
4.36-сурет. Оқушылардың мектептегі жай-күйі бойынша үлесі,%.....	103
4.37-сурет. Оқушылардың сабаққа қатыспау жиілігі бойынша нәтижелері, балл.....	104
4.38-сурет. Қала-ауыл бөлінісінде өздерін мектептің бір бөлшегі ретінде сезінетін оқушылардың үлесі, %	105

4.39-сурет. COVID-19 пандемиясының бастауыш мектептің жұмысына әсер ету ұзақтығы бойынша оқушылардың үлесі, %	108
4.40-сурет. COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтан оқыту ресурстарын ұсынған мектеп оқушылардың үлесі, %	110
4.41-сурет. COVID-19 пандемиясы кезінде мектептердің қашықтан оқытуды қолдау тәсілдері бойынша оқушылардың үлесі, %	111

Қысқартулар тізімі

- PIRLS** (*Progress in International Reading Literacy Study*) — Мәтінді оқу және түсіну сапасын халықаралық зерттеу
- IEA** (*International Association for the Evaluation of Educational Achievement*) — Халықаралық білім беру жетістіктерін бағалау қауымдастығы
- TIMSS** (*Trends in International Mathematics and Science Study*) — Математика және жаратылыстану білім сапасын бағалайтын халықаралық зерттеу
- ICILS** (*International Computer and Information Literacy Study*) — Халықаралық компьютерлік және ақпараттық сауаттылық зерттеуі
- ICCS** (*International Civic and Citizenship Study*) — Азаматтану білім сапасын бағалайтын халықаралық зерттеу
- АҚШ** — Америка Құрама Штаттары
- БАӘ** — Біріккен Араб Әмірлігі
- АӘА** — Арнайы әкімшілік аудан
- ОАР** — Оңтүстік Африка Республикасы
- IRT** (*Item Response Theory*) — Заманауи тестілеу теориясы
- JRR** (*Jackknife Repeated Replication*) — Жиналмалы пышақ әдісі
- АКТ** — Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- ҮОБ** — Үлгілік оқу бағдарламалары
- ӘЭЖ** — Әлеуметтік-экономикалық жағдай
- IDB Analyzer** (*International Database Analyzer*) — Халықаралық деректер базасын талдауға арналған бағдарлама
- APA** (*American Psychological Association*) — Американдық психологиялық қауымдастық
- IT** (*Information Technology*) — Ақпараттық технологиялар
- ЕО** — Еуропалық Одақ
- PhD** (*Doctor of Philosophy*) — Философия докторы ғылыми дәрежесі
- ISCED** (*International Standard Classification of Education*) — Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі
- БҰҰ** — Біріккен Ұлттар Ұйымы
- ТДМ** — Тұрақты даму мақсаттары
- ҮҚД** — Үздіксіз кәсіби даму
- ЖОО** — Жоғары оқу орындары
- ҰБТ** — Ұлттық бірыңғай тестілеу
- ББЖМ** — Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі

1. Кіріспе

Қазіргі ақпараттық әлемде оқу дағдысы мен түсіну қабілеті қоғамға толыққанды қатысудың негізгі дағдыларының бірі болып табылады. Ерте жаста оқи білу балалардың дамуы мен интеллектуалды жетілуі үшін ғана емес, сонымен қатар мектепте, жұмыс орнында және қазіргі қоғамда табысты болуы үшін де маңызды (Marôco, 2021). Оқу сауаттылығын дамыту басқа пәндік салаларда жетістікке жетуге және ересек өмірге толыққанды қатысуға негіз болады.

1.1. Зерттеу туралы

PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын халықаралық салыстырмалы зерттеу. Зерттеу төртінші сыныптың соңында мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын меңгеру деңгейін бағалау мақсатында және 2001 жылдан бастап 5 жылда 1 рет өтеді. Зерттеуді үйлестіруші – IEA Халықаралық білім беру жетістіктерін бағалау қауымдастығы (International Association for the Evaluation of Educational Achievement).

IEA – 1960 жылдардан бастап әртүрлі білім беру жүйелеріндегі білім беру саясатының оқушылардың жетістігіне әсерін тереңірек түсіну мақсатында халықаралық салыстырмалы зерттеулер (PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS және т.б.) жүргізетін ұлттық ғылыми-зерттеу институттары мен мемлекеттік органдардың тәуелсіз халықаралық кооперативі. Аталған зерттеуді IEA-дың Бостон колледжі жанындағы TIMSS & PIRLS халықаралық зерттеу орталығы IEA Амстердам, Деректерді өңдеу орталығы (IEA Гамбург), Канада статистика орталығы (Statistics Canada), Білім берудегі тестілеу қызметімен (Educational Testing Service) бірлесіп жүргізеді.

Зерттеу оқушылардың құзыреті мен білім деңгейі туралы ғана емес, қосымша талдау жүргізуде пайдалануға болатын олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы және әл-ауқаты сияқты әртүрлі аспектілер туралы көптеген деректер жинайды. PIRLS нәтижелерін зерттеушілер білім беру нәтижелерін бағалау және білім беру жүйесінің және/немесе экономиканың даму үрдісін талдау үшін кеңінен қолданады. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мектептегі білім беруді жақсарту процесінде, сондай-ақ бастауыш білім беру, мұғалімдерді даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларында қолданылуы мүмкін.

Қазақстан PIRLS халықаралық зерттеуіне 2016 жылдан бері қатысып келеді. Бұл 4-сынып оқушыларының оқу дағдылары туралы сенімді деректерге қол жеткізуге және олардың үлгеріміне әсер ететін контекстік факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар тіл және әдебиет саласындағы бастауыш білім беру сапасын жақсарту үшін оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын әзірлеуге негіз қалады. Зерттеу нәтижесінде Оқу-ағарту министрлігі балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу материалдарына қолжетімділікті кеңейту және мектеп кітапханаларының жұмысын жетілдіру бойынша бірқатар шаралар қабылдады (мысалы, «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы).

Қазақстанның аталған зерттеуге қатысуы маңызды әлеуметтік-саяси факторларға байланысты. Олардың қатарына қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау және халықаралық стандарттарды

енгізу, білім беру мазмұнын жаңарту, педагогикалық кадрларды даярлау және дамыту бағдарламаларын жетілдіру, бағалаудың ұлттық жүйесін (ҰБТ, ББЖМ) дамыту т.б. жатқызуға болады. PIRLS деректері сондай-ақ БҰҰ-ның 4-ші Тұрақты даму мақсатына (ТДМ) қол жеткізудегі прогресті бақылауда сенімді көрсеткіш болып табылады.

1.1.1. Зерттеу дизайны

Қазіргі қоғамда оқушылардың оқылған ақпаратты пайдалану қабілетіне көбірек көңіл бөлінеді. Сондықтан PIRLS-тың әрбір кезекті циклінің бағалау фокусы «түсіну және жылдам оқудан» «оқығанын жаңа жағдайларда қолдану қабілетін көрсетуге» ауысуда (Mullis және т.б., 2015).

PIRLS-те оқу сауаттылығын бағалау негізгі оқу мақсаттары мен дағдыларын қамтитын шеңберге негізделген. PIRLS-2021 бағалау шеңберіне сәйкес, оқу сауаттылығы «қоғам талап ететін және/немесе жеке тұлға бағалайтын жазбаша тіл формаларын түсіну және қолдану қабілеті» ретінде анықталады (Mullis және т.б., 2019). Бұл анықтама оқудың үш негізгі міндетін, атап айтқанда, жеке қызығушылық үшін оқу, жаңа нәрселерді үйрену үшін оқу және қоғамға қатысу үшін оқуды көрсетеді. Бастауыш сынып оқушыларының оқуы негізінен алғашқы екі оқу мақсатына бағытталған. Тиісінше, PIRLS-2021 бағалау жүйесі осы екі мақсаттан тұрады:

- әдеби оқу тәжірибесін қалыптастыру мақсатында оқу (жеке қызығушылық үшін оқу);
- ақпаратты игеру және пайдалану мақсатында оқу (жаңа нәрсені үйрену үшін оқу).

Осы мақсаттарға жету үшін зерттеуде көркем әдеби (жеке қызығушылық үшін оқу) және ақпараттық (жаңа нәрсені үйрену үшін оқу) мәтіндер қолданылады. Әдеби мәтіндерде тақырыпқа, сюжеттік оқиғаларға, кейіпкерлерге және жағдайға қатысты сұрақтар, ал ақпараттық мәтіндерде белгілі бір ақпаратқа қатысты сұрақтар қойылады. Сұрақтардың әртүрлілігі оқушыларға мәтіннен мағына құру дағдыларының кең ауқымын көрсетуге мүмкіндік береді. Әрбір негізгі оқу мақсаты шеңберінде оқу дағдыларының төрт тобы бағаланады:

- анық түрде берілген ақпаратты табу;
- тікелей қорытындыларды тұжырымдау;
- идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру;
- мәтін мазмұны мен элементтерін бағалау және сынау.

Мәтінді түсінуге қажетті дағдыларды бағалауға бағытталған тапсырмалардың үлесі 1.1-кестеде келтірілген.

1.1-кесте. Оқу мақсаттары мен оқу дағдылары бойынша тапсырмалардың үлесі

Бағаланатын оқу мақсаттары	Тапсырмалардың үлесі
Әдеби оқу тәжірибесін қалыптастыру мақсатында оқу	50%
Ақпаратты игеру және пайдалану мақсатында оқу	50%
Бағаланатын оқу дағдылары	Тапсырмалардың үлесі

Анық түрде берілген ақпаратты табу	20%
Тікелей қорытындыларды тұжырымдау	30%
Идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру	30%
Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау	20%

Дереккөз: PIRLS-2021 бағалау шеңбері / PIRLS-2021 Assessment frameworks

Анық түрде берілген ақпаратты табу үшін оқырман мағынаны қалыптастыру мақсатында сөз, сөз тіркестері мен сөйлемдер деңгейінде мәтінге назар аударуы керек. *Қорытындыларды тұжырымдау* оқырманға мәтін шеңберінен шығып, жиі кездесетін мағыналық олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Ол үшін оқырманға екі немесе одан да көп идеялар мен ақпарат үзінділерін байланыстыру қажет. *Мәтіндегі ақпаратты түсіндіру және біріктіру* үшін оқырман автордың ниетін түсініп, өзінің білімі мен тәжірибесін мәтіндегі мағынамен біріктіру арқылы мәтінді толық түсінуі керек. Сонымен қатар мәтіннің мазмұны немесе мағынасы субъективті немесе объективті тұрғыдан *бағалануы және сынға алынуы* мүмкін. Бұл процесс оқырманнан өз біліміне сүйене отырып және мәтінді өз түсінігімен салыстыра отырып, негізделген пайымдама жасауды талап етеді. Соңғы екі дағды неғұрлым ілгері санатқа жатады. Осылайша, PIRLS нәтижелері педагогтер мен саясаткерлерге оқушылардың әдеби және ақпараттық мәтіндер бойынша тапсырмаларды орындау үшін осы қабілеттерді қаншалықты меңгергені туралы құнды ақпарат ұсынады.

1.2-кесте. Оқу дағдыларының міндеттері

Оқу дағдылары	Міндеттер
Анық түрде берілген ақпаратты табу	<ul style="list-style-type: none"> - Оқудың нақты мақсатына қатысты ақпаратты табу; - Нақты идеяларды іздеу; - Сөздердің немесе сөз тіркестерінің анықтамаларын іздеу; - Оқиғаның жағдайын (мысалы, уақыты мен орнын) анықтау; - Тақырыптық сөйлемді немесе негізгі идеяны табу (егер олар нақты тұжырымдалған болса); - Графикалық кескіннен (мысалы, диаграммадан, кестеден немесе картадан) нақты ақпаратты табу.
Тікелей қорытындыларды тұжырымдау	<ul style="list-style-type: none"> - Бір оқиға басқа оқиғаны тудырғаны туралы қорытындыларды тұжырымдау; - Кейіпкер іс-әрекетінің себебін көрсету; - Екі кейіпкердің қарым-қатынасын сипаттау; - Мәтіннің немесе веб-сайттың қай бөлігі белгілі бір мақсатқа жетуге көмектесетінін анықтау.
Идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру	<ul style="list-style-type: none"> - Мәтіннің жалпы хабарламасын немесе тақырыбын тану; - Кейіпкердің әрекеттеріне балама қарастыру; - Әңгіменің көңіл-күйін немесе сарынын анықтау; - Мәтіндік ақпараттың нақты қолданылуын түсіндіру;

	<ul style="list-style-type: none"> - Мәтіндерде немесе веб-сайттарда және олардың арасында берілген ақпаратты салыстыру.
Мәтін мазмұны мен элементтерін бағалау және сынау	<ul style="list-style-type: none"> - Мәтіндегі ақпараттың толықтығын немесе анықтығын бағалау; - Сипатталған оқиғалардың шынымен орын алу ықтималдығын бағалау; - Автордың дәйегі адамдардың ойы мен ісін өзгерту ықтималдығын бағалау; - Мәтін атауының негізгі тақырыпты қаншалықты жақсы ашатынын бағалау; - Метафора немесе тон сияқты тілдік ерекшеліктердің әсерін сипаттау; - Мәтіндегі немесе веб-сайттағы графикалық элементтердің әсерін сипаттау; - Мәтіннің немесе веб-сайттың көзқарасын немесе бұрмалануын анықтау; - Веб-сайттан ақпарат іздеудің тиімділігін бағалау; - Веб-сайттағы ақпараттың шынайылығын бағалау.

Дереккөз: PIRLS-2021 бағалау шеңбері/ PIRLS-2021 Assessment frameworks

Интернетте оқу (ePIRLS)

Қазіргі таңда интернетте оқу ақпарат алудың негізгі әдістерінің біріне және мектеп бағдарламаларының құрамдас бөлігіне айналууда. Интернеттегі ақпараттың таралу қарқынының артуы оқу мен түсінудің сипатын өзгертті. Дегенмен, қағаздағы оқумен салыстырғанда, интернетте оқу көптеген қосымша қиындықтар тудырады, өйткені бұл оқырмандардан ақпаратты табу, онлайн ақпараттың дұрыстығын бағалау және веб-сайттар арасындағы ақпаратты біріктіру үшін сызықтық емес шарлауды қажет етеді.

2016 жылы оқушылардың онлайн оқу дағдыларын бағалау мақсатында алғаш рет ePIRLS модулі енгізілді. Оған Канада, Қытай Тайбэйі, Дания, Грузия, Ирландия, Израиль, Италия, Норвегия (5-сынып), Португалия, Сингапур, Словения, Швеция, БАӘ (Абу-Даби және Дубай), АҚШ сияқты 14 ел қатысты. ePIRLS ақпараттық оқу тапсырмалары интернет-сайттардан бейімделген. Әрбір тапсырма ғылыми және әлеуметтік тақырыптарға қатысты жалпы көлемі бес-он веб-парақтан тұратын шамамен үш веб-сайтты қамтиды. Оқушылар алдымен іздеу жүйесіндегі дұрыс сілтемені басу арқылы тиісті веб-сайтқа өтуі керек, содан кейін веб-парақтар мен сайттардың ішінде және арасында тиімді шарлау үшін навигациялық стратегияларды (навигациялық мәзірлер, қалқымалы терезелер, қойындылар, сілтемелер) қолдануы керек. Бұл сондай-ақ басқа қызықты тақырыптарға немесе жарнамаларға алаңдамай, тек ағымдағы тапсырмаға назар аударуға мүмкіндік беретін өзін-өзі реттеу процестерін қамтиды. Осылайша, онлайн ортада оқу дәстүрлі оқуға қажетті түсіну дағдылары мен цифрлық сауаттылықты үйлестіруді қажет етеді.

1.1.2. Зерттеу форматы

2021 жылы қатысушы елдерге стандартты PIRLS және оқушылардың симуляцияланған интернет-ортада онлайн ақпаратты оқу, түсіндіру және бағалау қабілеттерін өлшеуге арналған ePIRLS интерактивті модулінің барлық аспектілерін біріктіретін цифрлық форматта (бұдан әрі – digitalPIRLS) зерттеу жүргізу мүмкіндігі ұсынылды. Бұл оқушыларға ыңғайлы және қызықты форматта әртүрлі мәтіндерді оқуға және сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік берді. Цифрлық ортамен байланысты digitalPIRLS мүмкіндіктері (мысалы, айналдыру жолақтары, шарлау тақталары, қалқымалы терезелер) қағаз форматында қолжетімсіз. Зерттеудің цифрлық форматына барлығы 26 ел және 7 жекелеген өңір қатысты (1.3-кесте).

IEA стандарттарына сәйкес, цифрлық форматқа алғаш рет ауысқан елдер оқушы жетістіктерінің тенденциясын өлшеу және форматтар арасындағы салыстырмалылықты қамтамасыз ету үшін тестілеудің қағаз форматына (бұдан әрі – Bridge Booklets) да қатысуы керек. Бұл қатысушы елдер алдыңғы циклдердің (PIRLS-2006, PIRLS-2011 және PIRLS-2016) сегіз тапсырма блогын қағаз түрінде қайта жүргізеді дегенді білдіреді. Цифрлық форматқа алғаш көшкен Қазақстан іріктемесінің үштен бір бөлігі тестті қағаз жүзінде тапсырды. Бұл оқушы жетістіктерінің бес жылдық тенденциясын бақылауға мүмкіндік берді.

Қатысушы елдердің жартысына жуығында (31 ел және 1 жекелеген өңір) PIRLS-2021 толығымен тек дәстүрлі қағаз форматында өтті.

1.3-кесте. Зерттеу форматы бойынша PIRLS-2021 қатысушылары

Цифрлық формат + Bridge Booklets		Қағаз форматы	
Бельгия (Фламанд.)	Жаңа Зеландия	Албания	Иордания
Қытай Тайбэйі	Норвегия	Австралия	Косово
Хорватия	Португалия	Австрия	Латвия
Чехия	Катар	Әзірбайжан	Макао (АӘА)
Республикасы	Ресей Федерациясы	Бахрейн	Черногория
Дания	Сауд Арабиясы	Бельгия (Франц.)	Марокко
Финляндия	Сингапур	Бразилия	Нидерланды
Германия	Словакия	Болгария	Солтүстік Ирландия
Венгрия	Республикасы	Кипр	Солтүстік
Израиль	Словения	Египет	Македония
Италия	Испания	Англия	Оман
Қазақстан	Швеция	Франция	Польша
Литва	БАӘ	Грузия	Сербия
Мальта	АҚШ	Гонконг (АӘА)	ОАР
		Иран Ислам Республикасы	Түркия
		Ирландия	Өзбекстан
Бенчмаркинг шеңберіндегі қатысушылар*			
Абу-Даби, БАӘ Альберта, Канада Британдық Колумбия, Канада Дубай, БАӘ Квебек, Канада		ОАР (6-сынып)	

Мәскеу, Ресей Федерациясы Ньюфаундленд және Лабрадор, Канада	
-----------------------------------------------------------------	--

Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021

*Ел ішіндегі субъектілер: өңірлер (мысалы, штаттар, провинциялар және т.б.), қосымша сыныптар (мысалы, 3 немесе 5-сыныптар), қосымша тілдік топтар.

1.1.3. Зерттеудің құрамы

PIRLS-2021 зерттеуі барысында іріктелген оқушылар мәтінді түсіну бойынша тест тапсырды және сауалнама сұрақтарына жауап берді. Тестілеу әдеби және ақпараттық мәтіндерді қамтыды. Мәтінді оқып болғаннан кейін оқушылар оқығандары бойынша ашық сұрақтарға, бірнеше нұсқасы бар сұрақтарға немесе оқиғаның ретін құруды талап ететін сұрақтарға жауап берді. Жауап нұсқасы бар сұрақтар мен оқиғаны ретімен қоюға арналған тапсырмалар 1 балмен, ал ашық (толық жауап жазуды талап ететін) тапсырмалар күрделілігіне қарай 1 балдан 3 балға дейін бағаланды.

Әрбір дағдыны толық қамту үшін тест сұрақтары күрделілік деңгейі әртүрлі екі мәтіндерден тұратын және оқушылар арасында кездейсоқ таратылған буклеттерге топтастырылды (1.4-кесте). Неғұрлым күрделі буклеттер екі күрделі мәтіннен немесе бір күрделі және бір орташа мәтіннен, ал неғұрлым жеңіл буклеттер екі жеңіл мәтіннен немесе бір жеңіл және бір орташа мәтіннен тұрды (1.5-кесте). Әр қатысушы елге оның алдыңғы циклдардағы орташа нәтижелеріне байланысты неғұрлым күрделі және неғұрлым жеңіл буклеттердің әртүрлі қатынасы тағайындалды. Бұл көрсеткіштері төмен елдерде шамадан тыс бос жауаптар мен нөлдік балдардың, ал көрсеткіштері жоғары елдерде шамадан тыс мінсіз жауаптардың болуын алдын алу үшін, осылайша барлық PIRLS қатысушы елдерінде бірізді және дәл бағалауды қамтамасыз ету үшін қажет. Қазақстанда оқушылардың 50%-на едәуір күрделі буклеттер, 50%-на неғұрлым жеңіл буклеттер тағайындалды.

1.4-кесте. Мәтіндерді PIRLS буклеттеріне бөлу схемасы

Буклеттер	Әдеби	Ақпараттық	ePIRLS
Bridge Booklets	1	1	-
digitalPIRLS	1	1	-
ePIRLS	-	-	2
Гибридті буклеттер (digitalPIRLS+ ePIRLS)	-	1	1

Дереккөз: PIRLS-2021 бағалау шеңбері / PIRLS-2021 Assessment frameworks

Зерттеуде барлығы 18 мәтін жинағы және 5 ePIRLS тапсырмалары қолданылды. Оның ішінде 9 мәтін жинағы әдеби оқу дағдыларын, ал қалған 9 мәтін жинағы ақпараттық оқу дағдыларын бағалауға арналды. Әрбір оқу мақсаты үшін 3 күрделі, 3 орташа және 3 жеңіл мәтін пайдаланылды. Барлық мәтіндерге келесі белгілер тән:

- шынайы өмірлік контекстен алынған мәтіндер;
- көлемі – 500-1000 сөз;
- тілі мен құрылымы анық, жүйелі және салыстырмалы түрде түсінуге оңай;

- мазмұны қызықты және тартымды;
- оқушылар тани және жалпылай алатын ортақ тақырыбы бар;
- тілі тартымды және мәнерлі;
- мазмұны өзекті.

Компьютерлік форматтағы барлық тест тапсырмалары 83 буклет нұсқасына (18 digitalPIRLS буклеттері, 20 ePIRLS буклеттері және 45 гибридік буклеттерге), ал қағаз форматындағы тапсырмалар 8 буклет нұсқасына бөлінді. Буклеттерді бөлу схемасы нәтижесінде оқушылардың үштен екісі digitalPIRLS буклеттерін, тоғыздан екісі ePIRLS буклеттерін және тоғыздан бір бөлігі digitalPIRLS ақпараттық мәтіні мен ePIRLS жобасын біріктіретін гибридік буклеттерді орындады.

Бір буклетті орындауға 80 минут уақыт берілді (арасында 5-10 минуттық үзілісі бар әрқайсысы 40 минутқа созылған 2 бөлім). Сауалнаманы толтыруға 30 минут уақыт бөлінді. Мектеп оқушылары кітап оқуға деген көзқарасы, мұғалімдердің сабақты ұйымдастыруы, білімін одан әрі жалғастыруы туралы сұрақтарға, сондай-ақ отбасы сипаттамасына байланысты сұрақтарға жауап берді.

1.5-кесте. PIRLS мәтіндерінің сипаттамалары

Күрделілік деңгейлері	Әдеби	Ақпараттық
Жеңіл мәтіндер (500 сөзге дейін)	Құрылымы нақты, мағынасы айқын, кейіпкерлері жеңіл сипатталған, сөйлем құрылымы түзу және күнделікті лексика қолданылған салыстырмалы түрде қолжетімді мәтіндер	Құрылымы нақты, мағынасы айқын және сөйлем құрылымы түзу мәтіндер
Орташа мәтіндер (700 сөзге дейін)	Баяндау құрылымы мен хабарламасы нақты күрделілігі орташа мәтіндер	Күрделілігі орташа мәтіндер
Күрделі мәтіндер (850 сөзге дейін)	Сюжеттік бұрылыстар, күрделі қарама-қайшы кейіпкерлер мен дерексіз идеялар сияқты семантикалық қабаттарды зерттеу мүмкіндігі бар, лексика мен бейнелі тілдің кең спектрін қамтитын салыстырмалы түрде күрделі мәтіндер.	Дерексіз немесе техникалық идеяларға негізделген және көптеген кіріктірілме элементтері, күрделі сөйлемдері және тақырыптық лексикасы бар күрделі мәтіндер
ePIRLS (1000 сөзге дейін)	-	3 түрлі веб-сайт және әртүрлі көрнекі ақпарат (фотосуреттер, диаграммалар, карталар) пен навигациялық мүмкіндіктері (анимациялар, гиперсілтемелер, қойындылар, қалқымалы терезелер) бар 10-ға жуық веб-парақ

Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021

Балалардың оқуына әсер ететін факторларды кешенді түрде қарастыру үшін PIRLS сондай-ақ мектеп директорлары, мұғалімдер және оқушылардың ата-

аналары арасында сауалнама жүргізеді. PIRLS сауалнамасының құрылымы оқушылардың оқу дағдыларын дамытуға әсер ететін бес негізгі факторға сәйкес ұйымдастырылған: отбасы контексті, мектеп контексті, сынып контексті, жеке контекст және ұлттық контекст. Мұғалім сауалнамасы оқуға үйретудің ерекшеліктерін, мұғалімнің кәсіби профилін, оның педагогикалық қызметке қарым-қатынасын зерттейді. Директорлар өз мектебіндегі оқу процесін қолдауға байланысты сұрақтарға жауап береді. Ата-аналарға қойылатын сұрақтар балалардың мектепке дейінгі дайындық деңгейін, баланың білім алуына қатысуын және т.б. анықтауға бағытталған. Әр сауалнаманы толтыруға 30-45 минут уақыт беріледі. Зерттеудің бір мектептегі жалпы ұзақтығы 3-3,5 сағатты құрайды.

IEA сондай-ақ бастауыш мектеп оқушыларының оқу дағдыларын дамытудағы ең озық білім беру бағдарламалары және халықаралық тәжірибе туралы бірегей ақпаратты қамтитын «PIRLS халықаралық зерттеуі» энциклопедиясын ұсынады. Энциклопедия TIMSS & PIRLS халықаралық зерттеу орталығының веб-сайтында қолжетімді: <https://pirls2021.org/encyclopedia/>.

1.1.4. Зерттеу әдістемесі

IEA жүргізетін халықаралық зерттеулер, соның ішінде PIRLS, жүйе деңгейінде оқушы жетістіктерін тиімді және бейтарап бағалауды қамтамасыз ету үшін «Заманауи тестілеу теориясы» (Item Response Theory – IRT), «Жиналмалы пышақ әдісі» (Jackknife Repeated Replication – JRR) және матрицалық іріктеу үлгісі сияқты күрделі статистикалық әдістерді пайдаланады.

PIRLS-2021 бағалау жүйесіне құралнамаларды әзірлеу, аудару, бейімдеу және тексеру; қатысушыларды іріктеу; деректерді жинау және одан әрі өңдеу үшін IEA Гамбургке жіберу; оқушылардың ашық тест сұрақтарына берген жауаптарын кодтау кіреді. COVID-19 пандемиясы әсерінен туындаған қиындықтарға қарамастан, зерттеу барысын мұқият жоспарлау және құжаттау, стандартталған рәсімдерді қолдану және сапаны мұқият бақылау арқылы деректердің сапасы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етуге үлкен күш-жігер жұмсалды.

Ең жаңа әдістемені пайдалану және тест нәтижелерінің болашақ PIRLS циклдерімен салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы екі жаңа тәсіл енгізілді: цифрлық формат және топтық бейімделген дизайн. Топтық бейімделген дизайн әртүрлі елдер арасында бағалаудың күрделілік деңгейлері мен оқушылардың оқу үлгерімі арасындағы жоғары сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл тәсіл неғұрлым күрделі және жеңіл тест буклеттеріне біріктірілген күрделілік деңгейі (күрделі, орташа және жеңіл) әртүрлі мәтіндер мен тапсырмаларға негізделген. Оқу көрсеткіші жоғары елдерде оқушылардың 70%-ы едәуір күрделі буклеттерді орындаса, оқу көрсеткіші төмен елдерде оқушылардың 70%-ы неғұрлым жеңіл буклеттермен жұмыс істеді. Осы арқылы жалпы психометриялық сенімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізілді.

Шкалалау

Әр циклдің нәтижелерін PIRLS тренд шкаласына түрлендіру үшін PIRLS зерттеуінде қалыптасқан және дәлелденген психометриялық масштабтау тәсілі пайдаланылады¹. 2021 жылы цифрлық форматқа көшуге байланысты бұл процедураны қағаз форматтан цифрлық форматқа көшуді есепке алу үшін бейімдеу қажет болды. Сондықтан зерттеуді компьютер арқылы жүргізген елдер шамамен 4 500 оқушыдан тұратын негізгі іріктемені және популяцияны қамту талаптарына жауап беретін шамамен 1 500 оқушыдан тұратын Bridge Booklets қосымша іріктемесін қамтитын іріктеу дизайнын қолданды. Bridge Booklets қосымша іріктемесі үшін қағаз форматындағы PIRLS тренд тапсырмалары ұсынылды. Сонымен қатар циклдар мен тестілеу форматтары арасындағы салыстырмалылықты барынша қамтамасыз ету үшін алдыңғы циклдардың 4 тренд тапсырмалары (2 әдеби және 2 ақпараттық) digitalPIRLS компьютерлік форматына қосылды.

Қағаз және цифрлық форматтағы зерттеу нәтижелерін PIRLS тренд шкаласы бойынша ұсыну үшін деректерді шкалалау үш кезеңде жүзеге асырылды:

1. Қағаз форматындағы тест тапсырмаларын әдеттегі бір мезгілде калибрлеу (usual concurrent calibration). Бұл процедура барлық PIRLS-2016 деректерін, сондай-ақ қағаз PIRLS-2021 және Bridge Booklets деректерін қамтиды.

2. DigitalPIRLS және Bridge Booklets популяциясының эквиваленттігі болжамына негізделген цифрлық PIRLS-2021 деректерін популяция негізінде байланыстыру (population-based linking).

3. Цифрлық форматтағы деректерді, соның ішінде цифрлық, гибриді және ePIRLS буклет деректерін бір шкалаға біріктіру.

Пандемия салдары екі тестілеу форматында да көрініс тапты. Бұл ретте компьютерлік форматтағы тестілеу онлайн оқыту форматына көшуге байланысты қосымша қиындықтарға ие. Осыған байланысты форматтарды қарапайым сызықтық реттеу екі формат арасында эквивалентті тапсырмалардың көп болуына қарамастан жеткіліксіз болды. Осылайша, PIRLS-2021-де нәтижелерді популяция деңгейінде байланыстыратын жаңа тәсіл қолданылды. Бұл тәсілдің ерекшелігі әртүрлі зерттеу форматтарына қатысқан бірдей популяция топтарының (яғни, digitalPIRLS және Bridge Booklets бір мектепте жүргізілді) репрезентативті іріктемесін пайдалану болып табылады. Бұл цифрлық PIRLS-2021 нәтижелерін PIRLS тренд шкаласында көрсетуге мүмкіндік берді.

Сауалнамалардың кейбір контекстік деректері үшін IRT моделі, атап айтқанда Rasch ішінара сынақ моделі (Rasch partial credit model) негізінде шкалалар қалыптастырылды және одан индекс шығарылды. Олардың көпшілігі Лайкерт шкаласы (мысалы, «толық келісемін», «келісемін», «келіспеймін», «толық келіспеймін») болып табылады және 6 параметрден тұрады. Шкаланың орташа халықаралық мәні 10 балды, ал стандартты ауытқуы 2 балды құрады. Индекс, әдетте, осы шкала бойынша балдар ауқымын үш санатқа бөлді: жоғары көрсеткіштер, төмен көрсеткіштер және қалған аралық көрсеткіштер.

¹ PIRLS тренд шкаласы 2001 жылы барлық қатысушы елдердің көрсеткіштері негізінде құрылды. Елдердің нәтижелерін PIRLS шкаласы бойынша ұсыну бірнеше цикл бойы балдардың өсу немесе төмендеу үрдісін бақылауға мүмкіндік береді.

Құпиялылық саясаты

Іріктеуді қалыптастыру, PIRLS-2021 деректерін жинау және өңдеу кезінде тиісті ұйымдастырушылық-техникалық шаралар арқылы деректердің құпиялылығына үлкен көңіл бөлінді. Деректерді өңдеу және талдау кезінде зерттеу қатысушыларының барлық жеке деректері құпия түрде сақталды. Сауалнаманың анонимділігін сақтау үшін әр респондентке жеке ID тағайындалды.

Барлық елдерде PIRLS-2021 IEA-дың бірыңғай нұсқауларына сәйкес өтті. Деректерді жинаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, мектептердегі тестілеу процесіне ұлттық және халықаралық бақылау жүргізілді.

Ашық тест сұрақтарының жауаптарын арнайы оқытудан өткен кодтаушылар тобы нұсқаулыққа сәйкес тексерді. Қойылған кодтардың сенімділігін қамтамасыз ету үшін жауаптардың бір бөлігі екі рет бағаланды. Кодтаушылар арасындағы сәйкестік IEA тарапынан бақыланды.

1.2. Қазақстан мектептерінің бастауыш сыныптарында оқуды үйрету

Барлық кейінгі білімнің негізі болып табылатын оқу дағдыларын қалыптастыру – Қазақстандағы бастауыш білім берудің маңызды функцияларының бірі. Бұл бөлімде оқу сауаттылығы саласындағы бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарттары және PIRLS-2021 жетекші елдерінің бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытудағы озық тәсілдері сипатталған.

1.2.1. Оқу саласындағы білім берудің мемлекеттік стандарттары

2016-2017 оқу жылынан бастап Қазақстанда жаңартылған мазмұнға негізделген оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына кезең-кезеңімен көшу басталды. Жаңартылған білім беру бағдарламалары оқытудың кіріктірілген тәсіліне, пәнаралық байланысқа және өтпелі тақырыптарға бағытталған нақты оқу мақсаттарын қамтиды. Жаңа стандарттар әлеуметтік және эмоционалдық дағдылардың кең ауқымын қамтиды: функционалдық сауаттылық және білімді шығармашылықпен қолдану, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеушілік қызмет, АКТ сауаттылығы, әртүрлі коммуникациялық әдістерді қолдана білу, топта және өз бетімен жұмыс істеу, мәселелерді шешу, шешім қабылдау және т.б.

Түзетілген оқу бағдарламасы аясында 1-сыныпта оқуға үйрету «Сауат ашу» пәні бойынша, ал 2-4-сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Орыс тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша жүзеге асырылды. Бұл пәндердің мазмұны, ғылыми-танымдық мәтіндермен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, оқушылардың сөздік қорын байытуға, кітап таңдаудағы дербестігін және танымдық белсенділігін дамытуға және т.б. бағытталды. Бастауыш сыныптарда тіл мен әдебиетті оқытудың осындай кіріктірілген тәсілі әртүрлі мәтіндер негізінде жинақталған ақпаратты қорытындылау, өз сезімдері мен ойын жеткізе білу, ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту мақсатында қолданылды.

1.6-кесте. Жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасы мен PIRLS бағалау жүйесін салыстыру

«Қазақ тілі мен әдебиеті» / «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу мақсаттары, 4-сынып	PIRLS бағалау шеңбері	
	Оқу дағдылары	Сипаттамасы
<ul style="list-style-type: none"> ақпаратты табу (мәтін, сөздіктер, схемалар, кесте, карта, диаграмма) 	Нақты түрде берілген ақпаратты табу	<ul style="list-style-type: none"> анық сипатталған ақпаратты табу, бөліп шығару және игеру; схема/диаграммаларды оқу
<ul style="list-style-type: none"> қорытындыларды тұжырымдау мәтіннің басы немесе тақырыбы бойынша оқиғаның дамуын болжау автордың кейіпкерге деген қарым-қатынасын анықтау, өзінің және автордың бағалауын салыстыру 	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау	<ul style="list-style-type: none"> тікелей қорытындыларды тұжырымдау салыстыру, сипаттау және болжау үшін қорытындыларды тұжырымдау
<ul style="list-style-type: none"> мәтінді талдау негізінде тақырып пен негізгі ойды анықтау кейіпкерлердің іс-әрекетін аналогия/қарсы қою арқылы салыстыру, өз пікірін мәтіндегі сөздермен, сөйлемдермен дәлелдеу; кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-құлқын өз өмірлік тәжірибесімен салыстыру; кейіпкерді, тәжірибені сипаттау, шығарма авторының оларды жасау тәсілдерін анықтау мәтіндегі салыстыру, бейнелеу, эпитет, гипербола, метафораны тану және оларды сөйлеу барысында қолдану 	Идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру	<ul style="list-style-type: none"> негізгі ойды анықтау мақсатында идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру мәтіннің жалпы хабарламасын немесе тақырыбын тану мәтіндік ақпаратты салыстыру кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен сезімдерінің себебін сипаттау үшін сюжеттік оқиғаларды байланыстыру және түсіндіру кейбір тілдік ерекшеліктердің мағынасын түсіну (мысалы, метафора, бейне).
<ul style="list-style-type: none"> көп мағыналы сөздерді, фразеологиялық бірліктерді ажырату, олардың белгілі бір контекстегі рөлін түсіну және сөйлеу барысында қолдану 	Мәтін мазмұны мен элементтерін бағалау және сынау	<ul style="list-style-type: none"> әңгімеге белгілі бір элементті қосу мақсатын бағалау
–		<ul style="list-style-type: none"> мәтін тақырыбының сәйкестігін бағалау мәтін тілінің, құрылымының және стилінің оқырманға әсерін бағалау веб-сайттың бұрмалануын бағалау

		• веб-сайттағы ақпараттың сенімділігін бағалау
<ul style="list-style-type: none"> • зерделеп және дауыстап оқу • танысу және қарап өту үшін іштей оқу • ерекшеліктеріне қарай мәтін түрлерін (сипаттау, баяндау, дәлелдеу) және құрылымдық бөліктерін анықтау; • өз көзқарасын (сезімін, эмоциясын, көңіл-күйін) білдіре отырып, мәтінді егжей-тегжейлі, қысқаша, таңдамалы түрде мазмұндау • оқыған мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым, нақтылау мен дәлелдеуді талап ететін, бағалайтын сұрақтар құрастыру; • мәтіннің стильдері мен жанрларын ажырату 	–	–

Дереккөз: 1. PIRLS-2021 бағалау шеңбері / PIRLS-2021 Assessment frameworks

2. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013619>

Зерттеу жүргізу кезінде қолданыста болған 4-сыныпқа арналған оқу бағдарламасының мазмұнын және PIRLS-2021 бағалау жүйесін салыстырмалы талдау көрсеткендей, Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) PIRLS-та бағаланатын оқуды түсінудің негізгі процестерін (ақпаратты табу, тікелей қорытындылар тұжырымдау, ақпаратты түсіндіру және біріктіру, мәтіннің мазмұны мен элементтерін бағалау және сынау) қамтитынын көрсетеді. Дегенмен, ҮОБ-да тәжірибелі оқырмандарға тән кейбір оқу дағдылары, мысалы, мәтін тақырыбының сәйкестігін бағалау, графикалық, көрнекі және интерактивті элементтердің мақсатын түсіну, тілдің, құрылымның және стильдің оқырманға әсерін бағалау және т.б. аз қамтылған.

Сонымен қатар технологияның қарқынды дамуы қазіргі оқырмандардан веб-сайттағы ақпараттың сенімділігін бағалау, мәтіннің бұрмалануын анықтау, берілген контексте ақпараттың пайдалылығын бағалау және т.б. сияқты жаңа ақпараттық дағдыларды талап етеді. Жаңартылған оқыту бағдарламасында тіл және әдебиет пәндері бойынша оқу процесінде АКТ-ны қолданудың (интернет-ресурстарымен жұмыс істеу, презентациялар дайындау және т.б.) маңыздылығы атап өтілгенімен, цифрлық және онлайн оқу дағдылары күтілетін нәтижелер (оқу мақсаттары) түрінде ұсынылмайды.

1- кіріктіріме. Өртүрлі елдердің оқу бағдарламаларының цифрлық оқу дағдыларына көңіл бөлуі

PIRLS 2021 қатысушы елдерінің көпшілігінде тіл/оқу саласындағы оқу бағдарламасында цифрлық оқу стратегияларын пайдалану, интернеттен зерттеуге арналған ақпарат табу,

веб-сайттардағы ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау сияқты цифрлық оқу дағдыларына кем дегенде кейбір көңіл бөлінеді. Мысалы, **Солтүстік Ирландияның** оқу бағдарламасына сәйкес, алдыңғы кезеңдердің оқу жоспарларына негізделген маңызды 2-кезеңде (5 және 7-сыныптар) оқушылар дәстүрлі және цифрлық мәтіндердің кең ауқымымен жұмыс істей білуі, белгілі бір тапсырмаға қатысты ақпаратты іздеу, бағалау және жеткізу үшін дәстүрлі және цифрлық көздерді пайдалануы, БАҚ ақпаратты әртүрлі жолдармен қалай ұсынатынын түсінуі керек.

Англияда цифрлық оқуды үйрету, атап айтқанда, іздеу нәтижелерінің қалай таңдалатынын және реттелгенін түсіну және цифрлық мазмұнды бағалау информатика оқу бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Мектептерге сыныпта технологияны қолдану тәсілдерін таңдау еркіндігі беріледі (мысалы, кейбір мектептер әр оқушыға жеке құрылғы ұсынады, ал оқу бағдарламасы аралас оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады). 2019 жылы білім беру ұйымдарына оқыту мақсатында технологияларды пайдалануға көмектесетін ұлттық стратегия қабылданды.

Ирландияда цифрлық сауаттылық екінші шет тілі, ойындар, пәндік және сыни сауаттылықпен қатар Бастауыш сыныптарға тілді оқыту жоспарындағы (*Primary Language Curriculum*) негізгі тәсілдердің бірі болып табылады. Сауаттылық және есептеу дағдыларын арттырудың ұлттық стратегиясының аясында барлық бастауыш мектептер 2, 4 және 6-сыныптарда ағылшын/ирланд тілінде оқу бойынша стандартталған тест тапсырады. Тестілеу нәтижелері орта білім беретін мектептерге жіберілетін оқушының Білім паспортына енгізіледі.

Дереккөз: PIRLS-2021 энциклопедиясы / PIRLS-2021 Encyclopedia.

Қазіргі уақытта бастауыш сыныптарда оқу «Тіл және әдебиет» білім беру саласы аясында оқытылады. Оған келесі пәндер кіреді: қазақ тілінде оқытатын сыныптарда «Сауат ашу», «Қазақ тілі»; орыс тілінде оқытатын сыныптарда «Орыс тілі»; оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі»; оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Орыс тілі»; «Әдебиеттік оқу»; «Шетел тілі». Оқу дағдылары мен стратегиялары тыңдалым, айтылым және жазылыммен қатар тілдік пәндерді оқытудың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары аталған білім беру саласы бойынша бастауыш сыныпты аяқтағаннан кейін оқытудың күтілетін нәтижелерін тұжырымдайды²:

- білім алушы мәтіндерді белгілі бір оқу түрлері мен стратегияларын қолдана отырып оқиды;
- кейіпкерлердің мінез-құлықтарын талдайды және іс-әрекеттеріне баға береді;
- көркем мәтіндерді көркем емес мәтіндерден ажыратады;
- көркем шығармалардың негізгі идеялары мен композициясын айқындайды;
- көркем туындының жанрын айқындайды, өзінің жауабына/таңдауына негіздеме береді;
- автордың бейнені сомдау үшін қолданған әдеби көркемдеуіш құралдарын айқындайды;
- жазушының өз кейіпкерлеріне қатынасы туралы қорытынды жасайды;

² «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

- шығармалардағы оқиғалар барысын болжайды;
- мәтін түрлерін (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) айқындайды;
- әңгімелерді/өлеңдерді мәнерлеп оқиды;
- өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды;
- көркем әдебиет туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды.

4-сыныпта оқуға үйрету халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті туындыларына, сонымен қатар ғылыми-танымдық сипаттағы шығармаларға (мақалалар, эсселер, естеліктер, өмірбаян, күнделік) негізделеді. Ал PIRLS-та әдеби және ақпараттық мәтіндермен қатар, онлайн оқу дағдыларын бағалау мақсатында арнайы әзірленген имитацияланған веб-сайттар пайдаланылады (1.7-кесте). Мұндай тапсырмалар бүкіл әлем бойынша онлайн ақпаратқа деген сұраныстың артуына байланысты бағалауға енгізілген.

1.7-кесте. PIRLS зерттеуінде және «Әдебиеттік оқу» пәнінде қолданылатын мәтін түрлері

4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша ҮОБ	PIRLS-2021 бағалау шеңбері
<ul style="list-style-type: none"> • халық ауыз әдебиетінің жанрлары: батырлар жырынан үзінділер, аңыздар мен мифтер, шешендік сөздер, ертегілер, мысалдар • ғылыми-танымдық туындылар: мақалалар, очерктер, естеліктер, өмірбаян, күнделіктер • әлем халықтарының балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары: жазушылар мен ақындардың әңгімелері мен өлеңдері, мысалдар, ертегілер 	<ul style="list-style-type: none"> • көркем әдебиет шығармалары: әңгімелер, ертегілер, мысалдардан үзінді • ақпараттық мәтіндер: журналдар мен газеттерден үзінді, өмірбаяндық мақалалар, ақпараттық парақшалар, нұсқаулықтар, дәстүрлі және электрондық хаттар • веб-сайттар

Сонымен қатар, ҮОБ оқушылардың оқу жылдамдығын оқу дағдысының қалыптасу нормаларының бірі ретінде анықтайды, ал PIRLS бағалау назары оқу жылдамдығы мен мәтінді қарапайым түсіну шеңберінен шығып, оқушылардың оқуды жаңа жағдайларда қолдану қабілетін өлшеуге бағытталған.

2-кіріктіріме. Әртүрлі елдерде оқу сабақтарында қолданылатын оқу материалдары
Сингапурдың бастауыш мектептеріндегі «Ағылшын тілін және оқуды үйрену стратегиялары» (*the Strategies for English Language Learning and Reading*) бағдарламасы тілді оқытуда шынайы ортаны қамтамасыз ету мақсатында мектептерге әртүрлі баспа (*газет мақалалары, баспа жарнамалар мен фотосуреттер*) және баспа емес (*интернеттегі мәтіндер, видео және аудио-мәтіндер*) ресурстарды, сондай-ақ әдеби және ақпараттық/функционалды мәтіндерді ұсынады. Бұл бағдарлама оқушылардың ағылшын тілі бойынша іргелі білімі мен оқуға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған.

PIRLS-тың барлық бес циклына қатысқан **Ресейде** оқу сауаттылығын бағалау PIRLS құралнама жинағының ерекшеліктерін ескере отырып, қайта қаралды. PIRLS-те қолданылатын ақпараттық мәтіндердің әртүрлілігі оқыту мазмұнына айтарлықтай әсер етті. Нәтижесінде, әдебиеттік оқу бағдарламасындағы ақпараттық мәтіндерге арналған бөлім айтарлықтай кеңейтілді. «Әдебиеттік оқу» оқулықтарының авторлары ұлдарды

қызықтыратын мәтіндерді таңдауға көбірек көңіл бөле бастады. Бұрын мәтіндердің көп бөлігі қыздарға қызықтырақ болатын (*басты кейіпкерлер – қыздар, әңгімеде қозғалған мәселелер қыздарға неғұрлым таныс және т.б.*).

Англияның оқу бағдарламасы нақты оқу материалдарын пайдалануды міндеттемейді. Мұғалімдер мектеп директорымен және пән үйлестірушілерімен кеңесе отырып, қандай материалдарды қолдану керектігін өздері шешеді. Бұл ретте оқу материалдарын таңдау кезінде оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне байланысты шығармашылықпен және икемділікпен таңдау ұсынылады. Коммерциялық баспалар әзірлеген оқулықтар мен оқу материалдары үкімет тарапынан мақұлдауды талап етпейді. Дегенмен, Білім министрлігі мектептер мен мұғалімдерге саналы таңдау жасауға көмектесу үшін фонетиканы оқытуда пайдаланатын материалдардың тексерілген тізімін ұсынады.

Гонконгта мектеп кітапханалары мен кітапханашы-мұғалімдер оқушылар мен мұғалімдерге ақпаратқа қол жеткізуге көмектесуде маңызды рөл атқарады. Мектеп кітапханаларын басқарудан бөлек, олар оқушылардың бос уақытын және оқу әрекеттерін бақылайды. Оқу мәдениетін насихаттау 2001 жылы қабылданған оқу бағдарламасының негізгі мақсаты болды. Онда «Әр мұғалім – оқу пәнінің мұғалімі» идеясын қолдай отырып, «үйрену үшін оқуға» ерекше көңіл бөлінді. Тіл/оқу бойынша оқу бағдарламасы оқушылардың жалпы дағдылары мен өз бетінше оқу қабілеттерін дамыту үшін тілдік пәндер мен макродеңгейдегі пәнаралық оқытуды біріктіреді. 2017 жылы қабылданған жаңартылған оқу бағдарламасы тіл және басқа пән мұғалімдері арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бағытталды.

Технология саласындағы заманауи жетістіктерді ескере отырып, **Сауд Арабиясының** Білім министрлігі технологияны оқу бағдарламаларына кіріктіруге үлкен көңіл бөлуде. Барлық оқулықтар баспа және электронды нұсқаларда (PDF) ұсынылады. Оқушыларды қызықтыру және олардың әртүрлі оқу мәнеріне сәйкес келу үшін, оқулықтарда тақырыпқа қатысты қосымша ресурстарға (*аудио, видео, суреттер*) қол жеткізуге болатын QR кодтар қоса беріледі.

Дереккөз: PIRLS-2021 энциклопедиясы / PIRLS-2021 Encyclopedia.

Осылайша, жалпы алғанда, Қазақстандағы бастауыш білім беру бағдарламасы оқушылардың шапшаң және мәнерлеп оқу, оқығанын түсіну және бағалау, алынған ақпаратқа өз көзқарасын білдіру дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл оларға барлық мектеп пәндері бойынша білім алуға мүмкіндік беріп, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Бұдан әрі бастауыш білім беруді дамытудың бір бағыты ретінде дәстүрлі оқу тұжырымдамасын цифрлық мәтіндермен байланысты жаңа формалармен біріктіру қажеттілігі туындайды.

1.2.2. Балалардың оқу сауаттылығын дамыту бойынша мемлекеттік бастамалар

Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында қазақстандық оқушылар арасында жоғары оқу мәдениетін қалыптастыру және оқу сауаттылығын дамыту қажеттігін атап өтті: «Баланың оқуға деген қызығушылығы, қоршаған ортаны кітап арқылы тануы мектеп қабырғасында қалыптасу керек. Ал кітапхана оқушының сол ынтасын оятып, оны қызықты кітап әлеміне жетелеуі қажет»³.

³ Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz)

Қазақстанда балалар мен ересектер арасында оқу дағдыларын дамыту саясаты ұлттық деңгейде іске асырылуда. Елімізде 2007 жылдан бастап отандық әдебиетті насихаттау, тарихи, мәдени және рухани мұраны сақтау, жастарды адамгершілікке және отансүйгіштікке тәрбиелеу, ана тіліне құрметпен қарау мақсатында ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясының бастамасымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы өткізіліп келеді.

2020 жылдан бастап оқушыларды балалар әдебиетін тұрақты оқуға, мектеп кітапханаларына жиі баруға тарту, отбасылық оқуды насихаттау мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» арнайы жобасы іске асырылады. Жоба аясында мектеп кітапханашыларын кәсіби даярлау, жыл сайын балаларға арналған көркем әдебиеттерді сатып алу және кітапханаларды цифрландыру жүргізілді. Әсіресе, қазақстандық және шетелдік авторлардың мемлекеттік тілдегі туындыларына қолжетімділікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

2022 жылға қарай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханалары 2 млн данадан астам көркем әдебиетпен толықты; 120 мың данаға жуық балалар әдебиеті басып шығарылды; мектептерде 30 жаңа кітапхана мен 165 оқу залы ашылды; барлық сыныптарда күнделікті сыныптан тыс 20 минуттық оқу енгізілді; мектептерде коворкинг, буккроссинг орталықтары ашылды. Онда әр оқушы өзіне ұнайтын кітапты алып, өз кітабын қалдыра алады. Сонымен қатар балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында бүкіл ел бойынша 3,7 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды⁴. Нәтижесінде, жас оқырмандар саны едәуір артты.

2021 жылды «Балалар мен жасөспірімдер оқуын қолдау жылы» деп жариялау аясында жыл бойы еліміздің барлық кітапханаларында кітап көрмелері мен тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. «30 кітап – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» республикалық акциясы аясында бүкілхалықтық оқуға белгілі қазақстандық авторлардың поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы үздік 30 шығармасы таңдалды.

Сонымен қатар балаларды оқуға баулу үшін «Қадірлі сыйлық» (кітапханаларға ерікті түрде кітаптар ұсыну қайырымдылық акциясы), «Кітапхана – білім ордасы» (білім алушылардың кітапхана қызметкерлерімен кездесулерін ұйымдастыру), «Кітап – білім бұлағы» (Бірыңғай республикалық ата-аналар жиналысын өткізу) және т. б. сияқты жобалар іске асырылуда. Электрондық форматтағы, соның ішінде мобильді құрылғылар арқылы кітаптарды пайдалану, сондай-ақ балаларға әдебиет ағынына жақсырақ бейімделуге көмектесетін жаңа электрондық ресурстарды дамыту ынталандырылуда.

3-кіріктіріме. Өртүрлі елдердің оқу сауаттылығын дамыту бойынша арнайы бастамалары

АҚШ Білім министрлігінің Білім ғылымдары институтында орналасқан *What Works* ақпараттық-үйлестіру орталығы оқу сауаттылығы саласындағы зерттеулерге мета-

⁴ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты (<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=kk>)

аналитикалық шолулар жүргізеді. Шолу нәтижелері нақты тақырыптар бойынша «практикалық нұсқаулықтар» ретінде жарияланады. Бұл нұсқаулықтар кәсіби дамуды құрылымдауға немесе шешім қабылдау процесін басқаруға көмектесетін нақты деректерге негізделген әдістерді қорытындылайды және түсіндіреді.

Штаттың Сауаттылықты жан-жақты дамыту бағдарламасы (*Comprehensive Literacy State Development program*) шеңберінде мектептерде білім беру мен оқытуды жақсартуға бағытталған бағдарламаларды енгізу үшін мектеп округтеріне гранттар бөлінеді. Мысалы, «Сауаттылыққа үйретудің инновациялық тәсілдері» гранттары педагогтарды тарихи себептерден артықшылықтардан айырылған оқушылардың сауаттылығын арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және енгізуге ынталандыру мақсатында бөлінеді.

Сонымен қатар *Reading is Fundamental* сияқты коммерциялық емес ұйымдар сауаттылыққа үйретуге арналған тегін кітаптар мен басқа да ресурстар ұсынады. Министрліктің қаржылық қолдауымен құрылған *ReadingRockets* бастамасы оқуға үйрету және балалар сауаттылығын арттыруды қолдау туралы нақты деректерге негізделген тұжырымдармен бөліседі.

Сингапурдың Білім министрлігі Ұлттық кітапхана кеңесінің белсенді оқырмандар қауымдастығын дамытуға бағытталған *Read@School* және Ұлттық оқу қозғалысы сияқты бастамаларын қолдайды. *Read@School* ойындар, оқығаны туралы әңгімелесу, семинарлар сияқты іс-шаралар арқылы, сондай-ақ *discoverReads* интерактивті онлайн оқу порталы арқылы оқуды насихаттаса, Ұлттық оқу қозғалысы ересектер арасында оқуға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге бағытталған.

Сингапурдың барлық бастауыш мектептерінде оқушылардың оқуын қолдау бағдарламалары жүзеге асырылады. Бірінші сыныптың басында скрининг құралы арқылы ерте сауаттылық дағдылары әлсіз балалар анықталады. Мұндай оқушыларға алғашқы екі жыл ішінде қосымша қолдау көрсетіледі. Екінші сыныптың ортасында жеткілікті нәтижеге қол жеткізе алмаған оқушыларды дислексияға тексереді. Білім министрлігінің мамандары, оның ішінде оқу бойынша мамандар, педагог-психологтар және дислексия бойынша тренерлер осы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін арнайы оқытылған мұғалімдерге қолдау көрсетеді. Сонымен қатар Білім министрлігі Сингапурдың дислексия қауымдастығына дислексиямен ауыратын оқушылардың сауаттылығын қалпына келтіруге арналған гранттар ұсынады.

2015 жылдан бастап **Швецияда** оқушыларды оқуға шабыттандыруға және ынталандыруға бағытталған «Оқу демалысы» атты мектеп демалысы атап өтіледі. 2018 жылы Ұлттық білім агенттігі бұл бастамаға мектептерге, директорларға, мұғалімдерге және мектеп кітапханаларының қызметкерлеріне материалдар әзірлеу және тарату арқылы қолдау көрсетті.

2017 жылдың маусымында **Ресей Федерациясының** үкіметі «Ресей Федерациясындағы балалар мен жасөспірімдердің оқуын қолдау бағдарламасын» қабылдады. 2016 жылы Орыс әдебиеті қоғамының қызметі қайта жанданды, оның негізгі мақсаты жас ұрпақты тәрбиелеуде әдебиет пен орыс тілінің жетекші рөлін сақтау бойынша ғалымдардың, педагогтардың, мәдениет қайраткерлерінің, жалпы жұртшылықтың күш-жігерін шоғырландыру болып табылады. Қоғам балаларға арналған әртүрлі іс-шаралар өткізеді және мұғалімдерге қолдау көрсетеді.

Кейбір елдерде отбасыларға бағытталған оқу бастамалары жүзеге асырылады. Мысалы, **Қытайлық Тайбэйд** кітапханалар демеушілік ететін *Bookstart* және *Reach Out and Read Taiwan* бағдарламалары аясында педиатрлар ата-аналарға балаларға дауыстап оқудың артықшылықтары туралы баяндайды. **Жаңа Зеландиядағы** «Бірге оқимыз» бағдарламасы балалардың оқу үлгерімін жақсарту үшін ата-аналар мен мектептің жұмысын

үйлестіруге бағытталған. Сонымен қатар «Бүкіл **Польша** балалар үшін оқиды» бастамасы ата-аналарды өз балаларына оқуға шақырады.
Дереккөз: PIRLS -2021 энциклопедиясы / PIRLS-2021 Encyclopedia.

2. PIRLS-2021 халықаралық зерттеуі

PIRLS-2021 – бұл халықаралық зерттеудің бесінші циклі. PIRLS-2021-дың алдыңғы циклдардан басты айырмашылығы – ең алдымен, жаңа топтық бейімдеу дизайны бар инновациялық цифрлық форматқа көшу, сондай-ақ COVID-19 пандемиясына байланысты деректер жинаудың ұзаққа созылуы (22 айға дейін). Аталған қиындықтарға қарамастан, қатысушы елдер халықаралық деңгейде салыстырмалы және жоғары сапалы деректерді жинады. Бұл деректер халықаралық салыстыруда оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтап қана қоймай, сондай-ақ олардың 20 жылдық кезеңдегі жетістік тенденцияларын бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар PIRLS-2021 COVID-19 пандемиясы кезінде бүкіл әлем бойынша оқушылардың академиялық үлгерімі мен оқу тәжірибесін зерттеуге арналған бірегей деректер көзін ұсынады. PIRLS-2021 халықаралық есебі мен дерекқоры TIMSS & PIRLS халықаралық зерттеу орталығының сайтында көпшілікке қолжетімді: <https://timssandpirls.bc.edu/>.

2.1. Зерттеу іріктемесі және қатысушылары

2.1.1. Зерттеу іріктемесі

PIRLS халықаралық зерттеуінің мақсатты тобы – бастауыш мектептің төртінші сыныбын аяқтағалы отырған оқушылар. Оқу дағдылары білім алу мен академиялық жетістіктерге жетуде өте маңызды болғандықтан, оларды төменгі сыныптардан бастап дамыту қажет (Slavin және т.б., 1999). PIRLS-тың төртінші сынып оқушыларына назар аударуы кездейсоқ емес – дәл осы жаста оқушылар «оқуды үйренуді» аяқтап, «үйрену үшін оқи» бастайды. Басқаша айтқанда, осы жаста балада өмір бойы тану мен білім алу процесіне қажетті ақпаратты өңдеу, сыни ойлау негіздері қалыптасады. Алайда бағалаудың когнитивті талаптарын ескере отырып, тестілеу кезінде орташа жасы 9,5 жастан төмен бесінші сынып оқушылары да PIRLS-ке қатыса алады.

PIRLS-те бүкіл әлем бойынша оқушылардың үлгерім тенденцияларын нақты және сенімді түрде өлшеуді қамтамасыз ету мақсатында қатаң іріктеу әдістері қолданылады. PIRLS-2021 қатысушыларын іріктеу көп сатылы стратификацияланған кластерлік іріктеу әдісі арқылы жүргізілді:

- 1) мектептер мақсатты сыныпқа қабылданған оқушылар санына пропорционалды ықтималдықпен кездейсоқ іріктелді;
- 2) сыныптар іріктелген мектептегі барлық мақсатты сыныптар тізімінен кездейсоқ таңдалды.

Осылайша, мектептер мен сыныптар «оқушылар кластерін» құрды. Зерттеуге іріктелген сыныптардың барлық оқушылары қатысты.

Іріктеу барысында мектептердің жекелеген топтарын пропорционалды түрде ұсыну, осы арқылы бағалаудың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында стратификация жүргізілді. Стратификация мектептерді ортақ сипаттамалары бар (мысалы, географиялық өңір немесе тілдік топ) жеке страталарға топтастырды. Қазақстанда стратификация айнымалылары ретінде өңір, мектептің орналасқан жері (қала/ауыл) және оқыту тілі (мемлекеттік; орыс; мемлекеттік және орыс)

анықталды. Іріктеменің әр бірлігі әртүрлі популяциялар тобын таныстырды. Мұндай іріктеу дизайны популяция деңгейінде қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

2021 жылы Қазақстан іріктемесі 2016 жылмен салыстырғанда едәуір ұлғайтылды. Зерттеуге еліміздің 17 өңіріндегі 389 жалпы білім беретін мектептерден 5-сыныптың 11 082 оқушысы іріктелді. Статистикалық өлшеу нәтижесінде зерттеу қатысушылары қазақстандық бесінші сынып оқушыларының жалпы санына сәйкес келді, яғни іріктеме бесінші сынып оқушылары жалпы санының 95%-ын қамтыды (қалған 5%-ы – арнайы мектептердің, шағын жинақты мектептердің және өзге ұлттардың тілінде білім беретін мектептердің оқушылары).

PIRLS-2021 қорытындысы бойынша, зерттеуге іріктелген 11 082 оқушының 10 230-ы қатысты. Оның ішінде 7 023 оқушы компьютерлік форматта, 3 207 оқушы қағаз форматында тест тапсырды. Қатысудың орташа коэффициенті 97%-ды құрады. Бұл IEA талаптарына (кемінде 85%) сәйкес келеді.

COVID-19 пандемиясы жағдайында зерттеу жүргізудің күрделілігіне байланысты, кейбір қатысушы елдердің деректері популяцияның мақсатты тобын қамту, қатысу көрсеткіштері және зерттеуден босату үлесі (5%-дан аспайтын) бойынша іріктеме стандарттарына сәйкес келмегенін атап өту қажет. Мысалы, 7 елде (Бразилия, Хорватия, Дания, Гонконг, Жаңа Зеландия, Солтүстік Ирландия, Словакия Республикасы) мектептер мен оқушылардың қатысу үлесіне қойылған талаптарды орындау үшін зерттеуге алмастырушы мектептер қатысса, 4 білім беру жүйесі (АҚШ, Нидерланды, Альберта (Канада) және Квебек (Канада)) қатысудың ең шекті талаптарына қол жеткізе алмады.

2.1.2. Зерттеу қатысушылары

2021 жылы PIRLS зерттеуіне 57 ел және 8 жекелеген өңір қатысты (400 мыңға жуық оқушы, 380 мың ата-ана, 20 мың мұғалім және 13 мың мектеп директоры). Оның ішінде, Қазақстанды қоса алғанда, 45 ел 2016 жылғы циклге қатысса, 18 ел зерттеудің барлық бес цикліне қатысты (оның ішінде Норвегияда әртүрлі сыныптар бағаланды).

COVID-19 пандемиясы кезінде мектептердің жабылуына және қашықтан оқыту форматына көшуіне байланысты зерттеу 2020 жылдың қарашасы мен 2022 жылдың шілдесі аралығында бес уақыт кезеңінде өтті (2.1-кесте). Қазақстанда зерттеу өткізу мерзімі 2021-2022 оқу жылының басына (қыркүйек-қазан) шегерілді. Бұл бастапқыда жоспарланған мерзімнен 6 айға кеш. Осыған байланысты зерттеуге іс жүзінде 5-сынып оқушылары қатысты. Бұл оқушылардың бастапқыда жоспарланған контингентін бағалауға мүмкіндік берді. Қазақстанда PIRLS-2021 негізгі зерттеуі 2021 жылғы 27 қыркүйек пен 28 қазан аралығында өтті.

Кейбір елдердің деректер жинау мерзімін кейінге қалдыруы PIRLS-2021 деректерінің сапасына айтарлықтай әсер етпегенін атап өткен жөн. Алайда бұл тестілеу қатысушылары арасында жас айырмашылығының пайда болуына әкелді. 2021 жылдың екінші жартысында тест тапсырған оқушылар 2021 жылдың бірінші жартысында тест тапсырған оқушыларға қарағанда орта есеппен алты айға үлкен болды. Бұл ретте зерттеуді 6 айдан кейін өткізген кейбір елдерде 2016-2021 жылдар аралығында оқу көрсеткіштерінің өсу тенденциясы басқа елдерге қарағанда айқынырақ болды. Бір сыныптың соңы мен екінші сыныптың басы арасындағы

үлгерім айырмашылығын салыстыратын зерттеулер табысы төмен отбасынан шыққан оқушылардың білімін жоғалтуы мүмкін екенін, ал табысы жоғары отбасынан шыққан оқушылар өздерінің қаржылық және адами ресурстарға қол жеткізудегі артықшылықтарын пайдалану дәрежесіне байланысты пайда көре алатынын көрсетеді. Сонымен қатар күзгі тоқсандағы үлгерімге оқушылардың жазғы демалыс кезінде оқу дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шараларға қаншалықты белсенді қатысқаны да әсер етуі мүмкін. Оқушылардың төртінші сыныптың соңындағы үлгерімі немесе жазда шұғылданған істері туралы ақпараттың болмауына байланысты, зерттеу мерзімін кейінге шегерудің 14 елдегі оқушылардың үлгеріміне қаншалықты әсер еткенін анықтау мүмкін болмады.

2.1-кесте. Өртүрлі елдер мен жеке өңірлерде PIRLS-2021 өткізу кезеңдері

Кезең	Сынып	Оңтүстік жарты шар елдері	Солтүстік жарты шар елдері
Қазан-қараша, 2020	4-сынып	Жаңа Зеландия, Сингапур	-
Наурыз-маусым, 2021	4-сынып	-	Албания, Австрия, Әзірбайжан, Бельгия (Франц.), Бельгия (Фламанд.), Болгария, Қытай Тайбэйі, Кипр, Чехия Республикасы, Дания, Египет, Финляндия, Франция, Италия, Гонконг (АӘА), Мальта, Иордания, Косово, Макао (АӘА), Черногория, Нидерланды, Норвегия, Солтүстік Македония, Оман, Португалия, Ресей Федерациясы, Польша, Словакия Республикасы, Словения, Сербия, Испания, Швеция, Түркия, Өзбекстан, Альберта (Канада), Британдық Колумбия (Канада), Мәскеу (РФ), Ньюфаундленд және Лабрадор (Канада)
Тамыз-желтоқсан, 2021	5-сынып	-	Хорватия, Бахрейн, Венгрия, Грузия, Литва, Қазақстан , Ирландия, Латвия, Катар, Марокко, Солтүстік Ирландия, Сауд Аравиясы, БАӘ, АҚШ, Абу-Даби (БАӘ), Дубай (БАӘ), Квебек (Канада)
Қазан-қараша, 2021	4-сынып	Австралия, Бразилия, ОАР, ОАР (6-сынып)	-
Наурыз-шілде, 2022	4-сынып		Израиль, Англия, Иран Ислам Республикасы

Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021 / PIRLS-2021 International Results in Reading

PIRLS-2021-ге Қазақстанның атынан 14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қалалардағы (Астана, Алматы және Шымкент) 389 мектептен 5-сыныптың 10 230 оқушысы қатысты (2.2-кесте). Олар осы жастағы 300 мыңнан астам оқушыны таныстырды. Сауалнамаға мектеп директорлары (389 адам), 2020-2021 оқу жылында осы оқушыларға сабақ берген бастауыш сынып мұғалімдері (523 адам) және бесінші сынып оқушыларының ата-аналары (10 230 адам) қатысты. Сауалнама IEA Online SurveySystem бағдарламасы арқылы онлайн режимінде жүргізілді.


2.2-кесте. Өңірлер бойынша PIRLS-2021 қатысқан мектептер мен оқушылар саны

	DigitalPIRLS		Bridge Booklets	
	Мектептер саны	Оқушылар саны	Мектептер саны	Оқушылар саны
Барлығы	267	7023	122	3207
Астана қ.	8	287	4	150
Алматы қ.	12	375	4	146
Шымкент қ.	10	345	3	96
Ақмола	16	442	8	197
Ақтөбе	15	405	8	246
Алматы	22	712	8	278
Атырау	16	433	8	211
Шығыс Қазақстан	16	353	8	185
Жамбыл	16	404	8	251
Батыс Қазақстан	16	360	8	148
Қарағанды	16	386	8	204
Қостанай	16	372	8	163
Қызылорда	16	402	8	201
Маңғыстау	16	470	8	210
Павлодар	16	375	8	195
Солтүстік Қазақстан	16	306	8	140
Түркістан	24	596	7	186

Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқоры

267 мектептің 7 023 оқушысы PIRLS халықаралық тестілеуін алғаш рет компьютерлік форматта тапсырды. Сонымен қатар 122 мектептің 3 207 оқушысы тренді өлшеу және ағымдағы цикл нәтижелерін PIRLS-2016 нәтижелерімен салыстыру мақсатында қағаз форматындағы тестілеуге қатысты.

2.1-сурет. Қала-ауыл және оқушылардың гендері бойынша зерттеуге қатысушы бесінші сынып оқушыларының үлесі



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқоры

Мектептің орналасқан жері бөлінісінде зерттеуге қатысушылардың 56%-ы қала мектептерінде, 44%-ы ауыл мектептерінде білім алды. Оқушылардың гендерлік белгісі тұрғысынан ұлдар мен қыздардың үлесі бірдей болды – 50% (2.1-сурет).

3. Қазақстанның PIRLS-2021 нәтижелері

Бұл бөлімде халықаралық салыстырудағы циклдар, күрделілік деңгейлері, оқу мақсаттары мен процестері, зерттеу форматтары, сондай-ақ өңірлер, мектептің орналасқан жері және оқушылардың гендерлік белгісі бөлінісінде Қазақстанның PIRLS-2021 зерттеуіндегі негізгі нәтижелеріне талдау ұсынылған.

Негізгі қорытындылар

- PIRLS-2021 зерттеуінде **Қазақстан (504) PIRLS шкаласының орташа мәніне (500) сәйкес** және Түркия оқушыларына ұқсас (496) нәтижелер көрсетті. Бұл көрсеткіш 19 елдің, соның ішінде Бельгияның Француз қауымдастығы (494), Грузия (494), Әзірбайжан (440) және Өзбекстан (437) оқушыларының нәтижелерінен жоғары.

- **Қазақстанда балалардың жартысы (50-ші процентиль) (509) PIRLS шкаласының орташа мәнінен (500) жоғары нәтиже көрсетеді.** Дегенмен үлгерімі ең жақсы 5% және ең нашар 5% оқушылар арасындағы алшақтық (249) 2016 жылмен (206) салыстырғанда 43 балға өсті.

- **2016 жылғы нәтижелермен салыстырғанда, 2021 жылы қазақстандық оқушылардың PIRLS көрсеткіштері 32 балға төмендеді.** Жалпы, PIRLS-2021 қатысушы елдерінің көбінде оқу сауаттылығының төмендеу үрдісі байқалады: 24 елдің нәтижелері төмендесе, 9 елде – артты, ал 12 елде өзгеріссіз қалды.

- **Қазақстандық оқушылардың негізгі бөлігі күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмаларды орындай алады (39%).** Бұл балалардың үштен бірінен астамы ақпаратты тауып, көрсете алады, қорытынды жасай алады, оқу материалдарындағы әртүрлі мәтіндік және визуалды элементтерді түсіндіре және біріктіре алатынын білдіреді. Жалпы, оқушылардың 91%-ы мәтінді түсінудің ең шекті деңгейінен асты, ал 9%-ы ең төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмады.

- **Қазақстандық оқушылардың әдеби оқу бойынша көрсеткіштері (508) ақпараттық оқу бойынша көрсеткіштерінен (501) асып түсті.** Бұл ретте соңғы бес жылда оқудың аталған екі түрі бойынша үлгерімнің статистикалық мәні бар төмендеуі (тиісінше 19 және 43 балға) байқалады.

- **Қазақстандық оқушылар мәтін мазмұнын түсіндіру, біріктіру және бағалаумен (502) салыстырғанда, ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау (505) кезінде анағұрлым жоғары нәтижелер көрсетеді.** Алғашқысы дағдылардың ілгері санатына жатады. Жалпы, ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау бойынша нәтижелер 2016 жылға қарағанда 24 балға, мәтінді түсіндіру, біріктіру және бағалау бойынша – 40 балға төмендеді.

- **Қазақстандық оқушылар компьютерлік және қағаз форматындағы тестілеуде ұқсас нәтижелер көрсетеді.** Қағаз тестілеу форматының орташа балы (505) цифрлық форматтың орташа балынан (504) статистикалық тұрғыдан ерекшеленбейді. Буклет түрлері бойынша нәтижелердегі айырмашылық та үлкен емес (digitalPIRLS – 504, ePIRLS – 504, гибриді – 502).

- **Қазақстандық балалар ePIRLS тапсырмаларымен жұмыс істеу кезінде елдің орташа көрсеткішімен бірдей нәтижелер көрсетеді (504).** Жалпы, Қазақстанның осы оқу түрі бойынша нәтижелері зерттеуге компьютерлік форматта

қатысқан араб елдерінен жоғары (БАӘ, Катар, Сауд Арабиясы), бірақ барлық қатысушы елдердің орташа мәнінен төмен (528).

- **Өңірлік салыстыруда 3 өңірдің (Түркістан, Атырау және Маңғыстау облыстары) нәтижелері ҚР бойынша орташа мәннен едәуір төмен.** PIRLS-2021 қорытындысы бойынша үздік өңірлер қатарына Батыс Қазақстан (534) Қостанай, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан (532) облыстарының оқушылары кірді. Олардың нәтижелері ҚР орташа мәнінен айтарлықтай жоғары. Ілгері деңгейдегі тапсырмаларды орындаған оқушылардың ең көп үлесі Солтүстік Қазақстан (12%) және Қостанай (11%) облыстарына тиесілі. Өңірлердің ең жоғары (534) және ең төменгі (454) көрсеткіштері арасындағы алшақтық 80 балды құрады.

- **Қазақстандық оқушылардың нәтижелерінде мектептің орналасқан жері және оқушылардың гендері бойынша статистикалық мәні бар айырмашылықтар сақталуда.** Жоғары нәтижелерді қыздар (+17 балл) және қалалық мектеп оқушылары (+21 балл) көрсетеді. 2016 жылмен салыстырғанда, ауылдық және қалалық мектеп оқушылар арасындағы алшақтық 11 балға, қыздар мен ұлдар арасындағы алшақтық 6 балға ұлғайды.

3.1. Халықаралық салыстырудағы нәтижелер

Зерттеу технологиясына сәйкес, PIRLS-та оқушылардың оқу жетістіктері бағалауды дұрыс есепке алу және топ деңгейінде нақты қорытындылар жасау үшін бес ықтимал мәнмен (plausible values) өлшенеді. IEA Деректерді өңдеу орталығы зерттеу нәтижелерін бекітілген халықаралық стандартқа сәйкес, 300-ден 700 балға дейінгі бағалау шегінде есептейді. Орташа халықаралық көрсеткіш стандартты ауытқуы 100 балл болатын 500 балға сәйкес келеді.

Халықаралық салыстырудағы PIRLS-2021 нәтижелері 3.1-кестеде келтірілген. Цифрлық тестілеу нәтижелерін PIRLS тренд шкаласында көрсетуге мүмкіндік беретін шкалалау әдісінің арқасында әртүрлі зерттеу форматының нәтижелерін біріктіріп ұсыну мүмкін болды.

Халықаралық дерекқорды талдауға сәйкес, алғашқы үштікке Сингапур (587 балл), Ирландия (577 балл) және Гонконг (573 балл) кірді. ТМД елдері арасында төртінші орынға жайғасқан Ресейдің төртінші сынып оқушылары жоғары нәтиже көрсетті (567 балл). Әзірбайжан (440), Өзбекстан (437) оқушылары PIRLS орташа мәнінен статистикалық тұрғыда төмен нәтижелер көрсетті⁵. Жалпы алғанда, қатысушы елдердің үштен екі бөлігінің (57 елдің 38-і) оқушылары PIRLS шкаласының орташа мәнінен жоғары көрсеткіштер көрсетті. Ең жоғары (Сингапур) және ең төменгі (Оңтүстік Африка Республикасы) көрсеткіштер арасындағы алшақтық шамамен 300 балға жетеді.

Компьютерлік зерттеу бойынша қазақстандық оқушылардың орташа нәтижесі 504 балды құрады. Бұл PIRLS-2021 қатысушы елдер тізіміндегі 38-орынға сәйкес келеді. Осылайша, қазақстандық оқушылар PIRLS шкаласының орташа мәнімен ұқсас нәтижелер көрсетті. Түркияның орташа балы Қазақстан нәтижесінен және

⁵ Статистикалық мән – эксперимент нәтижесі белгілі бір факторлар арасындағы байланысқа немесе кездейсоқтыққа байланысты екенін анықтау үшін қолданылатын математикалық құрал. Егер нәтиженің статистикалық мәні болса ($p < \alpha = 0,05$), оның кездейсоқ пайда болу ықтималдығы аз болады.

PIRLS шкаласының орташа мәнінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленбейді (496 балл немесе 39-орын).

19 елдің оқушыларының нәтижелері қазақстандық оқушылардың нәтижелерінен төмен болды. Ең төмен көрсеткіштерді ОАР-дың төртінші сынып оқушылары көрсетті (288 балл).

3.1-кесте. PIRLS-2021 халықаралық зерттеуінің нәтижелері

№	Ел	Шкала бойынша орташа балл		
		Балл	Стандарттық қате	Статистикалық мән
1	Сингапур	587	(3,1)	▲
2	Ирландия	577	(2,5)	▲
3	Гонконг (АӘА)	573	(2,7)	▲
4	Ресей Федерациясы	567	(3,6)	▲
5	Солтүстік Ирландия	566	(2,5)	▲
∞ 6	Англия	558	(2,5)	▲
7	Хорватия	557	(2,5)	▲
8	Литва	552	(2,3)	▲
9	Финляндия	549	(2,4)	▲
10	Польша	549	(2,2)	▲
11	Америка Құрама Штаттары	548	(6,8)	▲
12	Қытай Тайбэйі	544	(2,2)	▲
13	Швеция	544	(2,1)	▲
∞ 14	Австралия	540	(2,2)	▲
15	Болгария	540	(3,0)	▲
16	Чехия Республикасы	540	(2,3)	▲
17	Венгрия	539	(3,4)	▲
18	Дания	539	(2,2)	▲
19	Норвегия (5)	539	(2,0)	▲
20	Италия	537	(2,2)	▲
21	Макао (АӘА)	536	(1,3)	▲
22	Австрия	530	(2,2)	▲
23	Словакия Республикасы	529	(2,7)	▲
24	Латвия	528	(2,6)	▲
25	Нидерланды	527	(2,5)	▲
26	Германия	524	(2,1)	▲
27	Жаңа Зеландия	521	(2,3)	▲
28	Испания	521	(2,2)	▲
29	Португалия	520	(2,3)	▲
30	Словения	520	(1,9)	▲
31	Мальта	515	(2,7)	▲

32	Франция	514	(2,5)	▲
33	Сербия	514	(2,8)	▲
34	Албания	513	(3,1)	▲
35	Кипр	511	(2,9)	▲
36	Бельгия (Фламанд.)	511	(2,3)	▲
✕37	Израиль	510	(2,2)	▲
38	Қазақстан	504	(2,7)	
	PIRLS шкаласының орташа мәні	500		
39	Түркия	496	(3,4)	
40	Бельгия (Франц.)	494	(2,7)	▼
41	Грузия	494	(2,6)	▼
42	Черногория	487	(1,6)	▼
43	Катар	485	(3,7)	▼
44	Біріккен Араб Әмірлігі	483	(1,8)	▼
45	Бахрейн	458	(2,9)	▼
46	Сауд Арабиясы	449	(3,6)	▼
47	Солтүстік Македония	442	(5,3)	▼
48	Әзірбайжан	440	(3,6)	▼
49	Өзбекстан	437	(2,9)	▼
50	Оман	429	(3,7)	▼
51	Косово	421	(3,1)	▼
✕52	Бразилия	419	(5,3)	▼
✕53	Иран Ислам Республикасы	413	(4,9)	▼
54	Иордания	381	(5,4)	▼
55	Египет	378	(5,4)	▼
56	Марокко	372	(4,5)	▼
✕57	Оңтүстік Африка Республикасы	288	(4,4)	▼
Бенчмаркинг шеңберіндегі қатысушы өңірлер				
1	Мәскеу, Ресей Федерациясы	598	(2,1)	▲
2	Дубай, БАӘ	552	(1,5)	▲
3	Квебек, Канада	551	(2,7)	▲
4	Альберта, Канада	539	(3,6)	▲
5	Британдық Колумбия, Канада	535	(3,5)	▲
6	Ньюфаундленд және Лабрадор, Канада	523	(3,2)	▲
7	Абу-Даби, БАӘ	440	(3,5)	▼
✕8	Оңтүстік Африка Республикасы (6)	384	(4,5)	▼

Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021 / PIRLS-2021 International Results in Reading

Еркертү: Цифрлық форматтағы елдердің нәтижелері digitalPIRLS және ePIRLS тапсырмаларына негізделген, АҚШ нәтижелері тек Bridge Booklets тапсырмаларына негізделген.

Зерттеу 2021 жылдың екінші жартысында, яғни оқушылар 5-сыныпқа көшкен кезде өткізілген елдер қызғылт түспен көрсетілген.


⌘ – зерттеу бастапқыда жоспарланған мерзімнен бір жылдан кейін (4-сыныптар үшін) өткізілді.

▲ – елдің орташа балы PIRLS шкаласының орташа мәнінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары.

▽ – елдің орташа балы PIRLS шкаласының орташа мәнінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай төмен.

Жалпы алғанда, әртүрлі зерттеу форматтарына қатысқан елдердің нәтижелері айтарлықтай ерекшеленеді. Цифрлық форматта қатысқан елдердің көпшілігі қағаз форматында қатысқан елдерге қарағанда, оқуда неғұрлым жоғары көрсеткішке ие (3.1-сурет).


3.1-сурет. PIRLS-2021 цифрлық және қағаз форматтарының нәтижелері, балл



Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021 / PIRLS-2021 International Results in Reading

Елдердің орташа көрсеткіштерін қарастырған кезде, ел ішіндегі оқушылардың оқу үлгерімі арасындағы айырмашылықтарды ескеру маңызды. Жалпы, барлық елдерде үлгерімі неғұрлым төмен және неғұрлым жоғары оқушылар арасындағы айырмашылық 200 балдан асады. Ең аз алшақтық Гонконгта (216 балл), ең үлкен алшақтық – ОАР-да (430 балл) байқалады.

3.2-сурет. Жетекші елдер мен ТМД елдерінің процентильдер бойынша нәтижелері, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Қазақстандық оқушылардың пайыздық көрсеткіш бойынша нәтижелерін талдау көрсеткендей, балалардың жартысы (50-процентиль) халықаралық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетеді (509 балл). Жалпы, Қазақстандағы 5% үлгерімі ең озат және 5% үлгерімі ең төмен оқушылар арасындағы айырмашылық 249 балды құрады. Олардың нәтижелері арасындағы алшақтық 95-пайыздық көрсеткіштің 16 балға және төменгі пайыздық көрсеткіштің 58 балға төмендеуіне байланысты 2016 жылмен салыстырғанда 43 балға өсті. ТМД елдері арасында, Ресейде бұл айырмашылық 235 балды, Әзірбайжанда 291 балды, Өзбекстанда 267 балды құрады.

3.2. Циклдер бойынша нәтижелер

PIRLS зерттеуі қатысушы елдерге зерттеу нәтижелерін циклдер бойынша салыстыруға және өз елдеріндегі оқушылардың оқу сауаттылығының даму үрдісін бақылауға мүмкіндік береді. Әр цикл сайын PIRLS тапсырмалары жаңартылып, қайта қаралатынына қарамастан, оқу сауаттылығын бағалау шеңберінің құрылымы барлық цикл бойында өзгеріссіз қалады. Бұл оқушы жетістіктерінің үрдісін өлшеуге мүмкіндік береді.


2021 жылы популяция деңгейінде байланыстыруға (population-based linking) негізделген шкалалау әдісін қолдану қатысушы мемлекеттерге ел деңгейінде мектеп оқушыларының оқу сауаттылығының 20 жылдық кезеңдегі даму үрдісін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеуге екінші рет қатысып отырған Қазақстанның нәтижелері екі цикл бойынша салыстырылады.

Жалпы алғанда, PIRLS-2021 қатысушы елдерінде оқу сауаттылығының төмендеу үрдісі байқалады. Бұл COVID-19 пандемиясының әсерінен болуы мүмкін деген тұжырым бар. 2016 және 2021 жылдар аралығында пандемия көптеген елдердің білім беру процесіне айтарлықтай ықпал еткені анық. Дегенмен ықпал ету ауқымы мен оған қарсы атқарылған іс-шаралар елдер ішінде және олардың арасында айтарлықтай ерекшеленеді.

Екі көшбасшы елде (Сингапур мен Ирландия) оқушылардың оқу үлгерімінде 2016 жылға қарағанда 11 балға статистикалық тұрғыдан айтарлықтай өсім байқалады. Жалпы, PIRLS зерттеуінің соңғы екі цикліне қатысқан 45 елдің 9-да (Сингапур, Ирландия, Бахрейн, Марокко, Катар, Египет, Оман, Сауд Арабиясы, БАӘ) оқушы нәтижелерінің статистикалық тұрғыдан айтарлықтай өсімі байқалса, 24 елде – статистикалық тұрғыдан төмендеуі анықталды (оның ішінде Австрия, Қытайлық Тайбэй, Дания, Финляндия, Италия, Нидерланды, Германия, Норвегия, Польша, Швеция, Ресей). Бірқатар елдерде (Австрия, Австралия, Болгария, Өзірбайжан, Қытайлық Тайбэй, Италия, Ресей, Словения, Испания, Швеция, Венгрия, Литва, Латвия) 2011-2016 жылдар аралығында артып келе жатқан немесе тұрақты үрдістер 2021 жылы төмендеу үрдісімен алмасты. Ал 12 елдің нәтижелері статистикалық тұрғыдан өзгеріссіз қалды.

Зерттеуге 2001 жылдан бері қатысып келе жатқан 18 елдің арасында 7 елдің нәтижелері жақсарса, 5 елде төмендеді. Қалған 6 елде оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша орташа үлгерімі 2001 жылғы нәтижелермен салыстырғанда тұрақты болып қалды.

3.3-сурет. 2016 және 2021 жж. PIRLS нәтижелерінің айырмашылығы, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

2021 жылы қазақстандық оқушылар 2016 жылмен салыстырғанда 32 балға төмен нәтижелер көрсетті. Бұл алшақтықтың 95% сенімділікпен статистикалық мәні бар және шамамен бір жылдық білім алуды жоғалтумен тең. Осы орайда, PIRLS-2021 цикліне қатысқан қазақстандық оқушылардың PIRLS-2016 қатысушыларына қарағанда шамамен алты айға үлкен болғанын атап өту қажет. Осындай кенет құлдырау Өзірбайжан (-32), ОАР (-31) және Латвия (-30) оқушыларының нәтижелерінде де байқалады.

3.2-кесте. Зерттеуді 2021 жылдың екінші жартысына шегерген елдердің 2016 және 2021 жж. PIRLS нәтижелері

Елдер	2016		2021		Айырмашылық	
	Балл	Станд. қате	Балл	Станд. қате	Балл	Стат. мән
Ирландия	567	-2,5	577	-2,5	11	▲
Солтүстік Ирландия	565	-2,2	566	-2,5	1	
Литва	548	-2,6	552	-2,3	4	
АҚШ	549	-3,1	548	-6,8	-2	
Венгрия	554	-2,9	539	-3,4	-15	▼
Латвия	558	-1,7	528	-2,6	-30	▼
Қазақстан	536	-2,5	504	-2,7	-32	▼
Грузия	488	-2,8	494	-2,6	6	
Катар	442	-1,8	485	-3,7	42	▲
БАӘ	450	-3,2	483	-1,8	33	▲
Бахрейн	446	-2,3	458	-2,9	12	▲
Сауд Арабиясы	430	-4,2	449	-3,6	18	▲
Марокко	358	-3,9	372	-4,5	15	▲

Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021 / PIRLS-2021 International Results in Reading
Ескерту: нәтижелер елдердің 2021 жылғы нәтижелерінің кему реті бойынша сұрыпталған

3.2-кестеде PIRLS-2021 деректерін жинауды келесі оқу жылының басына, яғни оқушылар 5-сыныпқа көшкен мерзімге шегерген елдердің салыстырмалы нәтижелері ұсынылған. Аталған елдердің нәтижелерін бөлек көрсету оқушы жетістіктерінің үрдісін елдер арасында дәлірек салыстыруға мүмкіндік береді. Деректер 13 елдің 6-ында оқушылар 2016 жылмен салыстырғанда жоғары жетістіктерге жеткенін көрсетеді. Бұл елдердегі жоғары нәтижелер оқушылардың жас мөлшеріндегі артықшылықтарымен ішінара байланысты болуы мүмкін (орташа алғанда 6 айға үлкен).

3.3. Жетістік деңгейлері бойынша нәтижелер

Оқу дағдылары мен стратегиялары тұрғысынан оқушылардың оқудағы жалпы жетістігін анығырақ түсіну үшін PIRLS бағалау шкаласы нәтижелерді оқу сауаттылығының халықаралық стандарттары ретінде айқындалған тест тапсырмаларының күрделілігі деңгейлері (ілгері, жоғары, орташа және төмен) бойынша ұсынады. 3.3-кестеде әр деңгей үшін оқушы іс-әрекеттерінің сипаттамасы берілген. Оның көмегімен оқудың әр мақсаты аясында мәтінді түсіну процестерінің прогресін бағалауға болады. Белгілі бір не одан жоғары деңгейге жеткен оқушылар осы деңгейдің тапсырмаларын түсініп, орындай алады.

Әр деңгейді қалыптастыру барысында, ең алдымен, оқушылардың әр күрделілік деңгейінің тапсырмаларына сәтті жауап беру ықтималдығы анықталды. Одан кейін, төрт деңгейдің әрқайсысына қол жеткізген оқушылардың сәтті орындауы мүмкін тапсырма түрлері талданды. Соңында ұсынылған мәтіндердің күрделілігін ескере отырып, оқушылардың үлгерім көрсеткіштері негізінде оқу дағдылары мен стратегиялары қорытындыланды.

3.3-кесте. Оқу сауаттылығы деңгейлерінің сипаттамасы

Күрделілік деңгейлері	Әдеби мәтіндер	Ақпараттық мәтіндер
<p>Ілгері (625 балл және одан жоғары)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар сюжеттік оқиғалар мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін олардың сезімдерін, себептерін және мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттау үшін байланыстырып, түсіндіре алады. • Олар автордың белгілі бір тілді, құрылымды және стильді таңдауы оқырманға қалай әсер ететінін бағалайды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар тізімнен қажетті ақпаратты анықтап, дәлелдер ұсыну үшін мәтіннің әр бөлігінен және веб-сайттардың арасынан күрделі ақпарат туралы ой түйіндей алады. • Олар логикалық байланыстарды салыстырып түсіндіру және идеяларға шолу жасау үшін мәтіндегі және веб-сайттардағы ақпарат бөліктерін біріктіріп, түсіндіре алады. • Олар мәтіндік, көрнекі және интерактивті элементтердің мақсатын түсіндіру, автордың көзқарасын түсіну және дәлелдер ұсыну үшін олардың мағынасын бағалай алады.
<p>Жоғары (550–624 балл)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар мәтіннің әртүрлі бөлігінде жасырылған маңызды іс-әрекеттер мен элементтерді тауып, айқындай алады. • Оқушылар мәтін оқиғалары, кейіпкердің сезімдері, ниеттері және іс-әрекеттері арасындағы байланысты түсіндіру үшін қорытындылар жасай алады. • Олар кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен сезімдерінің себебін сипаттау үшін сюжеттік оқиғаларды байланыстырып, түсіндіре алады. • Олар кейбір тілдік ерекшеліктердің (мысалы, метфора, бейне) мағынасын түсінеді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар диаграмма, иллюстрация сияқты әртүрлі функцияларға бай мәтін ішінен қажетті ақпаратты тауып, айқындай алады. • Олар салыстыру, сипаттау, болжау, өздерінің пікірін негіздеу және қажетті веб-сайтты таңдау үшін қорытындылар жасай алады. • Олар мәтін идеяларының өзара байланысын негіздеу, оқиғалар тізбегін құру және мінездемені айқындау үшін мәтін бөліктері мен веб-сайттар арасындағы мәтіндік және көрнекі ақпаратты біріктіріп, түсіндіре алады. • Олар автордың ұстанымын негіздеу үшін мәтін мазмұнын бағалай алады; иллюстрация, диаграмма, фотосурет және карталардың мағынаны ашудағы рөлін айқындайды; автор өз көзқарасын жеткізу үшін тілді қалай таңдағанын ажырата алады.

<p>Орташа (475–549 балл)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар айқын түрде берілген оқиғаларды, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен сезімдерін тауып, тани алады. • Оқушылар мәтіндегі оқиғалар мен кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы тікелей қорытындылар жасай алады. • Олар кейіпкер іс-әрекетінің немесе сезімінің себептерін түсіндіре алады, дәлелдерді танып, мысалдар келтіреді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар мәтіндегі анық берілген ақпаратты тауып, тани алады. • Олар сипатталған фактілерді салыстыру, анықтау және түсіндіру мақсатында тікелей қорытындылар жасай алады. • Олар оқиғаның негізгі идеясы мен әрекеттің себептерін және нәтижелерін анықтау үшін ақпаратты түсіндіре және біріктіре алады.
<p>Төмен (400–474 балл)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар анық сипатталған ақпаратты, әрекеттерді немесе идеяларды табуға, бөліп көрсетуге және игеруге қабілетті. • Оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы қарапайым тікелей қорытындылар жасай алады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар нақты көрсетілген ақпаратты тауып, игере алады. • Олар оқиға нәтижелерінің себептері туралы қарапайым тікелей қорытындылар жасай алады.


Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық есебі / PIRLS-2021 International Results in Reading

Осылайша, күрделіліктің ілгері және жоғары деңгейлерінде оқушылардан мәтіннен ақпаратты тауып қана қоймай, сондай-ақ оны ойша өңдеу талап етіледі. Осы деңгейлерге жеткен оқушылар оқу материалдарында кездесетін сан-алуан мәтіндік және визуалдық элементтерді түсіндіріп, біріктіріп, бағалай алуға қабілетті. Орташа деңгейде оқушылар мәтіннен ақпаратты тауып, соның негізінде мәтіннің формасы мен кейбір тілдік ерекшеліктерін қолдана отырып, қорытындылар жасайды. Оқу сауаттылығының деңгейі төмен оқушылар мәтіннен айқын түрде берілген және оңай табуға болатын ақпаратты оқи алады.

DigitalPIRLS зерттеуінде қазақстандық оқушылардың негізгі бөлігі 2016 жылдағыдай күрделіліктің орташа деңгейін (39%) көрсетті. 24% оқушы мәтінді түсінудің жоғары деңгейіне жетті. Осыншама оқушы күрделілігі төмен тапсырмаларды орындай алды. Сонымен қатар 5-сынып оқушыларының 4%-ы ілгері тапсырмаларды орындады. Орташа алғанда, зерттеуге қатысушы барлық елдер бойынша оқушыларының 30%-ы күрделілігі орташа, 27%-ы – күрделілігі жоғары, 9%-ы – күрделілігі ілгері тапсырмаларды орындады.

Ілгері деңгейге жеткен оқушылардың ең жоғары пайызы Сингапурда (35%) анықталса, ең төмен пайызы Солтүстік Македонияда, Өзірбайжанда, Египетте, Мароккода, Иранда, Иорданияда және ОАР-да (1%) байқалады. Өзбекстан мен Косовода ілгері деңгейге жеткен оқушылар кездеспейді. Қатысушы елдердің көпшілігінде (57 елдің 35-і) бұл көрсеткіш 10% және одан төмен болды. Ресейде оқушылардың бестен бір бөлігі күрделіліктің ілгері деңгейіне жетті (21%).


3.4-сурет. Жеке қатысушы елдерде күрделіліктің әр деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық есебі / PIRLS-2021 International Results in Reading
 Ескерту: нәтижелер ілгері деңгейге жеткен оқушылар үлесінің төмендеуі бойынша сұрыпталған

Зерттеу технологиясына сәйкес, төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындаған оқушылардың үлесіне едәуір күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындаған оқушылардың нәтижелері кіреді. Ілгері деңгейге жеткен оқушылар, сәйкесінше, алдыңғы үш деңгейдің тапсырмаларын орындай алады. Компьютерлік тестілеудің нәтижесі бойынша, Қазақстанда оқу сауаттылығының ілгері деңгейіне орташа алғанда оқушылардың 4%-ы, жоғары деңгейіне – 28%-ы, орташа деңгейіне – 67%-ы, төмен деңгейіне – 91%-ы жетті. Барлық оқушылардың ішінде 9% оқушы ең төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмады, яғни олар мәтінді бастауыш мектеп деңгейінде оқып, түсіне алмайды. Салыстырмалы түрде қарағанда, 2016 жылғы зерттеуде ең шекті деңгейге жетпеген оқушылардың үлесі 2%-ды құрады.


3.5-сурет. Жеке қатысушы елдерде оқу сауаттылығының шекті деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық есебі / PIRLS-2021 International Results in Reading

Орташа алғанда, барлық қатысушы елдерде оқушылардың 94%-ы мәтінді түсінудің шекті деңгейінен асты. Бұл PIRLS-2021 елдерінің басым бөлігінің оқушылары бастауыш сыныпта жалпыға ортақ базалық сауаттылыққа жақын екенін көрсетеді. Төртінші сыныпты аяқтағалы жатқан 6% оқушы ең төменгі деңгейді көрсете алмады. Гонконг, Ирландия және Хорватияны қоса алғанда, Ресей оқу сауаттылығының минималды деңгейіне қол жеткізген оқушылардың үлесі ең жоғары елдердің қатарында (98%). Өзирбайжанда оқушылардың 33%-ы, ал Өзбекстанда 30%-ы ең төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмады.

3.6-сурет. Көшбасшы елдер мен ТМД елдеріндегі циклдер бойынша күрделіліктің әр деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық есебі / PIRLS-2021 International Results in Reading

Циклдер бойынша талдау көрсеткендей, күрделіліктің неғұрлым жоғары деңгейлеріне жеткен қазақстандық оқушылардың үлесі 2016 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді. Керісінше, күрделіліктің төмен деңгейіне жеткен оқушылардың үлесі 10%-ға артты. Циклдер арасында ілгері деңгей үлесіндегі алшақтық 3 балды құраса, жоғары деңгейде – 11 балл болды. ТМД елдері арасында осындай үрдіс Өзірбайжанда байқалады. Бес цикл бойында тұрақты прогресс көрсеткен Ресейде 2021 жылы неғұрлым жоғары деңгейлерге жеткен оқушылардың үлесінде аздаған төмендеу байқалады. Үш көшбасшы мемлекет (Сингапур, Ирландия, Гонконг) PIRLS-тің соңғы екі циклінде ілгері деңгейдің көрсеткіштерін жақсарта алды. Оның ішінде Сингапурда 2001 жылдан бері тұрақты өсім байқалады.

3.4. Оқу мақсаттары және процестері бойынша нәтижелер

Төрт күрделілік деңгейімен қоса, PIRLS елдердің жалпы көрсеткіштерін егжей-тегжейлі сипаттау үшін оқу мақсаттары мен дағдыларына арналған ішкі шкалаларды пайдаланады. Ішкі шкалаларды талдау нәтижесінде оқушылардың ақпараттық мәтіндермен салыстырғанда әдеби мәтіндерді, сондай-ақ ақпаратты іздеу, қорытынды жасау, түсіндіру, біріктіру және мәтін мазмұнын бағалау бойынша тапсырмаларды орындау кезіндегі күшті және әлсіз жақтары туралы бірегей деректер алынды.

Оқу мақсаттары бойынша нәтижелер


PIRLS-2021 қысқаша әңгімелер мен эпизодтардан тұратын және қосалқы иллюстрациялармен толықтырылған тоғыз әдеби мәтіндерді қамтыды. Мәтіндер бір немесе екі басты кейіпкері, бір немесе екі орталық сюжеті, ортақ тақырыбы немесе үндеуі бар заманауи және дәстүрлі әңгімелерден тұрды. Жалпы, PIRLS мәтіндері оқушыларды әңгімелердегі оқиғалармен, жағдайлармен, әрекеттермен, кейіпкерлермен, атмосферамен, сезімдермен және идеялармен өзара әрекеттесуге ынталандыруды көздейді.

Базалық оқу сауаттылығын дамытқан соң, оқушылар оқу бағдарламасы аясында ақпаратты меңгеру мақсатында оқи бастайды. PIRLS-2021 ақпараттық мәтіндеріне көптеген үздіксіз және үзікті мәтіндер, сонымен бірге диаграммалар, карталар, иллюстрациялар, фотосуреттер немесе кестелер сияқты презентациялық элементтер кірді. Мәтіндердің мазмұн ауқымы ғылыми, биографиялық, этнографиялық және тарихи ақпаратты қамтыды. Мәтіндер логикаға, дәлелдемеге, хронологияға және тақырыпқа сәйкес құрылымдалды. PIRLS-2021 ақпараттық тапсырмаларына сондай-ақ күрделілігі орташа және жоғары бес ePIRLS тапсырмалары кірді. Әрбір тапсырма ғылыми және тарихи тақырып бойынша мектеп жобасы ретінде құрастырылды. Интерактивті мұғалім жобаны орындау барысында оқушыларға сұрақ қойып, басқарды. Мәтінге қосымша ретінде көрнекі ақпараттың сан-алуан түрлері, сонымен бірге анимация, гиперсілтеме, қойынды, қалқымалы терезе секілді көптеген навигациялық функциялар берілді.

Қазақстандық оқушылар ақпараттық мәтінмен (501 балл) салыстырғанда, әдеби мәтінмен (508 балл) жұмыс жасағанда үздік көрсеткіштер көрсетті. Бұл

бастауыш білім беру бағдарламасының және әдеби шығармалары басым мектептің кітапхана қорының ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін. Әдеби мәтіннің пайдасына нәтижелердегі статистикалық тұрғыдан мәні бар артықшылық АҚШ-та (18 балға) Грузияда (15 балға), Хорватияда (14 балға), Солтүстік Ирландияда (11 балға), Ирландия мен Данияда (10 балға) байқалады. Макао, Гонконг, Қытайлық Тайбэй сияқты Азия елдерінде ақпараттық оқу бойынша орташа балл әдеби оқу бойынша нәтижелерден сәйкесінше 22, 18 және 16 балға артық. Өзбекстан мен Әзірбайжанда ақпараттық және әдеби оқу арасындағы айырмашылық соңғысының пайдасына айтарлықтай үлкен емес (2-ден 4 балға дейін).

3.7-сурет. Жеке қатысушы елдердің әдеби және ақпараттық мәтін бойынша балдары арасындағы айырмашылық, балл




Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық есебі / PIRLS-2021 International Results in Reading

57 қатысушы елдің 18-де әдеби оқу бойынша көрсеткіштер елдің орташа балынан едәуір жоғары. Бұл елдердің қатарына Австралия, Сингапур, Болгария, Израиль, Германия, Дания, Ирландия, Солтүстік Ирландия, АҚШ, Грузия, Хорватия және т.б. жатады. Әдеби оқу бойынша қазақстандық бесінші сынып оқушыларының нәтижелері ҚР бойынша орташа мәннен 5 балға артық.

10 елдің оқушылары (Макао, Гонконг, Қытайлық Тайбэй, Египет, БАӘ, Оман, Иордания, Косово, Түркия, Норвегия) ақпараттық тапсырмалар бойынша елдің орташа көрсеткішімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары балл жинады. Бұл әдеби тапсырмалар бойынша көрсеткіштен екі есе төмен. Қазақстанның 5-сынып оқушылары ақпараттық мәтінмен жұмыс істеуде елдің орташа нәтижесімен салыстырғанда 3 балға төмен көрсеткіш көрсетті. Бұл статистикалық тұрғыдан мәні бар айырмашылық болып саналады.

3.8-сурет. Жеке қатысушы елдердің әдеби оқу бойынша 2016 және 2021 жж. балдарындағы айырмашылық, балл




Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021

Ескерту: Ішкі шкалалар PIRLS тест тапсырмаларының жартысына ғана негізделгендіктен, трендті өлшеуде біршама тұрақсыз.

2021 жылы қазақстандық оқушылардың әдеби оқу бойынша көрсеткіштері ақпараттық оқу бойынша көрсеткіштерінен жоғары болғандығына қарамастан, соңғы бес жыл ішінде оқудың аталған түрі бойынша статистикалық мәні бар төмендеу байқалады. Мұндай үрдіс Ресей, Финляндия, Польша, Қытайлық Тайбэй, Швеция, Венгрия, Норвегия, Италия, Әзірбайжан сияқты қатысушы елдердің көпшілігінде байқалады.

3.9-сурет. Жеке қатысушы елдердің ақпараттық оқу бойынша 2016 және 2021 жж. балдарындағы айырмашылық, балл



Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021

Ескерту: Ішкі шкалалар PIRLS тест тапсырмаларының жартысына ғана негізделгендіктен, трендті өлшеуде біршама тұрақсыз.

Ақпараттық мәтін бойынша қазақстандық оқушылардың нәтижелерінде 2016 жылғы 544 балдан 2021 жылғы 501 балға дейін күрт құлдырау байқалады. Бұл PIRLS-2021 қатысушы елдері арасындағы ең үлкен алшақтық (-43) болып табылады. Циклдер арасында ең үлкен алшақтық тіркелген елдердің қатарына Әзірбайжан (-38), ОАР (-35) және Латвия (-32) кіреді. Жалпы, соңғы екі PIRLS цикліне қатысқан 45 елдің жартысынан көбінде (27-сінде) нәтижелердің белгілі бір дәрежеде төмендеуі байқалады. Тек бірқатар көшбасшы елдер (Сингапур, Ирландия, Гонконг) мен араб елдерінде оқудың аталған түрі бойынша жағымды үрдіс байқалады. Грузияда 2016 жылғы көрсеткішпен салыстырғандағы өсім 6 балды құрады. Мальта (+63), Египет(+50), Катар (+36) нәтижелері 2016 жылмен салыстырғанда ең үлкен секіріс жасады.

Қала мектептерінің оқушылары өздерінің ауылдық құрдастарына қарағанда статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары нәтижелер көрсетті. Қала мектептерінің оқушылары ақпараттық оқу бойынша 23 балға, ал әдеби оқу бойынша 20 балға озды.

Оқу процесі бойынша нәтижелер


PIRLS-2021 қорытындылары бойынша халықаралық есеп түсіну процестерін екі ішкі шкала бойынша ұсынады:

- Ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау (50%)
- Мазмұнды түсіндіру, біріктіру және бағалау (50%)

Әрбір ішкі шкала төрт оқу дағдыларының екеуін біріктіріп, барлық тапсырмалар үлесінің жартысын құрайды.

PIRLS-2021 деректерін талдау көрсеткендей, қазақстандық бесінші сынып оқушыларының неғұрлым тікелей және неғұрлым интеграциялық оқу дағдылары арасындағы айырмашылық аса үлкен емес, алайда оның статистикалық мәні бар. Қазақстандық мектеп оқушыларының ақпаратты табу және қорытындылар тұжырымдау бойынша орташа нәтижесі 505 балды, ал мәтінді түсіндіру мен біріктіру бойынша – 502 балды құрады. PIRLS-2016 нәтижелері, керісінше, оқушыларда ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау (529 балл) дағдыларымен салыстырғанда мәтіндік хабарламаның бөліктерін түсіндіру және біріктіру (542 балл) дағдылары жақсырақ дамығанын көрсетеді.

3.10-сурет. Жеке қатысушы елдердің оқу дағдылары бойынша балдары арасындағы айырмашылық, балл




Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық есебі / PIRLS-2021 International Results in Reading

Қазақстандық оқушылар мәтінді түсінуде және біріктіруде елдің орташа көрсеткішіне қатысты төмен көрсеткіштер көрсетті (-2). Осыған ұқсас алшақтық Германияда, Иранда, Австрияда, Қытайлық Тайбэйде және Түркияда байқалады. Өзбекстан мен Өзірбайжанда елдің орташа балына қатысты алшақтық сәйкесінше -7 және -10 балды құрады. Жалпы алғанда, 57 қатысушы елдің 17-нің аталған оқу процесі бойынша балдары елдің жалпы орташа көрсеткішінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай төмен болды.

Үздік бестікке кіретін Сингапур, Ирландия, Солтүстік Ирландия оқушылары арасында неғұрлым интеграциялық дағдылар басым. Ресейдің 4- сынып оқушылары қорытындыларды тұжырымдау және мәтінді түсіндіру бойынша 2016 жылдағыдай бірдей көрсеткіштер (әрқайсысы 568 балл) көрсетті. Грузияда мәтінді түсіндіру және біріктіру бойынша балдар ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау бойынша балдардан (+11), сонымен қатар елдің орташа балынан (+6) статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар жалпы елдің орташа көрсеткішінен жоғары нәтижелерді АҚШ, Австралия, Хорватия, Латвия, Польша, Англия, Сербия, Албания, Оман және Бахрейн оқушылары көрсетті.

3.11-сурет. Жекелеген қатысушы елдердің ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау бойынша 2016 және 2021 жж. балдарындағы айырмашылық, балл




Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021

Ескерту: Ішкі шкалалар PIRLS тест тапсырмаларының жартысына ғана негізделгендіктен, трендті өлшеуде біршама тұрақсыз.

2021 жылы көптеген елдердің ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау бойынша нәтижелері 2016 жылға қарағанда төмендеді. Оның ішінде, айтарлықтай құлдырау Өзірбайжанда (-31), Қазақстанда (-24), Финляндияда (-22) және Норвегияда (-21) байқалады. Ресейде, Польшада, Қытайлық Тайбэйде және Швецияда оқудың аталған процесі бойынша нәтижелер 10 балға төмендеді. Тек 12 ел ғана 2021 жылы өз көрсеткіштерін жақсартты. Олардың қатарында үш көшбасшы елдер, көптеген араб елдері, сонымен бірге Мальта, Литва мен Грузия бар.

3.12-сурет. Жекелеген қатысушы елдердің мазмұнды түсіндіру, біріктіру және бағалау бойынша 2016 мен 2021 жж. балдары арасындағы айырмашылық, балл



Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021

Ескерту: Ішкі шкалалар PIRLS тест тапсырмаларының жартысына ғана негізделгендіктен, трендті өлшеуде біршама тұрақсыз.

Мәтінді түсіндіру және біріктіру бойынша да көптеген елдердің нәтижелері 2016 жылмен салыстырғанда төмендегенін байқауға болады. Бұл бағыт бойынша ең үлкен төмендеу Қазақстанда (-40) тіркелді. Ресейдің мектеп оқушылары үшін төмендеу ауқымы 14 балды, Әзірбайжан үшін 34 балды құрады. Сондай-ақ Финляндияда (-13), Польшада (-18), Қытайлық Тайбэйде (-16), Венгрияда (-16), Норвегияда (-20) нәтижелердің статистикалық мәні бар кемуі байқалады. Ал 14 елдің мектеп оқушылары мәтін мазмұнын түсіндіру, біріктіру және бағалау қабілеті бойынша нәтижелерін 3-тен (Литва) 62-балға (Мальта) дейін жақсартты.

Мектептің орналасқан жері бойынша, ауыл оқушылары қалалық құрдастарынан екі түсіну процесі бойынша орта есеппен 20 балға аз балл жинады.

3.5. Зерттеу форматы бойынша нәтижелер

DigitalPIRLS және Bridge Booklets

2021 жылы цифрлық форматқа көшкен елдер іріктемесінің үштен бір бөлігі Bridge Booklets қағаз тестілеуіне де қатысты. Bridge Booklets іріктемесі digitalPIRLS іріктемесіне қарағанда анағұрлым кішірек болғанымен, жиналған деректер цифрлық форматтың деректері сияқты сапалы болып танылды.

Bridge Booklets-ке қатысқан 26 білім беру жүйесінің ішінде Мәскеу қаласының оқушылары ең жоғары нәтиже көрсетті (608). Сонымен бірге көшбасшы елдер үштігіне Сингапур (582) мен Ресей Федерациясы (575) кірді. Қазақстандық 5-сынып оқушылары 505 балл жинап, қатысушылар тізімінде 21-орынды иеленді. Бұл нәтиже 9 қатысушы елдің нәтижесі тәрізді жалпы халықаралық орташа көрсеткіштен (524) статистикалық тұрғыдан айтарлықтай төмен (3.4-кесте). Қазақстанда Bridge Booklets қатысушыларының саны барлық елдер арасында ең көп болғанын атап өткен жөн.

3.4-кесте. Bridge Booklets қатысушы елдерінің нәтижелері

№	Ел	Оқушылар саны	Шкала бойынша орташа балл		
			Балл	Станд. қате	Стат. мән
1	Мәскеу (Ресей Федерациясы)	1695	608	(3,7)	▲
2	Сингапур	1988	582	(4,8)	▲
3	Ресей Федерациясы	2187	575	(4,6)	▲
4	Қытайлық Тайбэй	1669	559	(3,2)	▲
5	Хорватия	1226	553	(4,8)	▲
6	Чехия Республикасы	1906	545	(3,2)	▲
7	Италия	1979	545	(3,4)	▲
8	Финляндия	2069	544	(4,4)	▲
9	Литва	1519	542	(4,2)	▲
10	Венгрия	1697	542	(5,1)	▲
11	Дания	1403	539	(3,6)	▲
12	Швеция	1863	536	(4,3)	▲
13	Германия	1343	532	(3,6)	
14	Португалия	2098	531	(3,4)	

	Орташа мән		524	(1,0)	
15	Словакия Республикасы	1640	527	(5,7)	
16	Норвегия (5)	1673	523	(3,6)	
17	Словения	1414	520	(3,6)	▼
18	Жаңа Зеландия	2221	517	(4,3)	▼
19	Испания	1572	513	(3,9)	▼
20	Израиль	1780	509	(4,1)	▼
21	Қазақстан	3207	505	(3,9)	▼
22	Бельгия (Фламанд.)	1623	503	(3,6)	▼
23	Мальта	835	499	(7,9)	▼
24	Катар	1343	482	(7,8)	▼
25	Біріккен Араб Әмірлігі	1990	468	(9,2)	▼
26	Сауд Арабиясы	1872	417	(8,6)	▼

Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқоры

Ескерту: Зерттеу 2021 жылдың екінші жартысында, яғни оқушылар 5-сыныпқа көшкен кезде өткізілген елдер қызғылт түспен көрсетілген.

▲ – елдің орташа балы халықаралық орташа көрсеткіштен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары.

▼ – елдің орташа балы халықаралық орташа көрсеткіштен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай төмен.


Литва, Норвегия, Сауд Арабиясының оқушылары Bridge Booklets-пен салыстырғанда, компьютерлік тестілеуде айтарлықтай жоғары нәтижелер көрсетті. Bridge Booklets нәтижелері digitalPIRLS нәтижелерінен тек 3 елде статистикалық тұрғыдан жоғары болды (Қытайлық Тайбэй, Италия, Португалия). Қазақстанда Bridge Booklets бойынша оқушылардың орташа балы (505) digitalPIRLS бойынша жалпы балынан (504) статистикалық тұрғыдан (95% сенімділікпен) өзгешеленбейді. Қазақстандық балалар алғаш рет көптеген көрнекі ақпарат пен навигациялық функциялары бар үйреншікті емес цифрлық ортада тест тапсырғанына қарамастан, компьютерлік тестілеуде де, қағаз форматында да ұқсас нәтижелер көрсетті.

Зерттеу форматтары арасындағы осындай ұқсастықты жетістік деңгейлері бойынша да байқауға болады. Bridge Booklets деректері бойынша қазақстандық оқушылардың 4%-ы ілгері деңгейге жетті. Оқушылардың 24%-ы оқу сауаттылығының жоғары, 40%-ы – орташа, 22%-ы – төмен деңгейін көрсетті. Бұл digitalPIRLS нәтижелеріне ұқсас (тиісінше 4%, 24%, 39% және 24%).

DigitalPIRLS және ePIRLS

2021 жылы қазақстандық оқушылар алғаш рет стандартты мәтіндерден бөлек, 5 интерактивті ePIRLS тапсырмасын қамтитын компьютерлік тест тапсырды. DigitalPIRLS және ePIRLS нәтижелері ортақ PIRLS шкаласына біріктірілді (ақпараттық ішкі доменіне). Бұл цифрлық форматтың нәтижелерін жалпылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар зерттеу барысында жиналған деректер digitalPIRLS және ePIRLS нәтижелері арасында кейбір салыстырулар жүргізуге мүмкіндік береді.

3.13-сурет. Оқу мақсаттары мен процестері бойынша буклет түрлері арасындағы нәтижелер айырмашылығы, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

3.13-суретте көрсетілгендей, жалпы алғанда, буклет түрлері (digitalPIRLS, ePIRLS және гибриді буклеттер) арасындағы нәтижелер айтарлықтай ерекшеленбейді. Қазақстандық оқушылар гибриді буклет тапсырмаларын орындауда digitalPIRLS және ePIRLS буклеттеріне қарағанда 2 балға аз нәтиже көрсетті, бірақ бұл айырмашылықтың статистикалық мәні жоқ. Сонымен қатар ePIRLS буклеттерінің пайдасына әдеби оқу бойынша 1 балға және ақпараттық оқу бойынша 3 балға болмашы айырмашылық байқалады. Оқу процестері контекстінде де әртүрлі буклет тапсырмаларын орындаған оқушылардың балдары 95% сенімділік деңгейінде ұқсас болып келеді.

Жалпы, қазақстандық мектеп оқушыларының ePIRLS тапсырмаларымен жұмыс істеу нәтижелері компьютерлік форматқа қатысқан араб елдеріндегі (БАӘ, Катар, Сауд Арабиясы) құрдастарынан жоғары. Оқудың аталған түрі бойынша Сингапур, Ресей, Финляндия және Хорватия көш бастап тұр. Олардың көресткіштері 550 балдан асады.

3.14-сурет. ePIRLS қатысушы елдерінің нәтижелері, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

3.5. Өңірлер бойынша нәтижелер

PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау қазақстандық мектеп оқушыларының өңірлер бойынша нәтижелерін анықтауға мүмкіндік берді.

Өңірлік салыстыруда цифрлық PIRLS бойынша 17 өңірдің 4-уі ҚР орташа көрсеткішінен жоғары нәтижелер көрсетті. Батыс Қазақстан облысының бесінші сынып оқушылары ең жоғары балл (534) жинады. Қостанай, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан (532) облыстарының нәтижелері статистикалық тұрғыдан ҚР орташа мәнінен 30 балға асып түсті. Бұл нәтижелерді Шығыс Қазақстан облысының және Алматы, Шымкент, Астана қалаларының нәтижелерімен салыстыруға келеді (3.5-кесте). Ең төмен көрсеткіштер Түркістан (486), Атырау (477) және Маңғыстау (454) облыстарында байқалады.

Жалпы алғанда, облыстар мен ел бойынша орташа балдың арасында болмашы айырмашылық бар. Дегенмен, ең жоғары (534) және ең төменгі (454) өңірлер арасындағы алшақтық айтарлықтай үлкен (80 балл).

3.5-кесте. Өңірлер бойынша PIRLS-2021 нәтижелері

№	Өңір	Орташа балл		Орташа балы салыстырылып отырған өңірдің нәтижесінен статистикалық тұрғыдан өзгешеленбейтін өңірлер
		Балл	Станд. қате	
1	Батыс Қазақстан облысы	534 ▲	(3,7)	Алматы қ, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Астана қ, Жамбыл

2	Қостанай облысы	532 ▲	(5,9)	Алматы қ, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Астана қ, Шымкент қ, Батыс Қазақстан, Жамбыл
3	Жамбыл облысы	532 ▲	(7,6)	Алматы қ, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Астана қ, Шымкент қ, Батыс Қазақстан
4	Солтүстік Қазақстан облысы	532 ▲	(9,04)	Ақтөбе, Алматы қ, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Астана қ, Батыс Қазақстан, Шымкент қ, Жамбыл
5	Түркістан облысы	486 ▼	(7,3)	Ақмола, Алматы, Атырау, Астана қ, Павлодар, Шымкент қ.
6	Атырау облысы	477 ▼	(12,5)	Ақмола, Алматы, Маңғыстау, Астана қ, Павлодар, Шымкент қ, Түркістан
7	Маңғыстау облысы	454 ▼	(9,1)	Атырау

Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: ▲ – өңірдің орташа балы елдің орташа көрсеткішінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары

▼ – өңірдің орташа балы елдің орташа көрсеткішінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай төмен.

3.6-кесте өңірдің орташа нәтижесін басқа өңірлердің әрқайсысының орташа нәтижесімен салыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Батыс Қазақстан облысының орташа көрсеткіші 11 облысқа қарағанда жоғары ($p < \alpha = 0,05$ деңгейінде мәні бар). Маңғыстау облысының орташа балы Атырау облысынан басқа зерттеуге қатысқан барлық өңірлермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. 15 облыстың нәтижелері Астана қаласының нәтижесінен өзгешеленбейді.

3.6-кесте. Өңірлер көрсеткіштері арасындағы статистикалық айырмашылық

Өңір	Орташа балл																		
		Астана қ.	Алматы қ.	Шымкент қ.	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Ш-Қазақстан	Жамбыл	Б-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	С-Қазақстан	Түркістан	
Астана қ.	506																		
Алматы қ.	521				▲		▲								▲				▲
Шымкент қ.	499														▲				
Ақмола	490		▼							▼	▼	▼	▼		▲		▼		
Ақтөбе	510						▲		▼	▼		▼		▲				▲	
Алматы	499								▼	▼		▼		▲			▼		
Атырау	477		▼			▼		▼	▼	▼	▼	▼	▼				▼		
Ш-Қазақстан	512						▲			▼				▲					▲
Жамбыл	532				▲	▲	▲	▲				▲		▲	▲	▲			▲
Б-Қазақстан	534			▲	▲	▲	▲	▲	▲			▲		▲	▲	▲			▲
Қарағанды	511				▲			▲		▼	▼		▼	▲					▲
Қостанай	532				▲	▲	▲	▲				▲		▲	▲	▲			▲
Қызылорда	505							▲		▼	▼		▼	▲			▼		▲
Маңғыстау	454	▼	▼	▼	▼	▼	▼		▼	▼	▼	▼	▼	▼		▼	▼	▼	▼
Павлодар	500									▼	▼		▼		▲		▼		
С-Қазақстан	532				▲		▲	▲						▲	▲	▲			▲
Түркістан	486		▼			▼			▼	▼	▼	▼	▼	▲			▼		


Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: ▲ – өңірдің орташа балы салыстырылып отырған өңірдің орташа көрсеткішінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары.

▼ – өңірдің орташа балы салыстырылып отырған өңірдің орташа көрсеткішінен статистикалық тұрғыдан айтарлықтай төмен.

Тест тапсырмаларының күрделілік деңгейлері бойынша өңірлер нәтижесі қазақстандық мектеп оқушыларының көбіне орташа деңгейлі тапсырмаларды орындайтынын көрсетеді. Барлық өңірде ең төмен деңгейдің тапсырмаларын орындай алмаған оқушылар кездеседі. Оның үстіне, кейбір өңірлерде бұл үлес айтарлықтай жоғары (Маңғыстау облысында – 26%, Атырау облысында – 17%). Ал күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындай алған мектеп оқушыларының үлесі өте аз. Қызылорда облысында оқу сауаттылығының деңгейі ілгері оқушылардың үлесі ең төмен (1%). Ілгері деңгейдегі тапсырмаларды орындаған оқушылардың ең көп үлесі Қостанай (11%) және Солтүстік Қазақстан облыстарына (12%) тән. Олардың үлесі республикалық орташа көрсеткіштен (4%) статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары. Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының оқушылары күрделілігі жоғары тапсырмаларды ең жақсы орындады (әрқайсысы – 36%).

3.15-сурет. Күрделілік деңгейлері бойынша өңірлер нәтижелері, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер ілгері деңгейге жеткен оқушылар үлесінің кему реті бойынша сұрыпталған


3.6. Оқушылардың гендері және мектептің орналасқан жері бойынша нәтижелер

Оқушылардың гендері

Оқушылардың гендері бойынша PIRLS-2021 қатысушы елдерінің барлығында қыздар 18 балдық артықшылықпен ұлдардан алда. Бұл қыздар арасында оқуға деген оң көзқарастың жоғары көрсеткішіне байланысты болуы мүмкін. 57 елдің 51-уінде бұл алшақтықтың статистикалық тұрғыдан мәні бар

(мысалы, Гонконгте +8, Ирландияда +11, Сингапурде +18 балл). Бахрейнде бұл айырмашылық 40 балдан, ал ОАР-да 50 балдан асады. Тек алты қатысушы елде болмашы гендерлік алшақтық байқалады. Олардың қатарына Мальта (+6), АҚШ (+7), Иран (+17) кіреді. Испания, Чехия және Израильде бұл алшақтық 5 балдан аспайды.

3.16-сурет. Оқушылардың гендерлік белгісі бойынша нәтижелеріндегі айырмашылық, балл




Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер қыздар мен ұлдар арасындағы айырмашылықтың кему реті бойынша сұрыпталған

Соңғы екі циклдің деректерін талдау көрсеткендей, көптеген елдерде гендерлік айырмашылық салыстырмалы түрде тұрақты болып қалды. Кейбір елдерде (Австралия, Чехия, Иран, Египет, Оман, Англия, Норвегия, Финляндия, Израиль және Испания) төмендеу үрдісі байқалса, Австрия, Португалия, Қытайлық Тайбэй, Франция, Германия, Макао, Грузия, Латвия және Қазақстанда бұл алшақтықтың артқанын байқауға болады.

3.17-сурет. Циклдер мен күрделілік деңгейлері бойынша оқушылардың гендері тұрғысынан нәтижелері



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау


Қазақстанда ұлдар (495) мен қыздардың (512) нәтижелері арасындағы айырмашылық соңғысының пайдасына 17 балды құрады (3.17-сурет). Салыстырмалы түрде қарағанда, 2016 жылы қыздардың орташа нәтижесі ұлдарға қарағанда 11 балға жоғары болды. 2021 жылы оқу үлгерімінің төмендеуі қыздар үшін де (30 балға), ұлдар үшін де (36 балға) статистикалық тұрғыдан маңызды болды.

Қыздар мен ұлдардың бірдей үлесі (4%) оқу сауаттылығының ілгері деңгейін көрсетті. Басқа деңгейлерде қыздар ұлдардан асып түсті. Сауаттылықтың ең шекті деңгейіне жеткен ұлдар мен қыздар нәтижелеріндегі айырмашылық соңғысының пайдасына 6 балды құрады.

Мектептің орналасқан жері

Қазақстанда қалалық оқушылар компьютерлік тестілеу бойынша ауылдық құрдастарынан 21 балға алда. 2016 жылғы циклмен салыстырғанда бұл алшақтық 11 балға ұлғайды. Нәтижелердің ең үлкен төмендеуі қала оқушыларымен (-27) салыстырғанда, ауыл оқушыларының арасында (-38) байқалады. Ауыл оқушыларының нәтижелері республикалық көрсеткіштен статистикалық тұрғыдан 12 балға төмен болды. Ал қала мектептерінің оқушылары жалпы елдің орташа көрсеткішіне статистикалық тұрғыдан ұқсас нәтиже көрсетті.

3.18-сурет. Мектептің орналасқан жеріне байланысты жетістік деңгейлері бойынша оқушылардың нәтижелері, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Күрделілік деңгейлері бойынша да ауылдық мектеп оқушыларының артта қалуы байқалады. Атап айтқанда, қала мектептерінде оқитын оқушылар ауыл мектептерінде оқитын оқушыларға қарағанда, ілгері (+4), жоғары (+11) және орташа (+9) деңгейлерде жақсырақ нәтижелер көрсетеді. Шекті деңгейден асқан ауыл оқушыларының үлесі қала оқушыларының үлесінен 3%-ға төмен болды.

4. Оқушылардың оқу сауаттылығына әсер ететін факторлар

Оқудағы жетістіктер немесе қиындықтар белгілі бір факторларға байланысты болуы мүмкін. Оқушылардың оқу жетістіктерін анықтайтын факторларды түсіну әртүрлі шешімдер қабылдау үшін өте маңызды.

PIRLS-2021 зерттеуіне қатысқан оқушылардың, олардың ата-аналарының, мұғалімдерінің және мектеп директорларының сауалнама деректеріне сүйене отырып, IEA консорциумы оқу үлгеріміне әсер ететін, жеке және контекстік факторларды түсінуге мүмкіндік беретін индекстер мен психометриялық шкалалар әзірледі.

Бұл бөлімде қазақстандық оқушылардың нәтижелеріне сауалнамалардың контекстік деректерімен өзара байланыста талдау жасалады. Талдау үшін IEA IDB Analyzer бағдарламасы қолданылды. Ол PIRLS-2021 зерттеуінің іріктемесі мен тестілеуінің күрделі дизайнын ескереді, сонымен қатар бес ықтимал мәннің әрқайсысы үшін талдау кейінгі нәтижелерді орташалайды. Халықаралық орташа мән 57 елдің деректеріне негізделген және жекелеген аймақтардың деректерін қамтымайды. Мұғалімдер мен мектеп директорларының статистикалық деректері оқушылар деңгейінде талданып ұсынылады.

Негізгі қорытындылар

- **Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары қазақстандық оқушылардың нәтижелері (532) әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен құрдастарынан (482) статистикалық тұрғыдан жоғары.** Бұл айырмашылық (50 балл) PIRLS-2021 қатысушы елдері бойынша орташа көрсеткіштен (86 балл) айтарлықтай төмен. Алайда қазақстандық қатысушылар арасында ӘЭЖ деңгейі орташа (71%) оқушылар басым екенін атап өткен жөн. Олардың нәтижелері көшбасшы елдердің ӘЭЖ төмен оқушыларының көрсеткіштерінен төмен болды.

- **Қазақстандық ата-аналар балаларын ерте жастан оқуға үйретуге жоғары мән береді.** Балаларының оқу дағдыларын ерте жастан дамытуға белсенді қатысатын ата-аналардың үлесі (66%) бойынша Қазақстан алдыңғы орында. Мұндай ата-аналардың балалары (510) ата-аналары оқу сауаттылығын дамытумен кейде айналысқан балаларға (496) қарағанда 14 балға жоғары көрсеткіштер көрсетеді.

- **Балалардың оқудағы жетістіктері олардың мектепке дейінгі дайындығының ұзақтығына байланысты.** Балабақшаға 3 жыл бойы барған оқушылар оқуда ең жақсы көрсеткіштерге ие (513). Жалпы алғанда, 3 жастан асқан балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарға бару оқушылардың нәтижелеріне оң ықпал етеді (+13 балл).

- **Отбасылық факторлардың ішінде оқу сауаттылығы деңгейінің маңызды предикторларының бірі – үйде қолданатын тіл.** Жоғары нәтижелерді үйде бірнеше тілде, бірақ көбіне оқыту тілінде сөйлейтін оқушылар көрсетеді (514).

- **Ата-аналардың кітап оқуға деген оң көзқарасы балаларының оқу үлгерімімен тікелей байланысты.** Ата-аналары кітап оқуды «өте ұнататынын» атап өткен балалар (527) оқуды «ұнатпайтын» ата-аналардың балаларына (493) қарағанда, салыстырмалы түрде жоғары балл жинады. Алайда, Қазақстанда оқуды «өте ұнататын» ата-аналардың үлесі (17%) халықаралық көрсеткіштен шамамен екі есе төмен (31%) және төмендеу (9%-ға) үрдісіне ие.

- **Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары балалар шоғырланған мектептер (78%) басым.** Бұл мектептердің оқушылары (509) көбіне ӘЭЖ деңгейі орташа отбасынан шыққан балалар оқитын мектеп оқушыларымен (481) салыстырғанда, жақсы нәтижелер көрсетеді.

- **Қазақстанда ресурстар тапшылығы оқу процесіне «қатты әсер ететін» мектептердің үлесі (17%) әлем бойынша орташа деңгейден (8%) екі есе көп.** Директорлары өз мектептерінде кітапхана ресурстары мен ІТ мамандары жеткілікті екенін атап өткен мектеп оқушылары олармен аз жабдықталған мектеп оқушыларына қарағанда жоғары нәтижелер көрсетеді.

- **Қазақстандық оқушылардың төрттен үш бөлігі сабақ барысында компьютерлерге, ноутбуктерге немесе планшеттерге қол жеткізе алады (76%).** Оқушылар үшін ең қолжетімді цифрлық құрылғылар сынып кейде қолдана алатын мектеп компьютерлері, ноутбуктер мен планшеттер болып табылады (67%). Жартысынан көп жағдайларда мектеп әр оқушыға цифрлық құрылғы ұсынады (59%), бірақ бұл олардың үлгеріміне теріс ықпал етті.

- **Мектептегі тәртіп пен оқушылардың оқудағы жетістіктері арасында өзара байланыс бар.** Қазақстанда бастауыш сынып оқушылары арасында тәртіп пен қауіпсіздіктің ең кең тараған мәселесі балағат сөздерді қолдану, сабақтан қалу, сынып тәртібін бұзу және көшіру (әрқайсысы 16%) болып табылады. Тәртіп бұзушылықтардың соңғы екі түрі оқушылардың оқу үлгерімімен айтарлықтай байланысты.

- **Буллинг – оқу үлгерімімен байланысты маңызды факторлардың бірі.** Қазақстанда әрбір алтыншы 5-сынып оқушысы (15%) аптасына кемінде бір рет буллингке ұшырайды. Олардың арасында көбіне мазақ ету (33%), ойынға әдейі қоспау (32%), қауесет тарату (27%) сияқты буллинг түрлері таралған. Оқушылардың буллингке ұшырауы олардың академиялық үлгеріміне, сабаққа қатысуына және өздерін мектептің бір бөлігі ретінде сезінуіне кері әсерін тигізеді.

- **Оқыту әдістемесі оқу дағдыларының деңгейімен тікелей байланысты.** Қазақстандық мұғалімдер оқушылардан мәтіннен ақпарат табуды (94%) және мәтіннің негізгі идеясын анықтауды (93%) күнде немесе күнде дерлік сұрайды, ал онлайн ақпаратты оқуға байланысты тапсырмаларды сирек береді (30%-дан астам). Жалпылау және қорытындыларды тұжырымдау, автордың көзқарасын анықтау, оқыған мәтіннің стилін немесе құрылымын бағалау, сайттағы ақпараттың сенімділігін бағалау сияқты әдістерді жиі қолдану оқу көрсеткіштерінің жақсаруына айтарлықтай үлес қосады.

- **Қазақстандағы бастауыш сынып мұғалімдерінің көпшілігі (87%) бакалавр дәрежесіне ие,** бұл қатысушы елдер арасындағы жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Магистр дәрежесі бар мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі тек 3%-ды құрайды. Алайда, оқу бойынша нәтижелердің бұл көрсеткішке қатты тәуелділігі байқалмайды.

- **Мұғалімдердің еңбек өтілі оқу дағдыларын меңгеру деңгейінің маңызды предикторы болып табылады.** Мұғалім ретіндегі жұмыс өтілі бір бірлікке артқан сайын оқушылардың үлгерімі 1 балға өседі. Жалпы, Қазақстанның бастауыш сыныптарында педагогикалық өтілі 5 жылдан жоғары мұғалімдер басым (93%).

- **Мұғалімдердің жасы мен оқу сауаттылығының деңгейі арасындағы байланыстың статистикалық мәні бар.** 60 жастан асқан мұғалімдер жұмыс істейтін мектеп оқушыларының нәтижелері (546) жас мұғалімдерде білім алатын оқушылардың нәтижелерінен (498) асып түседі. Алайда, екінші жағынан, қазақстандық мектептерде 30 жасқа дейінгі мұғалімдердің төмен үлесі (7%) болашақта бастауыш мұғалімдердің тапшылығы туралы алаңдаушылық туғызады.

- **Қазақстандық бастауыш сынып мұғалімдерінің 60%-дан астамы кәсіби дамуға мүдделі.** Олардың 80%-дан астамы соңғы екі жыл ішінде оқушылардың оқуын бағалау (86%) және цифрлық сауаттылық (84%) саласындағы кәсіби дамуға қатысты. Жалпы алғанда, 72% оқушылардың мұғалімдері уақыттың тығыздығы олардың кәсіби дамуға қатысуына белгілі бір және үлкен дәрежеде кедергі келтіреді деп санайды.

- **Цифрлық өзіндік тиімділік индексі оқушылардың оқу үлгерімінің маңызды предикторы болып табылады.** Цифрлық сауаттылығы жоғары (мәтінді тере алады, презентациялар, мәтіндік құжаттар мен видеофайлдар дайындай алады, интернеттен ақпарат таба алады және т. б.) оқушылар (514) цифрлық өзіндік тиімділігі төмен (477) құрдастарына қарағанда, жоғары нәтижелер көрсетеді.

- **Қазақстандық оқушылардың көпшілігі компьютерді, планшетті немесе смартфонды пайдалана алады (69%), жақсы тере алады (63%) және интернеттен ақпарат іздей алады (64%).** Осы дағдыларға ие (сәйкесінше, 506, 513 және 513 балл) және ие емес оқушылардың (сәйкесінше, 445, 445 және 450 балл) балдары арасында статистикалық маңызды айырмашылық байқалады.

- **Цифрлық құрылғыларды қолдана отырып, мектеп тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт бойынша нәтижелердің дисперсиясы байқалады.** Мысалы, цифрлық құрылғыларды қолдана отырып, рефераттар мен презентацияларды дайындауға 30 минуттан артық уақыт бөлетін оқушылар (517) бұған 30 минуттан аз уақыт бөлетін немесе мүлдем бөлмейтін сыныптастарымен салыстырғанда (сәйкесінше, 508 және 492 балл), оқуда айтарлықтай жетістікке жетеді.

- **Оқуға деген көзқарас пен оқу сауаттылығының деңгейі арасында оң байланыстың бар екендігі туралы жалпы заңдылық расталмады.** Оқуды «өте ұнатамын» деп жауап берген оқушылар (501) оқуды «ұнатпайтын» оқушыларға (518) қарағанда төмен нәтиже көрсетті. Жалпы алғанда, көптеген PIRLS-2021 қатысушы елдерінде оқуға деген ынтаның төмендеу үрдісі байқалады. Қазақстанда бұндай төмендеу 18%-ды құрады.

- **Оқуды ұнататынын хабарлаған қыздардың үлесі (57%) әдеттегідей ұлдарға (49%) қарағанда жоғары.** Бұл басқа PIRLS-2021 қатысушы елдерінде байқалатын үрдіске ұқсайды.

- **Оқуға деген сенімділік оқушылардың академиялық жетістіктеріне айтарлықтай әсер етеді.** Өз дағдыларына өте сенімді оқушылар (526) өзіне сенімді емес құрдастарынан (465) 61 балға озды. Бұл оқушылардың оқуға деген көзқарасына да оң әсер етеді.

- **Қазақстанда бастауыш сыныптың әрбір төртінші оқушысы күнде немесе күнде дерлік мектепте өзін шаршаңқы (25%) және әрбір үшінші оқушы аш (34%) сезінеді.** Бұл көрсеткіштер 2016 жылмен салыстырғанда тиісінше 8%

және 20%-ға артты. Өзін аш сезіну олардың орташа нәтижелеріне теріс әсер етті. Күнде қарны ашатын мектеп оқушылары (494) ешқашан мұндай сезімді сезінбейтін құрдастарынан (514) 2 төмен нәтиже көрсетті.

- **Сабақтан қалу оқушылардың оқу сауаттылығының төмендеу факторларының бірі болып табылады.** Оқушылар сабақты қаншалықты жиі өткізіп алса, соғұрлым төмен нәтиже көрсетеді. Мектепте аптасына кемінде бір рет болмаған (467) және сабақтан ешқашан қалмаған (519) оқушылардың нәтижелері арасындағы алшақтық 22 балды құрады.

- **Қазақстанда директорлар COVID-19 пандемиясы мектептің қалыпты жұмысына әсер еткенін атап өткен оқушылардың үлесі (64%) әлем бойынша орташа деңгейден (85%) аз.** Алайда, қазақстандық оқушылардың үлгерімінде аталған көрсеткіш бойынша айтарлықтай айырмашылық анықталған жоқ.

- **Мектептердің жабылуы кезінде үйден оқытуды қолдау балалардың оқу үлгерімін едәуір жақсартты.** Қашықтан оқыту кезінде онлайн іс-шаралар ұйымдастырған мектептің оқушылары басқа іс-шараларды (оқу тапсырмаларын беру, баспа оқу материалдарын пайдалану) есепке алғаннан кейін мұндай тапсырмаларды орындамаған құрдастарына қарағанда 18 балға жоғары нәтиже көрсетті.

- **Пандемия үй ресурстарының деңгейі төмен оқушыларға көбірек әсер етті.** PIRLS-2016 және PIRLS-2021 арасындағы нәтижелердің ең үлкен төмендеуі үй ресурстарының деңгейі жоғары (-41 балл) оқушыларға қарағанда, үй ресурстарының деңгейі төмен (-45 балл) оқушылар арасында байқалады.

4.1. Оқушылардың оқу сауаттылығының дамуына үйдегі жағдайдың әсері

4.1.1. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы


Әлеуметтік-экономикалық жағдай (бұдан әрі – ӘЭЖ) оқушылардың үлгерім көрсеткіштеріндегі айырмашылықтарды түсіндіретін ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды өлшеудегі айырмашылықтар мен шектеулерге қарамастан, оның оқушылардың үлгерімімен байланысы көптеген зерттеулер арқылы дәлелденді (Sirin, 2005). Buchmann (2002) пікірінше, әртүрлі отбасылардағы экономикалық, мәдени және әлеуметтік капиталға қолжетімділігіндегі айырмашылықтар, сайып келгенде, балалардың үлгеріміндегі айырмашылықтарға әкеледі. Оқушының әлеуметтік қабілеттері мен тілдік стилі, сондай-ақ оқуға және мұғалімдерге деген көзқарасы оның шығу тегі мен әлеуметтік тобына байланысты өзгеруі мүмкін (Barone, 2006).

Американдық психологиялық қауымдастық әлеуметтік-экономикалық жағдайды «жеке адамның немесе топтың әлеуметтік жағдайы немесе класы» деп анықтайды (APA, 2018). PIRLS-те отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы үйдегі кітаптардың саны (балалар әдебиетін қосқанда), ата-аналардың білім деңгейі және қызметі сияқты жанама айнымалылардың көмегімен анықталады. Осы фактордың оқу нәтижелеріне әсерін анықтау үшін оқушылар ата-аналарға арналған сауалнама сұрақтарының жауаптарына байланысты үш санатқа жіктелді: 1) ӘЭЖ деңгейі жоғары, 2) орташа және 3) төмен.

Бірінші санатқа үйінде 25-тен астам кітабы және 25-тен астам балалар кітабы бар, ата-аналарының кем дегенде біреуінің жоғары білімі мен жұмысы бар (мысалы, ғалым, программист, сәулетші, инженер, денсаулық сақтау маманы, мұғалім, заңгер, полиция қызметкері, әлеуметтанушы, жазушы, суретші, орта техникалық қызметші және т.б.) оқушылар кірді. Үшінші санатқа отбасында 25-тен аз кітап және 25-тен аз балалар кітабы бар, ата-аналарының орта білімнен жоғары білімі жоқ және кәсіби еңбекпен айналыспайтын оқушылар жатты (мысалы, ауыл шаруашылығы немесе балық шаруашылығы, қолөнер саласындағы қызметкер, станок немесе зауыт операторы және т.б.). Екінші санатқа бірінші және үшінші топтарға жатпайтын оқушылар кірді, олардың ӘЭЖ деңгейі орташа деңгейге жатқызылды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстанда 5-сынып оқушыларының үштен екісі (71%) орта ӘЭЖ санатына жатады. Бұл барлық қатысушы елдер арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады (4.1-сурет). PIRLS-2021 зерттеуінде көш бастап тұрған елдердің көбінде ӘЭЖ жоғары оқушылар басым (Ирландияда – 49%, Солтүстік Ирландияда – 47%, Финляндияда – 50%), ал төмен нәтиже көрсеткен елдерде – отбасы жағдайы төмен оқушылар көбірек.

4.1-сурет. Жекелеген елдерде ӘЭЖ жоғары, орта және төмен отбасылардан шыққан оқушылардың үлесі, %



Дереккөз. IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021

Ескерту: нәтижелер ӘЭЖ жоғары оқушылар үлесінің кемуі бойынша сұрыпталған

Қазақстанда оқушының шығу тегі олардың үлгерімінде маңызды рөл ойнайды. ӘЭЖ индексінің 1 мәнге артуы оқушылар үлгерімінің 13 балға өсуіне әкеледі ($\beta=13,3$, $p<0.05^6$). ӘЭЖ жоғары бесінші сынып оқушыларының нәтижелері (532 балл) ӘЭЖ төмен отбасылардан шыққан құрдастарының көрсеткіштерінен (482 балл) статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары болды. Алайда бұл айырмашылық (50 балл) PIRLS-2021 қатысушы елдерінің орташа көрсеткішінен (86

⁶ β – тәуелсіз айнымалы бір бірлікке ұлғайған кезде, тәуелді айнымалының мәні өзгертетін орташа шаманы білдіретін стандартталмаған регрессия коэффициенті.

p – регрессия коэффициентінің маңыздылығын анықтауға мүмкіндік беретін ықтималдық. $P<0.05$ тиісті тәуелсіз айнымалы тәуелді айнымалыға статистикалық маңызды түрде әсер ететінін білдіреді.

балл) айтарлықтай төмен. Ең үлкен алшақтық экономикалық теңсіздік айқын көрінетін елдерде (ОАР – 180, Бразилия – 156, БАӘ – 155) байқалады.

ӘЭЖ орташа қазақстандық оқушылардың нәтижесі (505) халықаралық орташа мән (501) шамасында, бірақ көшбасшы елдердің ӘЭЖ төмен отбасылардан шыққан оқушыларының нәтижелерінен төмен (Сингапур – 515, Ирландия – 520, Гонконг – 545). Ал ӘЭЖ төмен қазақстандық балалардың (482) нәтижелері әлем бойынша орташа көрсеткіштен (457) жоғары және Финляндиядағы осы топтың (490) көрсеткіштеріне ұқсас. Бұл әлеуметтік осал топтардан шыққан оқушыларға бағытталған елімізде іске асырылып жатқан саясаттың тиімділігін көрсетеді.

4.1-кесте. Оқушылардың ӘЭЖ бөлінісінде жекелеген елдердің нәтижелеріндегі айырмашылықтар, балл

Елдер	ӘЭЖ жоғары	ӘЭЖ орташа	ӘЭЖ төмен	Төмен және жоғары ӘЭЖ арасындағы айырмашылық	
Финляндия	571	538	490	81	▲
Ирландия	608	564	520	88	▲
Солтүстік Ирландия	604	560	521	83	▲
Сингапур	624	572	515	110	▲
Польша	576	536	505	71	▲
Гонконг (SAR)	592	572	545	46	▲
Грузия	521	489	451	70	▲
Ресей	596	561	521	74	▲
Халықаралық орташа мән	543	501	457	86	▲
Хорватия	590	555	515	75	▲
Түркия	564	516	454	110	▲
Қазақстан	532	505	482	51	▲
Әзірбайжан	486	452	419	67	▲
Өзбекстан	474	445	421	53	▲
ОАР	445	334	265	180	▲

Дереккөз. IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021


Ескерту: нәтижелер ӘЭЖ жоғары оқушылар нәтижелерінің кемуі бойынша сұрыпталған

PIRLS-2021-де отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы оқушылардың (жеке бөлменің және сапалы интернет байланысының болуы) және ата-аналардың жауаптарын (үйдегі кітаптар саны, білім деңгейі және қызметі) біріктіретін отбасылық білім беру ресурстарының индексімен де өлшенеді. Аталған жауаптар негізінде оқушылар үш санатқа бөлінді: 1) үй ресурстары жоғары отбасылардан шыққан оқушылар, 2) үй ресурстары орташа отбасылардан шыққан оқушылар және 3) үй ресурстары төмен отбасылардан шыққан оқушылар.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанда оқушылардың 97%-ы үйдегі білім беру ресурстарына орташа және жоғары деңгейінде қол жеткізе алады. Оқушылардың тек 3%-ы үйде оқуға арналған ресурстармен аз қамтамасыз етілген (25 кітаптан аз, интернет және жеке бөлмесі жоқ), сонымен қатар олардың ата-аналарында орта білімнен жоғары білімі және кәсіби біліктілігі жоқ. Әлемде орта

есеппен алғанда, балалардың 75%-ы – үйдегі білім беру ресурстарының орташа деңгейіне, 18%-ы – жоғары деңгейге, 7%-ы – төмен деңгейіне ие (4.2-сурет).

4.2-сурет. Отбасының білім беру ресурстары деңгейі бөлінісінде 2016 және 2021 жж. оқушылардың үлесі мен нәтижелері



Дереккөз. IEA халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021

Отбасының білім беру ресурстары бөлінісінде үй ресурстарының деңгейі жоғары және төмен отбасылардан шыққан қазақстандық оқушылар арасында статистикалық мәні бар алшақтық байқалады (61 балл). Алайда, басқа елдерде ең жоғары және төмен деңгейде қамтылған оқушылар арасындағы орташа алшақтық екі есеге жуық (119 балл) жоғары. 2016 жылы елдер бойынша орташа алшақтық Қазақстандағыдан үш есе көп болды. Айта кетерлігі, Қазақстанда ресурстар деңгейі жоғары оқушылардың үлесі PIRLS-2016 және PIRLS-2021 арасында 5%-ға қысқарды. Бұл жалпы нәтижелерге әсер етуі мүмкін.

4.1.2. Балалардың оқу сауаттылығын ерте ашу

Тілдік дағдыларды, атап айтқанда, бірнеше сөздердің мағынасын біріктіру дағдыларын дамыту балалар сөздерді оқуды және тануды үйренуден бұрын басталады. Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлем құру және оны есте сақтау, сөздік қорын пайдалану сияқты тілдік дағдылар қалыптасады. Бұл дағдылар оқыған мәтінді түсінудің бастапқы қабілетін және оның дамуын болжайтын факторлар болып табылады (Hjetland және т.б., 2019). Маңызды зерттеулер, соның ішінде PIRLS нәтижелері оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін ерте жастағы сауат ашу әрекеттерінің маңыздылығын көрсетеді.

PIRLS тұжырымдамасына сәйкес, балалардың сауатын ашудың екі жолы бар: 1) ата-аналардың ерте жаста балаларының сауаттылығын арттыруға қатысуы; 2) мектепке дейінгі ұйымға бару.

Үйде оқушының оқу сауаттылығын ерте дамыту


Үйде балалардың оқу дағдыларын дамытуға жұмсалатын уақыт кейін оқу процесінде оның табысты болуына әсерін тигізеді және бұл әсер ұзаққа сақталады (Levy және т.б., 2006). PIRLS-те «оқушының оқу сауаттылығын ерте дамыту» индексі ата-ананың баласымен мектепке барар алдында сауаттылықты дамыту бойынша

әртүрлі әрекеттерді орындау жиілігін көрсетеді (мысалы, кітап оқу, ән айту, әріптер немесе сөздер жазу, оқығанын талқылау, ойын ойнау және т.б.).

Индекс үш санаттан тұрады: 1) ата-анасымен бірге сауатын ерте дамытумен жиі айналасқан оқушылар (егер ата-аналары орта есеппен тоғыз іс-әрекеттің бесеуін «жиі», ал қалған төртеуін «кейде» орындайтынын хабарласа); 2) ата-анасымен бірге сауатын ерте дамытумен ешқашан немесе ешқашан дерлік айналыспаған оқушылар (егер ата-аналары орта есеппен тоғыз іс-әрекеттің бесеуін «ешқашан немесе ешқашан дерлік» орындамағанын және қалған төртеуін «кейде» орындағанын хабарласа). 3) барлық басқа оқушылар ата-аналары сауатын ерте дамытумен кейде айналысқан оқушылар санатына жатады.

2016 жылғыдай қазақстандық ата-аналар барлық қатысушы елдер арасында ең белсенді болғанын атап өткен жөн. Ата-аналардың 66%-ы балаларының ерте дамуына жиі, 34%-ы кейде қатысқанын атап өтті. Бұл, өз кезегінде, қазақстандық балалардың мектепке дайындығының жоғары көрсеткішін (49%) қамтамасыз етуге мүмкіндік берді (әлемде орташа есеппен – 31%), яғни олар мектепке қабылданғанда әліпбидегі әріптердің басым бөлігін таниды, сөздерді оқи алады және әріптерді жаза біледі. Оқу сауаттылығын ерте дамыту оқушылардың бірінші сыныпқа түскенде осы тапсырмаларды орындай алу қабілетін олардың оқу үлгерімін есепке алғаннан кейін $\beta=,38$, $p<0,05$ деңгейінде болжайды. Дүние жүзі бойынша ата-аналары ерте даму кезеңінде оқу сауаттылығын дамытумен жиі айналысқан балалардың үлесі 42%-ды құрады.

4.3-сурет. Ата-аналардың баланың оқу сауаттылығын ерте дамытумен айналысу жиілігі бөлінісінде 2016 және 2021 жж. оқушылардың үлесі мен нәтижелері



Дереккөз. IEA халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021

Сонымен қатар ата-аналары оқу сауаттылығын ерте дамытумен жиі айналысқан оқушылар (510 балл) мұнымен кейде айналысқан құрдастарымен салыстырғанда (496 балл), оқу сауаттылығы бойынша жоғары көрсеткіштер көрсетеді. Бұл алшақтықтың 95% сенімділікпен статистикалық мәні бар ($t=4.35$, $p<0,05^7$) болып табылады. Барлық қатысушы елдер бойынша бұл көрсеткіш орташа есеппен тиісінше 518 және 495 балды құрады.

⁷ t мәні бақыланатын және күтілетін орташа мәндер арасындағы айырмашылықты стандартты қатеге бөлу арқылы есептеледі. $t>1.96$ айырмашылықтың 95% сенімділікпен статистикалық мәні бар екенін білдіреді.

Мектепке дейінгі ұйымға бару

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларында көбінесе оқу мен санау дағдыларын дамытуға бағытталған оқу жоспарлары болады. Мектепке дейінгі сапалы білім балаларға сауаттылықтың негізгі дағдыларын дамытуға көмектеседі және кейінгі сыныптарда жоғары жетістіктерге жетуіне ықпал етеді (Duncan және т.б., 2013).

Ата-ана сауалнамасының деректеріне сәйкес, қазақстандық оқушылардың 42%-ы 3 жасқа дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарға, 77%-ы 3 жастан асқан балаларға (балабақшаны қоса алғанда) арналған мекемелерге барды. Олардың ішінде, әрбір төртінші оқушы осы мектепке дейінгі ұйымдарға 4 жыл немесе одан да көп (24%) уақыт барса, 26%-ы 3 жыл қатысты. Барлық қатысушы елдер бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына барған балалардың үлесі орта есеппен 49% (3 жасқа дейін) және 88% (3 жастан жоғары) құрады.

2021 жылғы деректер 2016 жылға тән байланысты көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымдарға барған оқушылар оқу сауаттылығы бойынша ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. 3 жастан асқан балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарға барған оқушылар (509) бұндай ұйымдарға бармаған оқушылармен (496) салыстырғанда, статистикалық тұрғыдан жоғары нәтиже көрсетті. Алайда, 3 жасқа дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымға бару факторы бойынша оқушылардың нәтижелері арасында статистикалық мәні бар айырмашылық табылған жоқ.

4.4-сурет. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына бару ұзақтығы бөлінісінде оқушылардың нәтижелері, балл



Дереккөз. IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021

Зерттеу нәтижелері бойынша, оқушылардың мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне бару ұзақтығы мен оқу сауаттылығы арасындағы оң байланыс анықталды. Яғни мектепке дейінгі мекемелерге төрт жылдан астам уақыт қатысқан оқушылар (24%) бір жылдан аз қатысқан оқушылармен (8%) салыстырғанда, статистикалық тұрғыдан 25 балға көп балл жинады. Ең жоғары көрсеткіштерге 3 жыл бойы балабақшаға барған оқушылар жетті. Бұл оқушылар тобының орташа көрсеткіші 513 балды құрады.

Бұл мектепке дейінгі білім беруге инвестициялау балаларға келесі оқу кезеңдерінде артықшылық бере алатынын көрсетеді. Жоғары сапалы мектепке


дейінгі білім беру, әсіресе, әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар оқушылар үшін өте маңызды, өйткені ол кедейлік циклін және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін төмен оқу үлгерімін еңсеруде маңызды рөл атқаруы мүмкін (Duncan және т.б., 2013).

4.1.3. Үйде оқыту тілінде сөйлеу

Оқу сауаттылығын дамыту көбінесе балалардың тілдік дағдыларының қалыптасуымен тығыз байланысты, сондықтан үйдегі қарым-қатынас тілі және оның қалай қолданылатыны оқу сауаттылығының дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Кейбір оқушылар, әсіресе этникалық топтар мен иммигранттардың отбасыларынан шыққандар, көбінесе үйде бір тілде, ал мектепте басқа тілде сөйлейді. Сонымен қатар кейбір ата-аналар көптілділікке басымдық береді және баласының бірнеше тілді үйренуіне үлкен күш салады.

PIRLS-2021 нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық оқушылардың 71%-ы үйде оқыту тілінде сөйлейтінін атап өтті. Бұл халықаралық көрсеткіштен (63%) жоғары. 2016 жылғы деректермен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 7%-ға төмендеді. Үйде оқыту тілін мүлдем қолданбайтын бесінші сынып оқушыларының үлесі 1%-ды құрады. Қатысушы елдер арасында дәл осындай көрсеткіш Португалия, Дания, Чехия, Макао, АҚШ, Франция, Австралия, Литва сияқты елдерде кездеседі. Иранда мұндай балалардың үлесі 10%-дан, Мароккода – 30%-дан асады.

4.5-сурет. Үйде оқыту тілін қолдану дәрежесі бойынша оқушылардың үлесі мен балдары



Дереккөз: IEA халықаралық есебі, PIRLS-2021

Үйде «әрқашан дерлік» оқыту тілінде сөйлейтін балалар Қазақстанда, сондай-ақ орта есеппен басқа қатысушы елдерде, басқа топқа жататын балалармен салыстырғанда, жоғарырақ нәтиже көрсетті. Бұл нәтижелер үйде бірнеше тілде, оның ішінде негізінен оқыту тілінде сөйлейтін балалардың оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізетінін білдіреді.

Регрессиялық талдау нәтижелеріне сәйкес, үйінде оқыту тілінде мүлдем сөйлемейтін оқушылар басқа топтарды есепке алғаннан кейін, оқыту тілінде үнемі сөйлейтін құрдастарына қарағанда 65 балға азырақ нәтиже көрсетеді ($\beta = -65,36$, $p < 0.05$).


4.1.4. Ата-аналардың оқуға деген көзқарасы

Ата-аналардың кітап оқуға деген көзқарасы балалардың оқуға деген ынтасын, сондай-ақ олардың оқу сауаттылығын арттыруға ықпал етуі мүмкін. Stephens M. және басқалар (2015) ата-аналардың оқу әдеттері мен балаларының оқуға деген көзқарасы арасында байланыс бар екенін анықтады. Ересектердің жиі оқығанын немесе оқыған ақпаратын қолданғанын көріп өскен балалар өздерінде осындай мінез-құлық дамытады.

PIRLS «мен кітап оқығанды ұнатамын», «мен бос уақытымда оқығанды ұнатамын», «оқуға көбірек уақыт бөлгім келеді», «кітап оқу – менің хоббиім» және т. б. сияқты сауалнама сұрақтары негізінде ата-аналардың оқуға деген көзқарастарын зерттейді. Сондай-ақ, олардың бос уақытында қаншалықты жиі («күнде немесе күнде дерлік», «аптасына 1 немесе 2 рет», «айына 1 немесе 2 рет», «ешқашан немесе ешқашан дерлік») кітапты қызығып оқитыны зерттеледі.

Кітап оқуды өте жақсы көретін ата-аналар тобына сегіз мәлімдеменің төртеуімен «толық келісетін» және қалған төрт мәлімдемемен «шамалы келісетін» ата-аналар жатады. Олар күн сайын немесе күн сайын дерлік оқиды. Оқуды ұнатпайтын ата-аналар тобына сегіз мәлімдеменің төртеуімен «шамалы келіспейтін» және қалған төрт мәлімдемемен «шамалы келісетін» ата-аналар жатады. Олар кітапты аз оқиды (айына 1 немесе 2 рет). Қалған ата-аналар белгілі бір дәрежеде оқуды ұнататын ата-аналар санатына жатады.

4.6-сурет. Циклдар бөлінісінде ата-аналары оқуды «өте жақсы көретін» оқушылардың үлесі, %



Дереккөз. IEA халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021

Жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстанда ата-анасы кітап оқуды «өте жақсы көретін» оқушылардың үлесі қатысушы елдердің орташа көрсеткішінен екі есе төмен. PIRLS-2016-мен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 9%-ға төмендеді.

Жалпы алғанда, PIRLS-2016 және PIRLS-2021 қатысқан елдердің жартысынан көбінде кітап оқуға өте жақсы қарайтын ата-аналар үлесінің статистикалық мәні бар төмендеуі байқалады: Испания, Бельгия, Словения, Иран,

БАӨ-де -1%-ден бастап Швеция мен Норвегияда -10%-ға дейін. Тек екі елде, атап айтқанда Грузияда (+12%) мен Италияда (+4%) статистикалық мәні бар жоғарылау байқалады.

Бұл ретте PIRLS-2021 деректерін талдау ата-аналары оқуға оң көзқарас танытқан оқушылардың оқу сауаттылығы жоғарырақ болғанын көрсетті. Орташа алғанда, Қазақстанда ата-анасы кітап оқуды «өте жақсы көретін» 17% оқушылардың үлгерімі (527 балл) ата-анасы «белгілі бір дәрежеде» оқуды ұнататын 70% оқушылардың үлгерімінен (501 балл) статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары болды. Өз кезегінде, ата-анасы оқуды «ұнатпайтын» 13% оқушылардың оқу бойынша көрсеткіштері ең төмен болды (493 балл). Бұл нәтижелер баланың оқу мен кітапқа деген көзқарасы ата-анасы мен жақындарынан даритынын меңзейді.

Талдауға сәйкес, ата-аналардың кітап оқуға деген көзқарасы отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты ($r = 0,32^8$). ӨЭЖ-ы төмен оқушылардың ата-аналары арасында кітап оқуды ұнататынындар ӨЭЖ-ы жоғары оқушылардың ата-аналарына қарағанда азырақ. Бұл оқытуды жоспарлау кезінде халықтың осал топтарынан шыққан балаларға ғана емес, олардың отбасыларына да назар аудару қажеттілігін көрсетеді. Мұндай ата-аналар арасында отбасылық орта, олардың оқуға деген көзқарасы балалардың жетістігін анықтаушы фактор деген идеяны мектеп іс-шараларына белсенді тарту арқылы насихаттау маңызды.

4.2. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда мектеп ортасының рөлі

Heupeman S. және Loxley W. (1982) дамушы елдерде оқу үлгерімін анықтауда мектеп факторлары отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарағанда неғұрлым маңыздырақ деп пайымдайды. Бұл факторларға мектеп ресурстарының жалпы деңгейін, оқу ортасын, мектептің әлеуметтік-экономикалық құрамын және т.б. жатқызуға болады. Бұл бөлімде PIRLS-2021 сауалнамасы көмегімен мектеп директорлары және мұғалімдерінен жиналған деректер қарастырылады. Қазақстанда зерттеу бесінші оқу жылының басында өткізілгенімен, қатысушылардың жауаптары алдыңғы оқу жылына, яғни 4-сыныпқа негізделеді.

4.2.1. Мектептің әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Тұрмысы төмен топтардан шыққан оқушылар негізінен әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсы отбасылардан шыққан оқушылар оқитын мектепке барған жағдайда, оқуда айтарлықтай жетістікке жететініне дәлелдер бар.

PIRLS-2021 сауалнамасы аясында мектеп директорларына оқушылардың ӨЭЖ туралы сұраққа жауап беру ұсынылды. Оның негізінде мектептер неғұрлым ауқатты отбасылардан шыққан оқушылардан (25%-дан астамы – ӨЭЖ жоғары отбасылардан шыққан және 25%-ға дейіні – ӨЭЖ төмен отбасылардан шыққан) тұратын, әлеуметтік жағдайы неғұрлым төмен оқушылардан (25%-дан астамы – ӨЭЖ төмен отбасылардан шыққан және 25%-ға дейіні – ӨЭЖ жоғары отбасылардан


⁸ r – екі айнымалының салыстырмалы қозғалыстары арасындағы байланыс күшін есептейтін статистикалық өлшем. Ол екі сандық айнымалының өзара байланысының күші мен бағытын көрсететін [-1, 1] мәндерін қабылдайды.

шыққан) тұратын, және аталған топтардың ешқайсысына жатпайтын оқушылардан тұратын болып сипатталатын айнамалы әзірленді.

Қазақстанда, Литвамен қатар, барлық қатысушы елдер арасындағы ӘӘЖ қолайлы мектепте оқитын оқушылардың ең жоғары үлесі (78%) тіркелгенін атап өткен жөн. Аталған үлес 2016 жылғы деректермен салыстырғанда 8%-ға артты. Директорлардың айтуынша, оқушылардың тек азғантай үлесі (2%) басым көпшілігі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалары баратын мектептерде оқиды. Мұндай балалар Мароккода (86%), ОАР-да (73%), Әзірбайжанда (64%), АҚШ-та (56%), Иорданияда (55%), Бразилияда және Түркияда (50%) ең көп кездеседі.

PIRLS-2021 ұлттық деректер базасын мектептердің аумақтық қатыстылығы тұрғысынан талдау көрсеткендей, қалалық оқушылардың 83%-ы әл-ауқаты жоғары мектептерде оқиды. Ауыл мектептерінде бұл көрсеткіш 11%-ға төмен. Қалалық және ауылдық мектеп оқушыларының сәйкесінше тек 1% және 2%-ы ӘӘЖ төмен мектептерге баратын оқушылар ретінде сипатталады.

4.7-сурет. Циклдар және мектептің орналасқан жері бөлінісінде мектептің ӘӘЖ бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS 2016 және 2021 жж. ұлттық дерекқорын талдау

Қазақстанда әл-ауқатты жоғары отбасылардан шыққан балалар көп шоғырланған мектеп оқушылары неғұрлым жақсы нәтиже көрсетеді. ӘӘЖ-ы жоғары балалардың үлесі басым мектеп оқушылары (509 балл) негізінен ӘӘЖ-ы орташа балалар оқитын мектеп оқушыларына (481 балл) қарағанда, статистикалық

тұрғыдан айтарлықтай жоғары нәтиже көрсетті. Жалпы, мектептегі әл-ауқаты жоғары отбасыдан шыққан оқушылар үлесінің бір көрсеткішке артуы оқу үлгерімінің 16 балға артуына әкеледі.

ӘЭЖ төмен мектептерде оқитын оқушылар (2%) туралы деректердің жеткіліксіз болуына байланысты, бұл топ оқушыларының нәтижелерін талдау мүмкін болмады.


Әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша басымдыққа ие мектеп оқушыларының едәуір жоғары үлгерімін мектеп жағдайының және оқу материалдарының неғұрлым жақсы болуымен, жоғары білікті мұғалімдерді тарту мүмкіншілігінің көп болуымен ішінара түсіндіруге болады.

4.2.2. Мектеп ресурстары

Мектептерде сапалы оқу процесін және қолайлы оқу ортасын қалыптастыру үшін сапалы білім беру ресурстары қажет. Сауалнама жүргізу аясында директорларға мектеп ресурстарының (мысалы, оқу материалдарының, кеңсе заттарының, мектеп ғимараты/аумағының, жылыту/салқындату және жарықтандыру жабдықтарының, интернет байланысының, компьютерлік ресурстардың және т.б.) жеткіліксіздігі немесе сапасының талапқа сай болмауы оқу процесіне қаншалықты әсер ететіндігі туралы сұрақ қойылды. Осы жауаптардың негізінде үш өлшемнен тұратын индекс құрылды: 1) директорлары жоғарыда аталған ресурстардың жетіспеушілігі мектептің оқу процесіне «әсер етпейтінін» атап өткен мектеп оқушылары; 2) директорлары «біршама әсер ететінін» баяндаған мектеп оқушылары; 3) директорлары ресурстардың жетіспеушілігі оқу процесіне «қатты әсер ететінін» атап көрсеткен мектеп оқушылары.

PIRLS-2021 деректерін талдау көрсеткендей, қазақстандық оқушылардың 42%-ы білім беру ресурстарының жетіспеушілігі сезілмейтін немесе оқу процесіне әсер етпейтін мектептерде оқиды. Шамамен осынша оқушы (41%) директорлары жоғарыда аталған ресурстардың оқу процесіне «біршама әсер ететінін» атап өткен мектептерде оқиды. Директорлары ресурстардың жеткіліксіздігі мектептің оқу процесіне тигізетін әсерін «қатты» деп бағалаған оқушылардың үлесі 17%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш халықаралық орташа мәннен (8%) екі есе жоғары.

4.8-сурет. Мектептің орналасқан жері мен құрамы бөлінісінде «Оқу ресурстары жетіспеушілігінің оқу процесіне әсері» индексі бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Қазақстанда қалалық оқушылардың 49%-ы директорлары оқу ресурстарының жетіспеушілігі оқу процесіне әсер етпейді деп есептейтін мектептерде оқиды. Ауыл мектептері үшін бұл көрсеткіш 15%-ға төмен. Дегенмен, қалалық жерлерде де, ауылдық жерлерде де жоғарыда аталған ресурстардың жетіспеушілігі оқу процесіне «қатты әсер ететін» мектептерде білім алатын оқушылардың үлесі бірдей (17%).

Оқу ресурстарының жетіспеушілігі оқу барысына біршама және қатты әсер ететін мектептерге баратын оқушылар әл-ауқаты жоғары мектептерге (59%) қарағанда, әл-ауқаты төмен мектептерде (65%) жиірек кездеседі.

4.9-сурет. Жекелеген мектеп ресурстары жетіспеушілігінің оқу процесіне әсер ету дәрежесі бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер директорлары «мүлдем» жауабын таңдаған мектеп оқушылары үлесінің кемуі бойынша сұрыпталған

Мектеп директорларының индекстің құрамдас сұрақтарына жауаптарын талдау көрсеткендей, қазақстандық оқушылардың 28%-ы мектеп ғимараттары мен алаңдарының жеткіліксіздігі немесе төмен сапасы оқу процесіне айтарлықтай әсер ететін мектептерде оқиды. Шамамен осынша оқушы директорлары сынып бөлмесінің және интернет сапасының жеткіліксіздігі немесе нашарлығы білім беру процесіне айтарлықтай әсер ететінін атап өткен мектептерге барады (27%).

Белгілі бір мектеп ресурстарының жеткіліксіздігі немес сапасыз болуы оқушылардың оқу үлгеріміне әсер ететінін атап өткен жөн. Мысалы, кітапхана ресурстарының жеткіліксіздігінің әсерін сезінбейтін мектеп оқушылары оның жетіспеушілігі оқу процесіне «аз ғана» әсер ететін мектептегі құрдастарына қарағанда 24 балға жоғары нәтиже көрсетті. Сонымен қатар директорлары IT мамандарының жетіспеушілігі оқыту процесіне біршама әсер ететінін атап өткен мектеп оқушыларының үлгерімі (492 балл) мен мұндай мәселе кездеспейтін мектеп оқушыларының үлгерімі (508 балл) арасында статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық бар.

4.2.3. Оқуға арналған ресурстар мен технологиялар

Цифрлық құрылғыларға қолжетімділік барған сайын оқушылардың оқу дағдыларын дамытуда және құзыреттіліктерін кеңейтуде маңызды рөл ойнауда. PIRLS-2021 сауалнамасының аясында мұғалімдер оқу сабақтарында оқушыларға қолжетімді компьютерлер, ноутбуктер немесе планшеттер туралы хабарлады.


Мұғалімдердің жауаптарын талдау көрсеткендей, қазақстандық мектеп оқушыларының орта есеппен төрттен үш бөлігіне дерлік (76%) жоғарыда аталған құрылғылар қолжетімді болды (елдер бойынша орташа – 55%). Дания, Жаңа Зеландия, Норвегия, Нидерланды сияқты елдерде бұл үлес 95%-дан асса, Грузияда – 82%-ды, Өзбекстанда – 68%-ды, Өзірбайжанда – 41%-ды, Ресейде – 39%-ды құрады.

Қазақстан деректерін зерттеу циклдері бойынша салыстыру нәтижесінде 2021 жылғы көрсеткіштердің 2016 жылмен салыстырғанда 27%-ға артқанын көруге болады.

Цифрлық құрылғыларға қолжетімділік сондай-ақ мектептің әр оқушыға цифрлық құрылғы ұсынуы, сыныпта оқушылар бөлісе алатын цифрлық құрылғылардың болуы, оқушылардың өз цифрлық құрылғыларын сыныпқа алып келуі сияқты сұрақтарды қамтиды. Талдау нәтижелеріне сәйкес, Қазақстанда сынып кейде қолдана алатын мектеп компьютерлері, ноутбуктер мен планшеттер ең қолжетімді цифрлық құрылғылар болып табылады (67%). Одан бөлек, 59% оқушының мұғалімдері мектеп әр оқушыға цифрлық құрылғыны ұсынатынын хабарлады. Бұл Мальта, Норвегия және Швециядан басқа көптеген елдердің көрсеткіштерінен жоғары. Мұғалімдердің жауаптарына сәйкес, оқушылардың 28%-ы сыныпқа өздерінің цифрлық құрылғыларын әкеледі.

Цифрлық құрылғыларға қолжетімділік пен оқу жетістіктері арасындағы өзара байланысты талдау көрсеткендей, әр оқушыға цифрлық құрылғы ұсыну олардың үлгерімдеріне едәуір дәрежеде кері әсер етеді. Оқу сабақтарында әр бала цифрлық құрылғымен қамтамасыз етілген мектеп оқушылары мұндай жағдайға ие болмаған оқушыларға қарағанда 18 балға аз нәтиже көрсетті. Бұл тек технологияға қолжетімділікті қамтамасыз етудің жеткіліксіз екенін, оларды оқу процесінде тиімді пайдаланудың неғұрлым маңызды екенін білдіреді.

4.10-сурет. Жекелеген елдердегі цифрлық құрылғыларға қолжетімділік бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер мұғалімдері «Мектеп әр оқушыға цифрлық құрылғы ұсынды» жауабын таңдаған оқушылар үлесінің кемуі бойынша сұрыпталған

PIRLS-2021-ге тән тағы бір ерекшелік мұғалімдердің әртүрлі оқу тапсырмаларын орындау үшін балаларға цифрлық құрылғыларды пайдалануға қаншалықты жиі беретіні туралы деректер болып табылады. Көбінесе (күнде немесе күнде дерлік) оқушылар цифрлық құрылғыларды мәтіндерді жазу және фактілер мен анықтамаларды іздеу кезінде (30%), ең азы (айына 1-2 рет) – зерттеу жобасын орындау кезінде (30%) пайдаланады (4.11-сурет). Сонымен қатар оқушылардың 29%-ның мұғалімдері айына тек 1-2 рет цифрлық құрылғыларды пайдалану арқылы презентация немесе видеоматериал дайындауға беретінін, ал оқушылардың 5%-ның мұғалімдері – ешқашан немесе ешқашан дерлік мұндай тапсырма бермейтінін атап өтті.

4.12-сурет. Оқу барысында цифрлық құрылғыларды пайдалану жиілігі бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Талдау нәтижесінде белгілі бір оқу тапсырмаларын орындау үшін цифрлық құрылғыларды пайдалану жиілігі мен оқушылардың үлгерімі арасында статистикалық тұрғыдан мәні бар байланыс анықталды. Дегенмен, бұл байланыс цифрлық мәтіндерді оқу, әңгімелер немесе басқа да мәтіндерді жазу, фактілер мен анықтамаларды іздеу сияқты параметрлер үшін теріс болып шықты. Мұғалімдері аталған тапсырмаларды ешқашан немесе ешқашан дерлік бермегінін айтқан балалар басқа оқушыларға қарағанда көбірек балл жинады.

4-кіріктіріме. Әртүрлі елдердің оқушыларды цифрлық құрылғылармен қамтамасыз ету саясаты

ЮНЕСКО деректері бойынша, елдердің 15%-да оқушыларға жеке цифрлық құрылғыларды ұсыну бойынша бағдарлама қабылданған. Әрбір бесінші елде (негізінен табысы жоғары елдерде) ноутбук немесе планшет сатып алу үшін ата-аналарға және/немесе оқушыларға субсидия беру саясаты, жоспары немесе стратегиясы бар. Мысалы, **Францияда** «Цифрлық білім беру аумақтары» бағдарламасы 2 700 сыныпты базалық цифрлық жабдықтармен қамтамасыз етеді және әл-ауқаты төмен отбасылардан шыққан 15 000 оқушыға жабдықтарды жалға беруді көздейді.

Табысы орташадан жоғары және жоғары бірқатар елдер әр оқушыға құрылғы ұсыну саясатынан мектепте өз құрылғыларын пайдалануға рұқсат беру саясатына көшуде. Мысалы, **Австралияда** «Цифрлық білім берудегі революция» бағдарламасы 2013 жылы «Өз құрылғыңды әкел» саясатымен алмастырылды. Әр мектеп мұндай құрылғыларды пайдаланудың өзіндік тәртібін белгілейді, мысалы, оларды бастауыш сыныптарда пайдалануға тыйым салуы мүмкін.

Гонконгтың көптеген мектептерінде оқушылар мектепке әкелетін құрылғылардың спецификациялары бар. Бұл тәсіл мектептер мен үкіметтер үшін қаржылық салмақты азайтқанымен, сарапшылардың пікірінше, әл-ауқаты жоғары және төмен оқушылар арасындағы алшақтықты арттыру қаупі бар. Сондай-ақ, мұғалімдер әртүрлі құрылғылармен сыныптағы оқытуды ұйымдастыруда, лицензияларды басқаруда, құпия деректерді

қорғауда және т.б. қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мысалы, **Уэльс** (Ұлыбритания) үкіметі денсаулық сақтау және қауіпсіздік мәселелеріне, мысалы, дисплеймен жабдықтауға, көру уақытына және т. б. қатысты мектепте жеке құрылғысын пайдалану бойынша ұсынымдар әзірледі.

Дереккөз: UNESCO (2023). Global Education Monitoring Report 2023: Technology in education – A tool on whose terms? Paris, UNESCO.

4.2.4. Мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік


Мектептегі тәртіп

Мектептің қауіпсіздігі көптеген елдерде оқушылардың оқу үлгерімінің маңызды алғышарты болып табылады. Оқушылар мен мұғалімдерді құрметтеу, қауіпсіз және ұйымдасқан орта, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасындағы конструктивті өзара байланыс оқушылардың жоғары жетістіктерімен байланысты және мектепте жағымды климат қалыптастыруға ықпал етеді.

PIRLS-2021 зерттеуінде «Мектептегі тәртіп» индексі директорлардың сыныптағы тәртіпсіздік, оқушылардың төбелесуі, көшіруі, сабаққа кешігіп келуі, балағат сөздер айтуы, вандализм және т.б. сияқты әлеуетті тәртіп мәселелеріне қатысты жауаптарын біріктіреді. Директорлардың жауаптары бойынша оқушылар индекстің үш санатына топтастырылды: 1) тәртіп пен қауіпсіздік мәселесі кездеспейтін мектептер; 2) болмашы тәртіп мәселелері бар мектептер; 3) және күрделі тәртіп мәселелері бар мектептер.

Талдауға сәйкес, қазақстандық оқушылардың негізгі үлесі (77%) аталған мәселелер кездеспейтін мектептерде оқиды. 13% оқушылар директорлары күрделі тәртіп пен қауіпсіздік мәселелер барын хабарлаған мектептерде оқиды. Әлемде мұндай балалардың үлесі орта есеппен 9%-ды құрайды.

4.13-сурет. Директорлар оқушылар арасындағы келесі жағдайлар орташа және күрделі мәселе деп есептейтін мектеп оқушылардың үлесі, %




Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер қазақстандық оқушылар үлесінің кемуі бойынша сұрыпталған

Директорлардың индекс сұрақтарының әрқайсысына берген жауаптарын талдауға сәйкес, Қазақстан мектептерінде төртінші сынып оқушыларының арасында ең жиі кездесетін тәртіп пен қауіпсіздік мәселелеріне балағат сөздер қолдану, сабаққа қатыспау, сыныптағы тәртіпті бұзу және көшіру жатады. Директорлары мектептерінде аталған мәселелер орташа және күрделі екендігін атап өткен мектеп оқушыларының үлесі 16%-ды құрайды. Әлем бойынша мектептерде басқа мәселелерге қарағанда, сыныптағы тәртіп мәселесі орта есеппен жиірек кездеседі (19%). Мысалы, Нидерланды, Өзбекстан және Түркияда бұл көрсеткіш Қазақстанға қарағанда екі есе жоғары (33%).

4.14-сурет. Мектептегі тәртіп параметрлері бойынша оқушылардың нәтижелері, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Талдау нәтижесінде мектептегі кейбір тәртіп параметрлері мен оқушылардың оқу үлгерімі арасында статистикалық мәні бар байланыс анықталды. Атап айтқанда, көшіру мәселесі жоқ немесе күрделі емес болып табылатын мектеп оқушылары бұл орташа мәселе ретінде көрсетілген мектептегі құрдастарына қарағанда жоғары нәтижелер көрсетеді. Ал директорлары төртінші сынып оқушылары арасында сыныптағы тәртіпке қатысты мәселелер кездеспейтінін хабарлаған мектеп оқушылары 503 балл жинады. Бұл сыныптағы тәртіпсіздік күрделі мәселе болып табылатын мектеп оқушыларынан (482 балл) 21 балға артық. Сонымен қатар қорқыту және тіл тигізу мәселесі жоқ мектеп оқушылары (505 балл) директорлары мұны орташа мәселе ретінде сипаттаған мектептегі құрдастарынан (478 балл) жоғарырақ балл жинады.

Буллинг

Мектеп әкімшілігімен қатар, оқушылар да мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік туралы бірқатар сұрақтарға жауап берді. Оқушылардың мазақтаудан бастап күш көрсетуге дейінгі әртүрлі буллинг түрлерімен қаншалықты жиі кездесетіні туралы жауаптарына сүйене отырып, «буллинг» индексі құрылды.

Буллинг (жәбірлеу) – бұл психикалық және физикалық қорлау сипатындағы жүйелі әрекеттер, қудалау және/немесе қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті

жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер⁹. Интернет пен кибербуллингтің таралуына байланысты бұл индекс жағымсыз хабарламалар жіберу және интернетте жағымсыз ақпарат тарату туралы сұрақтармен толықтырылды.

Алынған жауаптарға сәйкес, оқушылар үш санатқа жіктелді. Бірінші санатқа аталған іс-әрекеттермен ешқашан немесе ешқашан дерлік кездеспеген оқушылар, екінші санатқа кемінде айына бір рет кездескенін хабарлаған оқушылар, ал үшінші санатқа аптасына кемінде бір рет буллингке ұшыраған оқушылар кірді.

Талдау нәтижелері бойынша, бірінші санатқа жататын қазақстандық оқушылардың үлесі 60%-ды, екіншісі санатқа жататындар – 26%-ды және үшінші санатқа жататындар – 15%-ды құрады. Орташа алғанда, қатысушы елдер арасындағы көрсеткіштер осыған ұқсас (сәйкесінше, 63%, 25% және 12%). Көбіне (шамамен апта сайын) ОАР (42%), Египет (28%), Сауд Арабиясы (27%), БАӘ (23%) оқушылары буллингке ұшырайды. Ресейде әрбір бесінші 4-сынып оқушысы апта сайын буллингке ұшырайтынын хабарлады. Ал Гонконг, Албания және Грузияда бұл үлес 5%-дан аспайды.

Көбінесе (апта сайын немесе ай сайын) қазақстандық оқушылар арасында келемеждеу (33%), ойындардан немесе қандай да бір істерден шеттету (32%), қауесет тарату (27%) сияқты буллинг түрлері кездеседі. Ал интернетте әдейі жағымсыз ақпарат тарату жағдайларына оқушылар сирек ұшырайды (7%). Сонымен қатар әрбір бесінші оқушы кемінде ай сайын немесе апта сайын қағып кету, ұру, тебу сияқты физикалық жәбірлеуге тап болады (20%).

4.15-сурет. Оқу жылы ішінде мектеп оқушылары тарапынан әртүрлі буллинг түрлерімен кездескен оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер «аптасына кемінде бір рет» жауабын таңдаған оқушылар үлесінің кемуі бойынша сұрыпталған

⁹ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Буллингтің салдары психофизикалық денсаулықтан көрініс табады. Бұл өз кезегінде оқушылардың өмір сүру сапасына, соның ішінде олардың мектептегі физикалық және эмоционалдық қауіпсіздігіне және оқу қабілетіне кері әсер етеді. PIRLS-2021 деректерін талдау көрсеткендей, буллингке ешқашан ұшырамаған оқушылардың 78%-ы мектепте болғанды ұнатады. Алайда, бұл көрсеткіш апта сайын немесе ай сайын буллингке ұшырайтын оқушылар арасында 20%-ға төмен. Апта сайын дерлік буллингке тап болған оқушылардың 13%-ы «мен мектепте болғанды ұнатамын» деген мәлімдемемен жартылай немесе толығымен келіспейтінін білдірді.


4.16-сурет. Буллингке ұшырау индексі бөлінісінде мектепте болғанды ұнату жауабы бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Сонымен қатар буллингке ұшырау оқушылардың сабақтан қалуының негізгі предикторы болып табылады. Мысалы, ешқашан буллингке ұшырамаған оқушылардың жартысынан көбі (63%) сабақты ешқашан жіберіп алмағанын айтты. Бұл көрсеткіш ай сайын және апта сайын буллингке ұшырайтын оқушылар үшін төмен болды (сәйкесінше, 52% және 44%). Апта сайын дерлік буллингке ұшырайтын оқушылардың 29%-ы аптасына кемінде бір рет сабақтан қалады.

4.17-сурет. Буллингке ұшырау индексі бөлінісінде сабақтан қалу жиілігі бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Қалалық мектеп оқушылары (43%) ауыл мектептерінде оқитын құрдастарына (37%) қарағанда мектепте буллингке тап болғанын жиірек хабарлады. Гендерлік тұрғыдан қарағанда, буллинг қыздарға қарағанда ұлдар арасында жиірек кездеседі (сәйкесінше 35% және 46%).

Бұл ретте оқушылардың буллингке ұшырауы мен олардың академиялық үлгерімі арасында статистикалық мәні бар өзара байланыс байқалады. Ешқашан немесе ешқашан дерлік буллингке тап болмаған оқушылар (517 балл) апта сайын буллингке ұшыраған құрдастарына (461 балл) қарағанда 56 балға көп балл жинады. Осыған ұқсас жағдай орта есеппен PIRLS-2021 қатысушы елдері арасында да байқалады.

5- кіріктіріме. Әртүрлі елдердің бастауыш сыныптарында буллингті алдын алу шаралары

Буллингті алдын алу **Швецияның** орта білім беру жүйесіндегі пәрменді және тиімді шара болып табылады. Шиеленістерді шешу мұғалімдерді даярлау және үздіксіз кәсіби дамыту бағдарламасының мазмұнына кіреді. Білім туралы заңға сәйкес, мектеп қызметкерлері буллингтің кез келген түрі туралы директорға хабарлауға міндетті, ол өз кезегінде зерттеу және шара қолдану мақсатында қызмет жеткізушілеріне (*school providers*) хабарлайды.

Сонымен қатар елдегі *Friends* атты коммерциялық емес ұйым мектептерге олардың проблемаларын талдау негізінде үш жылдық жеке бағдарлама әзірлеу бойынша білім, құралдар мен ұсыныстар беру арқылы буллингті алдын алуға көмектеседі. Аталған шаралар оң нәтиже бергенін байқауға болады: айына бірнеше рет буллингке ұшырайтын оқушылардың үлесі (19,3%) ЕО-ғы (22,1%) ең төмен көрсеткіштердің бірі болып табылады. Қыздар мен ұлдардың, сондай-ақ үлгерімі жоғары және төмен оқушылардың буллингке ұшырау көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар да ЕО-тың орташа деңгейінен төмен.

Мектептегі буллинг – **Литвадағы** ең өзекті мәселелердің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, Еуропаның 43 елімен салыстырғанда, Литва оқушылары арасында буллинг деңгейі ең жоғары. Елде жыл сайын буллинг пен зорлық-зомбылықтан зардап шегетін балалар санын азайтуға бағытталған бағдарламалар мен жобалардың саны артып келеді. Бұл бағдарламалар ата-аналарға, мұғалімдерге және балаларға буллингтің салдары және оларды алдын алу жолдары туралы хабарлауға бағытталған. Жыл сайын бүкіл ел бойынша «Буллингсіз апта» акциясы өткізіледі. Оның аясында аталған тақырып бойынша түрлі дәрістер, іс-шаралар ұйымдастырылады.

Буллингті алдын алу мақсатында жұмыс істейтін ең белсенді ұйымдардың бірі – *Vaikų linija* (*ағылш. Children's line*). Бұл – телефон мен интернет арқылы ақысыз және анонимді көмек көрсететін балалар мен жасөспірімдерге арналған эмоционалды қолдау қызметі. Қазіргі уақытта онда 200-ден астам еріктілер көмек көрсетеді. Ұйым профилактикалық жобаларды дайындайды, өз тәжірибелері туралы бөлісетін танымал адамдармен ынтымақтасады, сонымен қатар буллинг туралы фильмдер мен қысқа видеороликтер әзірлейді.

Финляндияның Білім және мәдениет министрлігі Әділет министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен және Әлеуметтік істер және денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, мектептерде буллинг, зорлық-зомбылық пен қудалауды алдын алу бойынша кешенді іс-қимыл жоспарын әзірледі. Аталған жоспар 14 шараны қамтиды:

- мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу кезеңінде балалардың эмоционалды интеллекті мен әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін қажетті құралдармен қамтамасыз ету.

- Мұғалімдерге оқушылар арасындағы буллинг пен жалғыздықты анықтап, алдын-алу үшін тиісті дайындық пен оқытуды қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда, басқаларға қарсы буллинг жасайтын балаларға қарсы шара қолдану құқығын беру.
- Мектеп психологтарының санын көбейту.

Сондай-ақ, білім беру мекемелеріне қауіпсіз және бейбіт ортаны қамтамасыз ету үшін полициямен, әлеуметтік қызметкерлермен және жастар ісі жөніндегі мамандармен ынтымақтасу ұсынылады.

Финляндияның Заңына сәйкес, жалпы білім беретін мектептерде 670 оқушыға кем дегенде бір әлеуметтік қызметкер және 780 оқушыға бір мектеп психологы болуы керек. Ол үшін 2023 жылдан бастап үкімет мектеп психологтары мен әлеуметтік қызметкерлерін жалдау мақсатында 29 млн еуро көлемінде арнайы мемлекеттік субсидия бөлді. Бұл Финляндияның әртүрлі аймақтарында осы қызметтерге тең қолжетімділік пен сапаны қамтамасыз етуге көмектеседі.

Дереккөз: Еуропалық Одақтың ресми сайты. <https://eurydice.eacea.ec.europa.eu/national-education-systems>

Geraltauskaite G. Bullying problem in Lithuania. <https://zmst.si/bullying-problem-in-lithuania/>

4.2.5. Оқу сауаттылығын дамыту әдістері

Мұғалім сауалнамасы арқылы PIRLS-2021 оқу сауаттылығын дамытуға арналған сабақтарда мәтінді түсіну бойынша әртүрлі стратегиялардың қолданылуы туралы деректер жинады. Оларға мәтіннен ақпаратты табу, болжам жасау, автордың көзқарасын анықтау, мәтін стилі мен құрылымын сипаттау, сайттың пайдалылығы мен сенімділігін бағалау және т. б. жатады.

Талдауға сәйкес, 4-сынып оқушыларының 90%-дан астамының мұғалімдері оларға мәтіннің негізгі идеясын анықтау және мәтіннен ақпаратты іздеу сияқты тапсырмаларды үнемі (күнде немесе күнде дерлік) береді. Сонымен қатар оқушылардың 80%-дан астамына сабақ беретін мұғалімдер күн сайын немесе күн сайын дерлік оқушыларға мәтін және автордың көзқарасын түсіну, қорытынды жасау және оқу кезінде өзін-өзі бақылау сияқты тапсырмалар береміз деп жауап берді. Оқыған мәліметті біріктіру мен бағалауға байланысты неғұрлым қиынырақ тапсырмаларды қазақстандық оқушылардың 70%-дан астамына сабақ беретін мұғалімдер пайдаланады. Ең аз дегенде мұғалімдер онлайн ақпаратты оқуға байланысты тапсырмаларды береді (30%-дан астам), бірақ халықаралық тұрғыдан салыстырғанда бұл мән PIRLS-2021 қатысушы елдер арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Орташа алғанда, әлемде ақпаратты іздеу және негізгі идеяны анықтау оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған ең кең таралған әдіс болып табылады (тиісінше 69% және 63%). ТМД елдерінде, соның ішінде Өзбекстан мен Ресейде бұл үлес ақпаратты табу бойынша 90%-ды және Өзірбайжанда – 89%-ды, ал мәтіннің негізгі идеясын анықтау бойынша тиісінше 83%, 88% және 93% құрайды.

Оқыған мәліметті өзінің білімімен және тәжірибесімен байланыстыру сияқты неғұрлым интеграцияланған стратегияларды орындайтын оқушылардың үлесі бойынша Грузия, Өзбекстан, Қазақстан, Черногория, Косово, Солтүстік Македония көш бастап тұр. Мұғалімдері күнде немесе күнде дерлік сайттың белгілі бір мақсатқа пайдалы екенін анықтау сияқты тапсырма беретін оқушылардың ең көп үлесі Албания (58%), Косово (49%) және Сауд Арабиясы (39%) елдерінде тіркелді.

4.18-сурет. Оқу сауаттылығын дамытатан сабақтарда қолданылатын оқыту әдістері бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз. PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер «күнде немесе күнде дерлік» жауабын таңдаған оқушылар үлесінің төмендеуі бойынша сұрыпталады

Деректер талдауы көрсеткендей, мәтінмен жиі әрекеттесу оқушылардың академиялық табыстылығына жағымды әсер етеді. Мысалы, күнделікті оқыған нәрсесі бойынша жалпылау мен қорытынды жасайтын оқушылар (504 балл) айына бір немесе екі рет осылай істейтіндермен (432 балл) салыстырғанда, жоғары көрсеткіштер көрсетеді. Сонымен қатар автордың көзқарасын немесе ниетін анықтауға байланысты тапсырмаларды жүйелі түрде орындау оқушылардың үлгерімін айтарлықтай жақсартады. Мұғалімдері күнделікті осы стратегияны қолданатын және ешқашан қолданбайтын оқушылардың көрсеткіштері арасындағы айырмашылық 22 балл болды. Мәтіннің стилін немесе құрылымын бағалау стратегиясы бойынша бұл айырмашылық 30 балдан асады. Сонымен қатар егер мұғалімдер оқушыларға күн сайын немесе күн сайын дерлік сайттағы ақпаратқа қаншалықты сенуге болатынын бағалауға мүмкіндік берсе, олар жоғары нәтиже көрсетеді. Бұндай оқушы мұғалімдері айына бір немесе екі рет сондай тапсырма беретін құрдастарымен салыстырғанда 21 балға көбірек нәтиже көрсетті.

6-кіріктіріме. Әртүрлі елдерде оқуды үйрету тәсілдері

Ресейдің бастауыш сынып мұғалімдері, әдетте, оқуды үйрету кезінде бүкіл сыныппен жұмыс жасайды. Мысалы, оқушылар немесе мұғалім бүкіл сыныпқа дауыстап оқиды, ал

мұғалім оқығандарын талқылауды ұйымдастырады. Топта немесе жұппен жұмыс істеу – оқытудың ең кең таралған әдісі. Оқушылардың оқу деңгейі әртүрлі болатын бірінші сыныпта оқыту жеке немесе топтық сабақтарға негізделуі мүмкін. Кейде бірінші сыныпта жақсы оқу дағдыларына ие оқушылар тереңдетіп оқыту үшін бөлек топтарға біріктіріледі.

Қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығы функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде екі бағыт бойынша бағаланады: 1) арнайы әзірленген тестілеудің көмегімен «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша және 2) қандай да бір нақты пәнмен байланысы жоқ кешенді мәтіндердің көмегімен мета-пәндік нәтиже ретінде.

Литваның бастауыш білім беру бағдарламасына сәйкес, 3 және 4-сынып оқушылары көркем мәтінді неге ұнататыны немесе ұнатпайтыны туралы дәлелдер келтіре отырып бағалайды; көрнекі сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсете отырып, мәтінде оларды әртүрлі эмоцияларды сезінуге не итермелейтінін түсіндіреді. Сонымен қатар оқушылар кітаптардан, интернеттен және мерзімді басылымдардан ақпараттық мәтіндерді мақсатты түрде оқиды. Ақпараттық мәтіндерді оқыған кезде олар қажетті ақпаратты табуға және мәтінде не маңызды екенін және нені үйренгендерін сипаттауға үйренеді.

Кейбір елдерде оқу сауаттылығына қосымша талаптар қойылады. Мысалы, **Данияда** төртінші сыныптың соңына қарай оқушылар «жасына сәйкес веб-сайттардан ақпаратты тауып, оның өзектілігі мен сенімділігін бағалай білуі қажет».

Дереккөз: PIRLS-2021 энциклопедиясы / PIRLS-2021 Encyclopedia

PIRLS-2021 зерттеуінің шеңберінде мұғалімдер өз оқушыларына әртүрлі ақпараттық және әдеби материалдарды оқуға қаншалықты жиі беретіні туралы сұрақтарға жауап берді. Төмендегі суретке сәйкес, сабақта ең кең таралған оқу материалы – қысқа көркем шығармалар (мысалы, ертегілер, шытырман оқиғалар, фантастика, детективтер). Оқушылардың 56%-ына сабақ беретін мұғалімдер оларды күн сайын немесе күн сайын дерлік оқу сауаттылығын дамыту сабақтарында пайдаланады. Оқушылардың жартысынан көбіне сабақ беретін мұғалімдер олардың аптасына бір немесе екі рет әдеби кітаптар мен өлеңдер, ал айына бір немесе екі рет пьесалар оқитынын айтады. Ақпараттық материалдардың ішінде, мұғалімдердің пікірінше, оқушылар көбінесе диаграмма, карта, иллюстрация, фотосурет пен кестеден тұратын мәтіндерді оқиды, ал бірнеше тараулардан тұрады публицистикалық кітаптарды аз оқиды.

4.19-сурет. Оқу сауаттылығын дамытатан сабақтарда қолданылатын мәтін түрлері бойынша оқушылардың үлесі, %




Дереккөз. PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер «күнде немесе күнде дерлік» жауабын таңдаған оқушылар үлесінің төмендеуі бойынша сұрыпталған

Жүргізілген талдауға сәйкес, қазақстандық мұғалімдер оқу бағдарламасы шеңберінде бір апта ішінде тілді оқытуға (оның ішінде әдебиет, оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау және басқа да тілдік дағдылар) жұмсаған уақыты бойынша орташа көрсеткіштерді көрсетеді. Қазақстанның орташа мәні шамамен 6 сағатты (346 минут) құрады. Тілді оқытуға жұмсалған ең көп уақыт Өзбекстанда тіркелді (579 минут). Финляндия мұғалімдері тілді дамытуға арналған сабақтарға және әртүрлі шараларға екі есе аз уақыт жұмсайды (296 минут). Тізімнің соңында Албания, Оман, Польша және Черногория мұғалімдері орналасты, олардың орташа уақыты 250 минуттан аз.

4.20-сурет. Жеке қатысушы елдерде тілді оқытуға жұмсалатын уақыт, минут




Дереккөз. PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер минуттар санының азаюы бойынша сұрыпталған

Басқа елдердің педагогтерімен салыстырғанда, қазақстандық мұғалімдер бір апта ішінде оқумен байланысты іс-шараларға (оның ішінде, басқа пәндер шеңберінде оқуға үйретуге) біршама көп уақыт жұмсайды (372 минут). Бұл мән тек үш елдің орташа көрсеткіштерінен төмен: Болгария (482 минут), Бразилия (382 минут) және Португалия (372 минут).

4.21-сурет. Жеке қатысушы елдерде оқуды үйретуге жұмсалатын уақыт, минут




Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер минуттар санының азаюы бойынша сұрыпталған

Зерттеу көрсеткендей, Қазақстанда оқуға жұмсалатын уақыт пен оқушылардың нәтижелері арасында байланыс жоқ. Бұл оқуды үйренуге жұмсалатын уақыттың қаншалықты тиімді және нәтижелі пайдаланылатыны маңыздырақ екенін білдіреді.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық мұғалімдер Өзбекстан мен Польша мұғалімдерімен қатар, басқа елдердің педагогтары арасындағы ең белсенді оқырман болды. Өзбекстанда оқушылардың 76%-ына және Қазақстан мен Польшада оқушылардың 70%-ына сабақ беретін мұғалімдер күн сайын немесе күн сайын дерлік кітапты сүйіп оқитындарын хабарлады. Алайда, жоғары нәтиже көрсеткен елдерде мұндай оқушылардың үлесі айтарлықтай аз. Үздік үштікке кіретін Гонконгта мұғалімдері кітапты жиі сүйіп оқитын оқушылардың пайызы тек 22%-ды құрады.

4.22-сурет. Жеке қатысушы елдерде мұғалімдердің оқуға деген ынтасы («күнде немесе күнде дерлік» оқиды) бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер оқушылар үлесінің төмендеуі бойынша сұрыпталған

4.2.6. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігі


Мектеп мұғалімдерінің білімі

Мәтінді түсінуге үйрету – бұл ең алдымен мұғалімнің кәсіби басшылығы мен қолдауын қажет ететін үдеріс. Мұғалімнің біліктілігін не анықтайтыны туралы халықаралық дәрежеде ортақ пікір болмағанымен, оның ең жоғары білім деңгейі осындай көрсеткіштердің бірі бола алады.

Талдау нәтижесінде Қазақстанда 90% бастауыш сынып оқушыларының мұғалімдері жоғары білімге ие екені анықталды (әлемде орта есеппен – 88%). Оның ішінде оқытушылардың 87%-на бакалавр дәрежесіне ие мұғалімдер сабақ береді. Бұл – қатысушы елдер арасындағы айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Ал магистр дәрежесі бар мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі небәрі 3%-ды құрайды. Бұл Өзбекстан, Марокко және Бельгияның Фламанд қоғамдастығына ұқсас. Көптеген PIRLS мүше елдері бастауыш сынып мұғалімдерінің біліміне қойылатын талаптарды күшейтуде. Мысалы, Польша, Финляндия, Чехия және Словакия сияқты елдерде магистр дәрежесі бар мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі 90%-дан асса, Ресейде 41%-ды құрайды. Сонымен қатар Кипр, Италия, Польша сияқты елдерде PhD және ғылым кандидаты немесе докторы дәрежесіне ие бастауыш сынып мұғалімдері бар (4.22-сурет).

Кейбір елдерде жалпы орта білім беру ұйымын аяқталғаннан кейін бірден мектепте жұмыс істей бастаған мұғалімдер кездеседі. Германия мен Албанияда мұндай мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі 10%-дан, Мароккода – 20%-дан асады, ал Италияда тіпті 54%-ға жетеді. Қазақстандық мұғалімдердің кем дегенде техникалық және кәсіптік білімі туралы дипломы бар.

4.23-сурет. PIRLS-2021 қатысушы елдеріндегі мұғалімдердің ең жоғары білім деңгейі бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Ескерту: нәтижелер мұғалімдері «магистр дәрежесі» жауабын таңдаған оқушылар үлесінің азаю ретімен сұрыпталған

Сауалнама деректері бойынша, қала мектептеріне (84%) қарағанда ауыл мектептерінде (90%) бакалавр дәрежесі бар мұғалімдер көп кездеседі. Керісінше, ауыл мектептеріне қарағанда қала мектептерінде техникалық және кәсіптік, сондай-

ақ жеделдетілген жоғары білімі бар мұғалімдер басым. Орташа алғанда, мұғалімдері магистр дәрежесін алған қала және ауыл мектептеріндегі оқытушылардың үлесі бірдей (3%).

PIRLS-2021 сауалнама деректерін талдау сондай-ақ магистр дәрежесі бар мұғалімдердің көбіне әл-ауқаты жоғары мектептерде жұмыс істеуді таңдайтынын (2%) және әл-ауқаты төмен мектептерде жұмыс істеуден бас тартатынын көрсетеді.

4.24-сурет. Қала-ауыл және мектептің әл-ауқаты бөлінісінде мұғалімдердің ең жоғары білім деңгейі бойынша оқытушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

7- кіріктіріме. Өртүрлі елдерде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау

Словакияда болашақ бастауыш және орта мектеп мұғалімдері магистр дәрежесін алуға міндетті. Бастауыш мектеп (1-4 сыныптар) мұғалімдерін дайындау, әдетте, педагогикалық факультеттерде жүзеге асырылады. Ең алдымен, олар бакалавриат бағдарламасы аясында (3 жыл) мектепке дейінгі және қосымша білім беру педагогтарымен бірге даярлықтан өтеді. Одан кейін, шет тілдерін қоспағанда, ISCED 1 деңгейіндегі (1-ден 4-сыныпқа дейін) барлық пәндер бойынша мамандандырылған магистратура бағдарламасын (2 жыл) аяқтайды.

Оқу бағдарламасы тіл мен әдебиетке қатысты бірнеше курстарды, оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған кейбір факультативтік сабақтарды қамтиды және орфография, фонетика, фонология, грамматика, тіл және әдебиет дидактикасы, әдебиет теориясы мен тарихы сияқты тақырыптардан тұрады.

Педагогикалық практика мұғалімдерді дайындаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Практика үш кезеңде өтеді: студенттер сыныптағы оқу процесін бақылайтын «инспекциялық практика»; студенттер тәжірибелі мұғалімнің жетекшілігімен сабақ бере бастайтын «ассистенттік практика»; және тәжірибелі педагогтың сирек қадағалауымен өтетін «жүйелі оқыту тәжірибесі».

Ирландиялық бастауыш мектеп мұғалімдері төрт жылдық бакалавр дәрежесін немесе бастауыш білім беру саласындағы екі жылдық кәсіби магистр дәрежесін (*Professional Master of Education*) алуға міндетті. Елде бастауыш сынып педагогикасы бойынша білім беру бағдарламаларын ұсынатын мемлекет қаржыландыратын төрт жоғары оқу орны және аталған салада магистратура бағдарламаларын ұсынатын бір жеке компания бар. Білім министрлігі осы бағдарламаларға түсу үшін математика, ағылшын және ирланд тілдері бойынша ең төменгі талаптарды бекітеді.

Педагогтар кеңесі барлық мемлекеттік мектеп мұғалімдері тіркелуге міндетті педагог мамандығының кәсіби стандарттары бойынша орган болып табылады. Тіркелу *Droichead* процесін аяқтауды, яғни кәсіби топтың қолдауымен мектепте кіріспе курстан өтуді және сауаттылық пен есептеуге бағытталған қосымша кәсіби іс-шараларға қатысуды қамтитын кіріктірілген кіріспе оқыту жүйесін аяқтауды білдіреді.
Дереккөз: Энциклопедия PIRLS-2021 / PIRLS-2021 Encyclopedia.

Мектеп мұғалімдерінің тәжірибесі

Зерттеулер көрсеткендей, мұғалімдер бес жыл қызмет еткеннен кейін оқыту дағдыларын дамытуды жалғастырады және бұл оқушылардың жетістіктеріне оң әсер етуі мүмкін.

2020-2021 оқу жылының соңында қазақстандық мұғалімдердің орташа педагогикалық өтілі 21 жылды құрады. Бұл халықаралық орташа мәннен 3 жылға жоғары. Ең тәжірибелі мұғалімдер Болгарияның (27 жыл), Литваның (26 жыл) және Латвияның (25 жыл) бастауыш мектептерінде сабақ береді, ал тәжірибесі неғұрлым аз мұғалімдер БАӘ мен Бахрейнде (10 жыл) кездеседі.

Талдау мақсатында мұғалімдер еңбек жолын енді бастаған мұғалімдер (педагогикалық өтілі – 5 жылға дейін) және тәжірибелі мұғалімдер (педагогикалық өтілі – 5 жылдан астам) болып топтастырылды. Талдау нәтижелері бойынша, қазақстандық оқушылардың 93%-ына педагогикалық өтілі 5 жыл және одан көп мұғалімдер сабақ береді. Ал еңбек жолын енді бастаған мұғалімдер сабақ беретін оқушылардың үлесі небәрі 7%-ды құрайды. Бұл PIRLS-2021 орташа көрсеткішінен (17%) едәуір төмен. Еңбек жолын енді бастаған мұғалімдер оқытатын оқушылардың ең көп үлесі Бахрейн (34%), Иран (33%), Марокко (29%), Иордания (28%), БАӘ (27%) сияқты Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдеріне тән. Ресей мен Әзірбайжанда бұл үлес 10%-дан асады.

Орта есеппен төртінші сынып оқушыларының 7%-ына сабақ беретін жаңадан келген мұғалімдер қала мектептерінде жұмыс істейді. Мұғалімдердің шамамен осындай үлесі еңбек жолын ауыл мектептерінде бастайды. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша мемлекет тарапынан көтерме және қаржылай ынталандыруларға қарамастан, аталған фактор бойынша қала мен ауыл мұғалімдерінің үлесінде айтарлықтай айырмашылық байқалмайды.

Мектептің әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрғысынан, көбіне еңбек жолын енді бастаған мұғалімдер әл-ауқаты төмен мектептерді таңдайды (11%).

4.25-сурет. Қала-ауыл және мектептің әл-ауқаты бөлінісінде мұғалімдердің жұмыс өтілі бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Қазақстандық оқушылардың бастауыш сыныптардағы жетістіктеріне мұғалімдердің тәжірибесі оң әсер етеді. Регрессиялық талдау нәтижелері мұғалім ретінде жұмыс істеу ұзақтығы оқу үлгеріміне айтарлықтай әсер ететінін көрсетті ($\beta = 1$, $p < 0,05$). Бұл мұғалім ретіндегі жұмыс өтілі бір бірлікке артқан сайын оқушылардың үлгерімі 1 балға жақсаратынын білдіреді. Еңбек жолын енді бастаған және тәжірибелі мұғалімдер оқытқан қазақстандық оқушылардың нәтижелеріндегі айырмашылық соңғысының пайдасына 10 балды құрады, бірақ бұл айырмашылықтың статистикалық мән жоқ.


Мектеп мұғалімдерінің жасы

Сонымен қатар талдау нәтижесінде қазақстандық бастауыш сынып мұғалімдері арасында жасы үлкен мұғалімдер басым екені анықталды. PIRLS-2021 зерттеуі барысында оқушылардың 70%-ға жуығының мұғалімдері 40 жастан асқан болды. Оның ішінде 40 мен 49 жас аралығындағы мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі 41%, 50 мен 59 жас аралығындағылар оқытатын оқушылар – 29%, 60 жастан асқан мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі 2%-ды құрады. Сингапур, Гонконг сияқты жетекші елдерде 40 жастан асқан мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі 50%-дан сәл асса, Ресей мен Өзбекстанда – 68%, Әзірбайжанда – 67%-ға жетеді.

Қазақстандық мұғалімдердің тек 7%-ы ғана 30 жасқа дейінгі топқа жатады. Бұл жас мұғалімдердің мектепте мұғалім болып жұмыс істеуге деген ықыласының төмендігін көрсетуі мүмкін. Мұны TALIS-2018 деректері де растайды: 30 жасқа дейінгі мұғалімдердің үштен екісі (66%) мұғалім ретінде мансабын жалғастыруды жоспарламайды (АТО, 2019). Бұл болашақта мұғалімдердің тапшылығы туралы алаңдаушылық тудырады. Салыстырмалы түрде қарағанда, Ресейде мұндай мұғалімдердің үлесі 8%-ды құрайды.

Қалалық және ауылдық мектептерде 25 жасқа дейінгі және 40 жастан асқан мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесі шамамен бірдей, бірақ 25-29 жас аралығындағы мұғалімдер оқытатын оқушылардың үлесінде ауыл және қала мектептері арасында соңғысының пайдасына статистикалық мәні бар айырмашылық байқалады.

4.26-сурет. Қала-ауыл бөлінісінде мұғалімдердің жасы бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Талдау нәтижесінде оқушылардың оқудағы үлгеріміне мұғалім жасының айтарлықтай әсері анықталды. Бастауыш сыныптарда 60 жастан асқан мұғалімдер оқытқан оқушылар (546 балл) жас мұғалімдер (25 жастан кіші) сабақ берген құрбыларына (498 балл) қарағанда статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары нәтиже көрсетті. 50-59 жас аралығындағы мұғалімдер жұмыс істейтін мектеп оқушылары да неғұрлым жас мұғалімдер (25-49) оқытқан оқушылардан оқу сауаттылығы бойынша алда.

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуы

Педагогикалық білім мен тәжірибеден басқа, біліктілікті арттырудың, әсіресе, білім берудің алғашқы жылдарында мұғалімнің дамуы үшін маңызы зор. Үздіксіз кәсіби даму (ҮБД) мұғалім жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл педагогикалық дағдылар мен білімді қалыптастыруға ықпал етеді, ал бұл өз кезегінде педагогикалық тәжірибені жетілдіреді. Мұғалімдердің ҮБД-ға қатысуының маңыздылығын БҰҰ Тұрақты дамудың төртінші мақсатына қол жеткізу көрсеткіштерінің бірі ретінде таниды (United Nations, 2015).

Сауалнама нәтижелерінен Қазақстандағы мұғалімдердің кәсіби дамуға қызығушылық танытатынын көруге болады. Соңғы екі жыл ішінде оқу саласындағы ресми кәсіби даму бағдарламасына қатысу туралы сұраққа оқушылардың 60%-дан астамының мұғалімі оң жауап берді. Біліктілікті арттыру курсының ең кең тараған түрі оқушылардың оқуын бағалау (86%) және цифрлық сауаттылыққа қатысты оқу (84%) болып табылады. Бұл ретте соңғысына қатысу бойынша Қазақстан елдер тізімінде көш бастап тұр. Орта есеппен PIRLS 2021 қатысушы елдерінде бастауыш мектеп мұғалімдері арасында оқуды түсіну дағдыларын немесе стратегияларын үйрету бағдарламалары ең сұранысқа ие кәсіби даму саласы болып табылады (61%).

4.27-сурет. Мұғалімдердің кәсіби даму іс-шараларына қатысуы және болашақ кәсіби дамуға «жоғары» қажеттіліктер, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Сонымен қатар мұғалімдерге олардың болашақ кәсіби даму қажеттіліктерінің басымдықтары туралы сұрақ қойылды. Олардың берген жауаптарына сәйкес, бастауыш сынып мұғалімдерінің көпшілігі қатысудың жоғары көрсеткіштеріне қарамастан, болашақта оқушылардың оқу дағдыларын бағалауға байланысты курстарға қатысуды қалайды. Сонымен қатар 70%-дан астам оқушылардың мұғалімдері оқуды түсіну дағдыларын немесе стратегияларын үйрету және оқуды үйрету кезінде оқушылардың тілдік қажеттіліктерін ескеру бойынша курстарға қатысуға мүдделі екенін білдірді. Жалпы, әлемде мұғалімдер болашақта оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқытуды дифференциациялау мәселесін шешуге барынша басымдық береді (52%). Қатысушы елдерде орта есеппен шамамен осынша оқушы оқуды түсіну дағдылары мен стратегияларын үйретуге және оқу дағдыларын бағалауға арналған бағдарламаларға деген қажеттіліктерін жоғары бағалаған мұғалімдерде білім алады (51%).

4.28-сурет. Мұғалімдердің кәсіби дамуға қатысуына кедергі келтіретін факторлар бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының басым бөлігінің мұғалімдері біліктілікті арттыруға қатысуға қаржылық шығындар (66%), уақыттың сәйкес келмеуі (72%) және бағдарлама мазмұнының сұранысқа жауап бермеуі (59%) сияқты факторлар белгілі бір және үлкен дәрежеде кедергі келтіретінін атап өтті. Атап айтқанда, 14% 4-сынып оқушыларының мұғалімдері оқу бағдарламасы олардың қажеттіліктерін үлкен дәрежеде қанағаттандырмайды деп санайды. Мектеп әкімшілігі тарапынан қолдаудың болмауы біліктілікті арттыру процесіне мұғалімдердің жартысынан астамы үшін кедергі болып табылмайды.

PIRLS-2021 қатысушы елдерінің арасында мұғалімдері аталған факторлар кәсіби даму бағдарламаларына қатысуға үлкен кедергі келтіретінін атап өткен оқушылардың үлесі Қазақстанға қарағанда айтарлықтай жоғары. Мысалы, Солтүстік Ирландия оқушыларының 58%-ның мұғалімдері негізгі кедергі қаржылық шығындар, ал Гонконг оқушыларының 83%-ның мұғалімдері – уақыт тығыздығы екенін атап өтті. Сонымен қатар Гонконг мұғалімдері негізгі фактор ретінде оқыту мазмұнының сәйкессіздігін (76%) және мектеп әкімшілігі тарапынан қолдаудың болмауын (37%) атады. Бұл – барлық елдер арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Жалпы әлем бойынша оқушылардың 25%-ның мұғалімдері біліктілікті арттыру іс-шараларына қатысудағы негізгі қиындық қаржылық шығындар, 45%-ы – уақыт тығыздығы, 24%-ы – бағдарлама мазмұнының іске қатысы болмауы және 12%-ы – мектеп басшылығы тарапынан қолдаудың жоқтығы екенін хабарлады.

8-кіріктіріме. Өртүрлі елдерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған кәсіби даму бағдарламалары

Финляндия мұғалімдері жыл сайын өндірістен қол үзбей, үш күндік біліктілікті арттыру курстарына қатысуға міндетті. Біліктілікті арттыруды ұйымдастыру және қаржыландыру әдетте муниципалитеттерге жүктеледі, олар өз кезегінде Финляндияның

Білім беру жөніндегі ұлттық агенттігінен (*The Finnish National Agency for Education*) қаржыландыру ала алады. Оқыту бағдарламалары, әдетте, тегін, мектеп немесе муниципалитет жол жүру және мұғалімдерді уақытша алмастырумен байланысты шығындарды өтейді.

PIRLS-2016 циклінен кейін елде *LUKILOKI, Luki-ILO, Gränsland* сияқты орта мектептің бастауыш және жоғары сынып мұғалімдеріне арналған оқу мен жазуды үйрету саласындағы бірнеше біліктілікті арттыру бағдарламалары ұйымдастырылды. Оқыту мазмұны мен бағыты әр өңірде әртүрлі болды. Кейбір ұйымдар («*Финляндия балалар әдебиеті институты*», «*Жаңа сауаттылық бағдарламасы*») мұғалімдерге сабақта пайдалана алатын ақпарат пен материалдарды ұсынады.

Ирландияда мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуы Мұғалімдердің біліктілігін арттыру қызметі (*Professional Development Service for Teachers*), Арнайы білім беру жөніндегі ұлттық кеңес (*the National Council for Special Education*) және жалпы ұлттық білім беру орталықтары желісінің қолдауымен жүзеге асады. Жоғары білікті мұғалімдерге біліктілігін арттыру ұсынылады, бірақ талап етілмейді. 2011-2020 жылдарға арналған Сауаттылық пен есептеу дағдыларын арттырудың ұлттық стратегиясына сәйкес, аталған салада мұғалімдердің кәсіби даму мүмкіндіктерін арттыру мақсатында бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Педагогтердің біліктілігін арттыру қызметі жанынан сауат ашу және тілді оқыту бойынша бойынша арнайы топтар құрылды.

2012 жылы енгізілген Мектептің өзін-өзі бағалауы (*School self-evaluation*) жүйесін қолдау мақсатында кеңейтілген кәсіби даму жүзеге асырылды. Мұғалімдерге арналған барлық жазғы онлайн курстар сауаттылық, есептеу және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын өз бағдарламаларына қосуға міндеттелді. Нәтижесінде, PIRLS-2016 қорытындысы бойынша, педагогтардың оқуға байланысты кәсіби дамуға қатысу көрсеткіші 2011 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті.

2019 жылы Бастауыш мектептер үшін тілді оқыту бағдарламасы (*Primary Language Curriculum*) қабылданғаннан кейін барлық мектептер бір күндік кіріспе семинарына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Семинардан кейін де оларға тұрақты қолдау көрсетілді. Педагогтердің біліктілігін арттыру қызметі электрондық бюллетеньдерді, вебинарларды және сауаттылықты тиімді оқыту нұсқаулықтарын қамтитын оқу бағдарламасын қолдауға арналған бірқатар онлайн-құралдар ұсынды. 2021 жылдың қыркүйегінен бастап бұл қолдау оффлайн режимінде жүзеге асырыла бастады. Сонымен қатар әр семестр сайын мектептер жарты күнге жабылып, вебинарлар сериясына ерікті түрде қатыса алды. Вебинар тақырыптары оқу нәтижелеріне, ойын педагогикасына, бағалауға, инклюзияға және сыни сауаттылықты дамытуға бағытталды.

Дереккөз: PIRLS-2021 Энциклопедисы / PIRLS-2021 Encyclopedia.

4.3. Оқушылардың жеке сипаттамаларының оқу жетістіктеріне әсері

4.3.1. Цифрлық өзіндік тиімділік

2021 жылы цифрлық форматқа көшуге байланысты PIRLS сауалнамасы алғаш рет оқушылардың цифрлық өзіндік тиімділігін бағалады. Бұл индекс оқушылардың компьютерлерді, планшеттерді немесе смартфондарды қолданумен таныстығын, сондай-ақ олардың интернеттен ақпарат іздеудегі сенімділігін өлшейді. Цифрлық өзіндік тиімділігі «жоғары» оқушылар орта есеппен осы құрылғыларды пайдалану туралы сегіз мәлімдеменің төртеуімен толық келісіп, қалған төрт мәлімдемемен ішінара келіседі. Цифрлық өзіндік тиімділігі «төмен» оқушылар орта есеппен сегіз мәлімдеменің төртеуімен ішінара келіспейді және қалған төрт

мәлімдемемен ішінара келіседі. Қалған оқушылар цифрлық өзіндік тиімділік деңгейі «орташа» топқа жатады.

Деректер базасын талдауға сәйкес, қазақстандық оқушылардың көпшілігі цифрлық өзіндік тиімділіктің орташа (47%) және жоғары (42%) деңгейін көрсетті. Атап айтқанда, оқушылардың 60%-дан астамы компьютер мен планшетті өте жақсы қолдана алатынын (69%), интернеттен ақпаратты оңай таба алатынын (64%) және жақсы тере алатынын (63%) атап өтті, бұл халықаралық орташа мәннен жоғары (4.28-сурет). Оқушылардың жартысы веб-сайтта олар үшін пайдалы ақпараттың бар-жоғын анықтай алады (50%), ал тек кейбіреулері ғана веб-сайттың қаншалықты сенімді екендігін бағалай алады (35%), бұл орташа халықаралық мәнге ұқсас (сәйкесінше 51% және 36%).

4.29-сурет. Цифрлық дағдылар (пікірлермен «толық келісемін») бойынша оқушылардың үлесі, %




Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Талдау барысында балалардың цифрлық дағдылары олардың оқу нәтижелерімен оң корреляцияланатыны анықталды. Аталған индекс оқушылардың оқу үлгерімінің маңызды предикторы болып табылады, яғни цифрлық өзіндік тиімділік деңгейі төмен оқушылар үлесінің бір бірлікке артуы оқушылардың ӘЭЖ-ын есепке алғаннан кейін нәтижелердің 33 балға төмендеуіне алып келеді. Бірінші топқа жатқызылған оқушылардың (42%) орташа нәтижесі 514 балға, ал цифрлық өзіндік тиімділігі төмен топқа жатқызылған оқушылардың (11%) орташа нәтижесі 477 балға тең. Бұл айырмашылықтың $t=9,93$, $p<0.05$ деңгейінде статистикалық мәні бар.

Жеке цифрлық дағдылар тұрғысынан қарағанда, жоғарыда аталған пікірлермен толық келіскен және мүлдем келіспеген оқушылардың балдары арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар. Нәтижелердегі ең үлкен алшақтық теру (68 балға) және интернеттен ақпарат табу (63 балға) дағдылары бойынша байқалады.

4.30-сурет. Цифрлық дағдылар бойынша оқушылардың нәтижелері, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Сондай-ақ, PIRLS-2021-ге оқушылардың үй тапсырмаларын орындау үшін компьютерді, планшетті немесе смартфонды қаншалықты жиі қолданатыны туралы мәліметтер тән. Аталған деректерге сәйкес, қазақстандық оқушылардың 80%-дан астамы осы құрылғыларды ақпаратты іздеу және оқу үшін, 70%-дан астамы – рефераттар мен презентациялар дайындау үшін пайдаланады. Орташа алғанда, әлемде мұндай балалардың үлесі азырақ (сәйкесінше 77% және 68%).

4.31-сурет. Компьютер, планшет немесе смартфонның көмегімен үй тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт бойынша оқушылардың үлесі және нәтижелері



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Орташа алғанда, қазақстандық оқушылардың көпшілігі аталған құрылғыларды пайдалана отырып, ақпаратты іздеуге және оқуға (46%) және рефераттар мен презентацияларды дайындауға (40%) 30 минут немесе одан аз уақыт жұмсайды. Компьютер, планшет немесе смартфон арқылы аталған үй тапсырмаларын орындауға 30 минуттан астам уақыт жұмсайтын оқушылардың үлесі де жоғары (сәйкесінше 40% және 38%). Бұл ретте, цифрлық құрылғыларды қолдана отырып, рефераттар мен презентацияларды дайындауға 30 минуттан артық уақыт бөлетін оқушылар (517 балл) 30 минуттан аз уақыт бөлетін немесе мүлдем бөлмейтін сыныптастарымен салыстырғанда (сәйкесінше 508 және 492

балл), оқуда айтарлықтай жетістікке жетеді. Ақпаратты іздеу және оқу бойынша ең жақсы нәтижелерді үй тапсырмаларын орындау үшін компьютер, планшет немесе смартфонды 30 минут немесе одан аз уақыт пайдаланатын оқушылар көрсетеді.


4.3.2. Оқуға деген көзқарас

Жеке қызығушылық үшін оқудың қозғаушы күші – адамдардың оқуға деген көзқарасы. Оқушылардың оқуға деген ішкі мотивациясын өлшеу үшін олардан оқуға көбірек уақыт бөлу, басқа адамдармен оқығандары туралы әңгімелесу, өздерін ойландыратын кітаптар оқу және т. б. туралы мәлімдемелермен қаншалықты келісетіні, сондай-ақ жеке қызығушылық үшін және үйренгісі келетін нәрселер туралы білу үшін қаншалықты жиі оқитыны сұралды. Жауаптарға байланысты оқушылар үш топқа жіктелді: оқуды «өте ұнататындар», «белгілі бір дәрежеде ұнататындар» және оқуды «ұнатпайтындар».

Жалпы әлемде оқушылардың 82%-ы оқуға оң көзқараспен қарайды: балалардың орташа есеппен 42%-ы оқуды «өте жақсы көретінін», 40%-ы – «белгілі бір дәрежеде» ұнататынын хабарлады. Алайда балалардың 18%-ы оқуға теріс көзқараспен қарайды. Бұл қазіргі ақпараттық қоғамда алаңдаушылық туғызады. Барлық қатысушы елдер арасында Косово, Өзбекстан және Албания оқушылары ең ынталы оқырмандар болып шықты. Оқуды «өте жақсы көретін» балалардың үлесі бұл елдердің әрқайсысында 80%-дан асады.

Сауалнама нәтижелерін талдау көрсеткендей, 2021 жылы оқуды «өте жақсы көретін» қазақстандық оқушылардың үлесі (53%) 2016 жылы алынған деректермен (71%) салыстырғанда 18%-ға төмендеген. Бұл үрдіс PIRLS-2021 қатысушы елдерінің көпшілігінде байқалады (4.31-сурет). Ең жоғары төмендеу үдерісі Қазақстаннан өзге Литвада (-20%) және Латвияда (-17%) тіркелді. АҚШ, Португалия, Египет, Ресей, Ирландия, Австралия, Солтүстік Ирландияда құлдырау 10%-дан асты. Сингапурда, Қытайлық Тайбэйде, Германияда, Сауд Арабиясында, Мароккода, Катарда және Бельгияның Фламанд қауымдастығында ғана оң үрдіс байқалады.


4.32-сурет. Жекелеген қатысушы елдерде оқуды өте жақсы көретін оқушылар үлесінің динамикасы, %



Дереккөз: IEA Халықаралық есебі, PIRLS-2016 және PIRLS-2021 / International Results in Reading, PIRLS-2016 and PIRLS-2021

Оқушылардың гендері тұрғысынан қарағанда, Қазақстанда оқуды «өте жақсы көретін» қыздардың үлесі ұлдарға қарағанда 8%-ға жоғары. Бұл үрдіс өзге де PIRLS-2021 қатысушы елдерінде байқалады. Барлық елдерде оқуды ұнататын қыздардың пайызы (орта есеппен 46%) ұлдарға қарағанда (орта есеппен 37%) көбірек.


4.33-сурет. Жекелеген қатысушы елдерде гендері бойынша оқуды өте жақсы көретін оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: IEA Халықаралық есебі, PIRLS-2021 / PIRLS-2021 International Results in Reading

Тұрғылықты жеріне байланысты қалалық бесінші сынып оқушыларының орта есеппен жартысына жуығы (47%) және ауылдық оқушылардың 61%-ы оқуды «өте жақсы көретіндерін» атап өтті (4.33-сурет). Ауыл мектебінде оқитын оқушылар арасында оқуға деген оң көзқарасы барлардың жоғары үлесіне қарамастан, олар зерттеуде жалпы алғанда төменірек нәтижелер көрсетеді.

4.34-сурет. Қала-ауыл бөлінісінде оқушылардың оқуға деген көзқарасы бойынша үлесі, %




Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Қатысушы елдер арасында орта есеппен оқуға деген көзқарас пен оқу жетістіктері арасында оң байланыс байқалады. Оқуды «ұнатпаймын» деп жауап берген оқушылардың орташа көрсеткіштері (491 балл) оқуды «өте ұнататын» (513 балл) және «белгілі бір дәрежеде» ұнататын (501 балл) оқушыларға қарағанда төмен болды.

Қазақстанда оқушылардың оқуға деген көзқарасы мен балдары арасында теріс байланыс байқалады. Аталған шкаланың регрессия коэффициенті $\beta = -2,5$, $p < 0,05$ құрады. Оқуды «өте жақсы көретінін» атап өткен оқушылар (501 балл) оқуды «ұнатпайтын» оқушыларға (518 балл) қарағанда 17 балға төмен нәтиже көрсетті. Салыстырмалы түрде қарағанда, оқушылардың аталған топтары PIRLS-2016-да бірдей көрсеткішке ие болды (536 балл). Бұл мектепте және одан тыс жерлерде оқу дағдыларын үйренуге жеткілікті жағдайдың болмауы немесе оқу стратегияларын сирек қолданудың әсерінен болуы мүмкін. Мысалы, үй тапсырмасының көп болуына байланысты балаларда жеке қызығушылық үшін оқуға бос уақыт қалмайды. Кейбір зерттеулер (McKenna, 2001; Yamashita, 2004, 2013) үлгерімі төмен оқушылардың барлығы оқуға теріс көзқараспен қарамайтынын көрсетті. Үлгерімнің төмендігі сыныптағы оқыту, мектеп кітапханаларында қызықты кітаптардың қолжетімділігі және т. б. сияқты факторларға байланысты болуы мүмкін.

4.35-сурет. Үйдегі кітаптар саны бөлінісінде оқушылардың оқуға деген көзқарасы бойынша үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Контекстік талдауға сәйкес, балалардың оқуға деген көзқарасы үйдегі кітаптардың санына байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, үйінде 200-ден астам кітабы бар оқушылар үйінде бірде-бір кітабы жоқ немесе өте аз (0-10) кітабы бар оқушыларға қарағанда, оқуды ұнататынын жиі атап өтеді. Үйінде 200-ден астам кітабы бар оқушылардың 61%-ы оқығанды айтарлықтай дәрежеде ұнатады. Алайда, үйінде 200-ден аз кітабы бар балалар арасында бұл үлес төменірек.

Балалардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуі олардың орта және жоғары сыныптардағы академиялық үлгеріміне әсер етуі мүмкін. Бұл кезеңде оқу материалының бірнеше есе артатынын ескеру керек. Сонымен қатар әртүрлі зерттеулер оқуға деген көзқарас оқу үлгеріміне әсер етіп қана қоймайтынын, сонымен қатар түсіну дағдылары да оқуға деген көзқарасқа ықпал ететінін көрсетеді (Toste және т.б., 2020). Басқаша айтқанда, жақсы дамыған оқу дағдылары балалардың оқуға деген ынтасын арттырады, ал ынтасы жоғары балалар жиі және үлкен қызығушылықпен оқиды. Балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырудың тиімді стратегияларына олардың қызығушылықтарына сәйкес келетін әртүрлі оқу материалдарын ұсыну, мәтіндерді таңдау мүмкіндігін беру және оқуға деген сенімділікті арттыру үшін жағымды кері байланыс беру жатады (IEA, 2022).


4.3.3. Оқуға деген сенімділік

Оқушылар, әдетте, өз қабілеттері туралы әртүрлі түсінікке ие және олардың өзін-өзі бағалауы көбінесе өткен тәжірибелеріне және құрдастарымен салыстыруына негізделген. PIRLS сауалнамасы шеңберінде оқушылардың оқуға деген сенімділігі анықталды. Бұл «Әдетте, мен жақсы оқимын», «Оқу мен үшін оңай», «Оқу мен үшін басқа сыныптастарыма қарағанда қиын», «Оқу мен үшін басқа сабақтарға қарағанда қиын» сияқты пікірлермен келісу дәрежесіне негізделді. Оқуға өте сенімді оқушылар орта есеппен алты мәлімдеменің үшеуімен толық келісіп, қалған үшеуімен ішінара келісті. Өз қабілеттеріне сенімді емес оқушылар орта есеппен алты мәлімдеменің үшеуімен ішінара келіспеді және қалған үшеуімен ішінара келісті. Басқа оқушылардың барлығы өз қабілеттеріне белгілі бір дәрежеде сенімді оқушылар санатына жатқызылды.

Оқушылардың жауаптарын талдау көрсеткендей, қазақстандық бесінші сынып оқушыларының негізгі үлесі өз білімі мен оқу қабілетіне «өте сенімді» топқа жатады (43%), бұл халықаралық орташа мәнмен (43%) сәйкес келеді. Сонымен қатар әрбір төртінші қазақстандық оқушы (24%) өз-өзіне сенімділігі төмен оқырман болып шықты.

Қатысушы 54 елде ұлдарға қарағанда қыздар арасында өте сенімді оқырмандар жиі кездеседі. Гонконг пен Данияда оқуға өте сенімді ұлдар мен қыздар бірдей үлесті құрайды. Тек Бельгияның Француз қауымдастығында ұлдар шамалы басым болды. Барлық қатысушы елдер арасында гендерлік белгі бойынша ең үлкен алшақтықтардың бірі Қазақстанда (11 балл) байқалады. Сондай-ақ ең үлкен алшақтық Грузияда (12 балл), Албанияда (13 балл), Әзірбайжанда (13 балл) және Сауд Арабиясында (18 балл) тіркелді.

4.36-сурет. Қала-ауыл және гендер бөлінісінде оқушылардың оқуға деген сенімділігі бойынша үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқуға өте сенімді ауыл оқушыларының үлесі қала оқушыларының үлесінен 7%-ға артық. Оқуға сенімді емес оқушылардың үлесі тұрғылықты жеріне байланысты қатты ерекшеленбейді.

Бесінші сынып оқушыларының жетістігі олардың оқуға деген сенімділік дәрежесіне тікелей тәуелді екендігі анықталды. Бұл байланыс жоғары регрессия коэффициентімен сипатталады ($\beta=9,9$, $p<0.05$), яғни индекс әр бірлікке жоғарылаған сайын оқу нәтижесі 10 балға артады. Оқу дағдыларына өте сенімді оқушылар (526 балл) өздеріне сенімді емес құрдастарынан (465 балл) 61 балға алда.

Оқуға деген сенімділік өз кезегінде оқушылардың оқуға деген көзқарасына әсер етеді. Өзіне сенімді емес немесе белгілі бір дәрежеде сенімді оқушылар өздерінің білімдері мен қабілеттеріне өте сенімді оқушылармен салыстырғанда, оқуға неғұрлым құлықсыз келеді ($\beta = -1$, $p<0.05$).

4.3.4. Оқушылардың әл-ауқаты

Зерттеуге сәйкес, балалардың оқу сауаттылығына әсер ететін факторлардың бірі олардың әл-ауқаты, соның ішінде сабақ кезінде немесе сабақ алдындағы жай-күйі болып табылады.

Қазақстанда әрбір төртінші оқушы күн сайын немесе күн сайын дерлік мектепте өзін шаршаңқы (25%) және әрбір үшінші оқушы аш (34%) сезінетінін айтты. Бұл көрсеткіштер 2016 жылмен салыстырғанда тиісінше 8% және 20%-ға өсті¹⁰. Салыстырмалы түрде қарағанда, әлемде күнделікті немесе күнделікті дерлік сабаққа шаршап және аш келетіндер сәйкесінше орта есеппен 37% және 35% құрайды.

Күн сайын өздерін аш сезінентін қазақстандық оқушылар 494 балл жинады, бұл оқушылардың басқа топтарының нәтижелерінен статистикалық түрде төмен. Ең жоғары нәтижелерді өздерін ешқашан бұлай сезінбейтін мектеп оқушылары көрсетті (514 балл). Ал шаршау сезімі мен оқушылардың үлгерімі арасындағы байланыс теріс.

4.37-сурет. Оқушылардың мектептегі жай-күйі бойынша үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

9-кіріктіріме. Өртүрлі елдердің бастауыш мектептерінде тамақтануды ұйымдастыру

Финляндия мектептерінде білім беру жүйесін қолдау мақсатында 1940 жылдардан бастап тегін тамақтану ұсынылады. Осы уақыт ішінде аталған бағдарлама финдік білім беру табысының ажырамас және маңызды бөлігіне айналды. Тамақтану баланың әл-ауқаты мен өсуінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Мектепке дейінгі, орта және жоғары сынып оқушыларының барлығы тегін құнарлы тамақтануға құқылы. Негізгі білім беру мекемелерінде күн сайын шамамен 830 000 мектеп түскі асы беріледі. Финляндия мектептерінде тегін тамақтануды енгізу тәжірибесі сабаққа қатысудың жалпы көрсеткішіне оң әсер етті.

2004 жылдан бастап мектептегі тамақтану жүйесі ұлттық оқу бағдарламасының бір бөлігіне айналды. Онда оның медициналық, білім беру, әлеуметтік және мәдени маңыздылығына ерекше назар аударылады. Бағдарлама сондай-ақ мектептегі тамақтануды бақылау және бағалау процестерін егжей-тегжейлі сипаттайды.

¹⁰ 2016 жылы «күн сайын» және «күн сайын дерлік» нұсқалары бір санатқа жатты.

Келденең ынтымақтастық Финляндия мектептеріндегі тамақтанудың институционалдық механизмдерінің негізгі сипаттамасы болып табылады. Жүйе ұлттық заңнамамен реттеледі және жергілікті деңгейде муниципалды білім беру органдарымен жүзеге асырылады. Әр муниципалитеттегі мектептердің саны әртүрлі болғандықтан, әр өңірдің тамақтануды ұйымдастырудың практикалық аспектілері айтарлықтай ерекшеленеді. Жергілікті оқу бағдарламалары мен жылдық мектеп жоспарлары тамақтануды ұйымдастыру қағидаларын анықтайды (уақыт, үстелдегі тәртіп ережелері және т.б.). Сонымен қатар оқушылар тамақты жоспарлауға және дайындауға белсенді қатыстырылады.

Тамақтану сапасын қоғамдық тамақтандыру қызметі қоректік заттардың құрамын талдауға арналған бағдарламалық құрал, жеткізушілер ұсынатын стандартты рецепттер немесе ұлттық азық-түлік құрамы дерекқорындағы қоректік заттардың мөлшерін есептеу арқылы мәзірді жоспарлау және енгізу кезінде бақылайды. Сондай-ақ, қарапайым электронды немесе қағаз түріндегі кері байланыс формалары (мысалы, смайликтер шкаласы) арқылы оқушылардың пікірі тұрақты түрде жиналады.


Кейбір мектептерде мұғалімдердің, оқушылардың, мектептің медициналық қызметкерлерінің және тамақтандыру провайдерлері өкілдерінің қатысуымен директор құрған тамақтану комитеті қызмет етеді. Олар бірлескен жоспарлау арқылы мәселелердің шешімін табу үшін жылына кемінде екі рет кездеседі.

Дереккөз: Pellikka K., Manninen M., Taivalmaa S. (2019) School Meals for All. School feeding: investment in effective learning – Case Finland. Ministry for Foreign Affairs. <https://um.fi/julkaisut>

Сауалнама аясында оқушылардан мектепке қаншалықты жиі бармайтынын хабарлау сұралды. Қазақстандық оқушылардың жартысынан көбі ешқашан немесе ешқашан дерлік сабақтан қалмағанын атап өтті (57%). Алайда әрбір бесінші оқушы апта сайын сабаққа қатыспады (20%). Бұл көрсеткіш халықаралық мәннен (11%) асып түсті.

Сабақтан қалу оқушылардың оқу сауаттылығының төмендеу факторларының бірі болып табылады. Оқушылар сабақты қаншалықты жиі өткізіп алса, соғұрлым төмен нәтиже көрсетеді. Аптасына кемінде бір рет мектепте болмаған (467 балл) және ешқашан сабақтан қалмаған (519 балл) оқушылардың нәтижелері арасындағы алшақтық 52 балды құрады.


4.38-сурет. Оқушылардың сабаққа қатыспау жиілігі бойынша нәтижелері, балл



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Оқушылардың өздерін мектептің бір бөлшегі ретінде сезінуі олардың жалпы әл-ауқатына ықпал етеді. Сауалнама аясында оқушылардан олардың мектепке деген көзқарасы, яғни мектепте болу қаншалықты ұнайтыны, өздерін қаншалықты мектептің бір бөлшегі ретінде сезінетіні және мұғалімдермен қандай қарым-қатынаста екендігі туралы сұралды. Өздерін мектептің бір бөлшегі ретінде «жоғары» дәрежеде сезінетін оқушылар, әдетте, мектепте өздерін қауіпсіз сезінеді, оқудан ләззат алады және мұғалімдермен жақсы қарым-қатынаста болады. 2021 жылғы сауалнама оқушылардың оқып жатқан мектебінде достары бар ма деген сұрақпен толықтырылды. Бұл мектеп қауымдастығында оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынастың олардың мектепке қатыстылық сезімі үшін маңыздылығын көрсетеді.

4.39-сурет. Қала-ауыл бөлінісінде өздерін мектептің бір бөлшегі ретінде сезінетін оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

Талдау көрсеткендей, қазақстандық оқушылардың жартысынан көбі (70%) мектепке қатыстылығын жоғары дәрежеде, 26% – орташа дәрежеде сезінеді, ал тек кейбіреулері ғана бұл сезімді әлсіз сезінеді (4%). Бұл ретте ауылдық мектеп оқушылары (79%) қалалық мектеп оқушыларына (63%) қарағанда өздерін мектептің бір бөлшегі ретінде қаттырақ сезінеді.

10-кіріктіріме. Әртүрлі елдердің мектептерде сабаққа қатысу көрсеткішін арттыру шаралары

Сингапур Білім министрлігі 2018 жылы құрған UPLIFT (*Uplifting Pupils in Life and Inspiring Families Taskforce*) ведомствоаралық тобы аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға жан-жақты қолдау көрсету мақсатында мектептерге көмек көрсетеді. UPLIFT-тің жұмысы әсіресе оқушылардың ұзақ уақыт бойы сабаққа келмеу жағдайларымен күресуге бағытталған. Бұл олардың оқу үлгеріміне кедергі келтіретін негізгі фактор болып табылады. 50-ден астам ұйым, соның ішінде мемлекеттік органдар, әлеуметтік қызмет көрсету агенттіктері, корпорациялар мен еріктілер тобы UPLIFT-пен ынтымақтасады. Арнайы дайындықтан өткен еріктілер балалар мен олардың отбасыларына уақытылы әлеуметтік-эмоционалды қолдау және практикалық көмек көрсетеді.

2019 жылдан бастап Білім министрлігі мектептерде UPLIFT «Мектеп ресурстарын кеңейту» (*Enhanced School Resourcing*) бағдарламасын пилоттық режимде жүзеге асырып, әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларды қолдау мақсатында қосымша ресурстар

беледі. Пилоттық жоба аясында жыл сайын 2000-нан астам оқушыға қолдау көрсетіледі. Нәтижесінде оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібінің жақсаруы, сондай-ақ өздерін мектептің бір бөлшегі ретінде сезіну дәрежесінің артуы байқалады. Пилоттық жобаның оң тәжірибесі басқа мектептер арасында да кеңінен таратылуда.

Дереккөз: Ministry of Education of Singapore (2021). Expansion of UPLIFT Initiatives. <https://www.moe.gov.sg/news/press-releases/20211110-expansion-of-uplift-initiatives>

4.4. COVID-2019 пандемиясының оқу жетістіктеріне әсері

COVID-19 пандемиясы басталғаннан кейін, әлемдегі көптеген мектептер қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз етуде айтарлықтай қиындықтарға тап болды. Бірқатар мектептер қашықтан оқытуға көшсе, кейбіреулері сыныптағы оқушылардың санын азайтты немесе COVID-19 таралуын болдырмау үшін арнайы шаралар қабылдады.

2020 жылғы 15 наурызда ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу туралы» Жарлығы жарияланды. 2020-2021 оқу жылы ішінде Қазақстанның көптеген мектептері қауіпсіз және тиімді оқу ортасын қамтамасыз ету мақсатында онлайн (77%) немесе гибриді оқыту форматына көшті. Дәстүрлі оқыту форматы негізінен 3 000-ға дейін тұрғыны бар ауылдық жерлердегі шағын мектептерге (300 оқушыға дейін) қолжетімді болды (23%). Мектептерге Online Мектеп, Kundelik, Daryn Online және BilimLand сияқты онлайн-платформалар ұсынылды. Сондай-ақ, «Еларна», «Балапан» телеарналарында аптасына 5 күн бойы көрсетілген ұзақтығы 7-15 минуттық 2 мыңға жуық телевизиялық сабақтар дайындалды (Ковязина және т.б., 2020). Бұл қазақстандық оқушылардың жартысынан астамын білім беру ресурстарымен қамтамасыз етті. Бұдан бөлек, радио арқылы аудио-сабақтар таратылып, байланыс пен интернет болмаған жағдайда, пошта арқылы қағаз оқу материалдары жіберілді.

Пандемияның салдары туралы әртүрлі зерттеулер оқушылардың, әсіресе пандемияның алғашқы жылдары, білімін жоғалтқанын көрсетеді. Мысалы, АҚШ зерттеушілері 2 және 3-сынып оқушыларының көпшілігінде оқу сияқты негізгі дағдыларға деген қызығушылықтың жоғалғанын анықтады. Оның негізгі себептерінің бірі – Zoom-да тілдік ортаны қалыптастырудың қиындығы (Domingue және т.б., 2021). Англияда 2021 жылдың басында пандемияның екінші толқынынан кейін бастауыш сынып оқушылары өткен жылдармен салыстырғанда математикадан 3,5 айға және оқу сауаттылығынан 2,2 айға артта қалды (Education Policy Institute, 2021). Бұл құлықсыз оқырмандарға – ұлдарға, ата-аналары жиі оқымайтын отбасылардан шыққан балаларға және әлеуметтік осал топтан шыққан балаларға ең үлкен зардабын тигізді (Thomson, 2022).

11-кіріктіріме. Әртүрлі елдерде COVID-19 пандемиясына қарсы әрекет ету шаралары

2020 жылдың наурыз айының басында **Польшада** COVID-19 ауруының алғашқы жағдайлары анықталды. Барлық мектептер жабылып, екі аптадан кейін онлайн оқыту форматына көшті. Қашықтан оқыту 2019-2020 оқу жылының соңына дейін жалғасты. Балабақша немесе мектеп жабылған кезде, 8 жасқа дейінгі балалары бар жұмыс істейтін ата-аналар арнайы күтім жәрдемақысының 80%-ына қол жеткізе алды.

2020-2021 оқу жылы 2021 жылдың 3 мамырына дейін (1-3-сынып оқушылары үшін) және 31 мамырына дейін (қалған оқушылар үшін) онлайн және гибриді форматта өтті.

Мұғалімдер үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) және оқыту платформаларын пайдалану бойынша бірнеше тренингтер ұйымдастырылды. 2020 жылдың күзінде үкімет әр мұғалімге қажетті жабдықтарды сатып алу үшін қосымша субсидия (шамамен 126 доллар) бөлді.

Ұлттық білім министрлігі мен *Digital Poland* жобалау орталығы қашықтан оқытуға қажетті жабдықтарды (компьютерлер, ноутбуктер немесе планшеттер), бағдарламалық жасақтамаларды, кең жолақты немесе мобильді интернетті және т.б. сатып алу үшін жергілікті үкіметтерді қаржыландыруға арналған екі гранттық бағдарламаны іске қосты. Осы мақсатта шамамен 85 млн еуро бөлінді. Министрлік сонымен қатар қашықтан оқыту материалдары бар арнайы платформаларды, соның ішінде әртүрлі баспалар мен ұйымдар тегін қамтамасыз еткен материалдарды ұсынды. Бұл материалдар 6800-ден астам интерактивті электронды материалдарды, 3200-ден астам сабақ жоспарларын, 105 оқу бағдарламаларын, кейбір пәндер бойынша қосымша оқу ресурстарын, оқуға арналған фильмдерді, аудиокітаптарды және т.б. қамтыды. Сонымен қатар 191 мұғалім қатысқан 1 600-ден астам теле және радио сабақтар әзірленді.

Министрлік мектеп директорлары мен мұғалімдерін қолдау мақсатында бірнеше нұсқаулықтар жариялады. Олар негізінен қашықтан оқыту үлгілері мен әдістеріне назар аударды және әртүрлі электрондық құралдар мен материалдарға, соның ішінде Министрліктің цифрлық білім беру саласындағы қызметі туралы брошюраларға, мектептерге арналған *General Data Protection Regulation* (GDPR) мекемесінің жеке деректерді қорғау ережелеріне, психологиялық қолдау көрсету материалдарына және т. б. сілтемелер мен нұсқауларды қамтыды.

Сауд Арабиясында 2020 жылдың 9 наурызынан бастап барлық сабақтар қашықтықтан оқыту форматына көшті және жазылған сабақ түрінде өтті. Бұл білім беру технологиясы саласындағы жинақталған тәжірибе мен бірнеше ұйымдардың үйлескен жұмысының арқасында мүмкін болды. Пандемиядан бұрын үкіметтің бастамасымен құрылған Ұлттық электрондық оқыту орталығының, *T4edu* және *Tatweer Educational Technologies* (TETCO) компанияларының бай тәжірибесі мен сараптамалық білімі қашықтықтан оқытудың бірегей моделін дамытуға негіз болды. Жазылған сабақтар тәулігіне 24 сағат бойы iEN TV және iEN YouTube арналарында көрсетілді.

2020-2021 оқу жылының басында онлайн оқыту және педагогикалық мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында *Microsoft* құралдары және виртуалды зертханалар кіріктірілген ұлттық *Madrasati* («Менің мектебім») платформасы әзірленді. Платформада 154 млн астам виртуалды сыныптар және 16 млн астам түрлі білім беру ресурстары, соның ішінде видеолар, дамыту ойындары, кеңейтілген шындық, 3D-нысандары, интерактивті іс-шаралар мен кітаптар болды. Сондай-ақ, электрондық оқыту туралы хабардарлықты арттыру және оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту үшін «Мектепке оралу» ақпараттық платформасы құрылды. Онда ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер барлық ақпаратқа, пайдаланушы нұсқаулықтарына, оқыту видеоларына және электрондық оқытуды сәтті енгізу үшін қажетті ережелерге қол жеткізе алды.

Мектеп басшылары оқытудың жаңа цифрлық құралдары мен әдістерін қолдану бойынша мұғалімдердің кәсіби дамуын ұйымдастыруда шешуші рөл атқарды. Кейбір мұғалімдер әріптестеріне қолдау көрсету мақсатында электронды оқытудың үйлестірушілері қызметін атқарды. Оларға байланыс орталықтары, интеграцияланған онлайн чаттар, кіру нұсқаулықтары және т. б. арқылы техникалық қолдау көрсетілді.

Оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге жауап ретінде оқу бағдарламасының мазмұны қайта қаралды. Білім беру саласындағы мамандар жеке курстар мен сабақтар, оқу материалдары мен әдістемелік құралдар әзірледі, сондай-ақ сабақтарды түсіруге, жазуға және әр сабақты өткізудің ең тиімді әдістерін анықтауға жауапты болды. Бір аптадағы

сабақтар саны уақытша қысқартылды. Оқушылардың білімін қалпына келтіру келесі оқу жылын ұзарту арқылы көзделді.

Дереккөз: PIRLS-2021 Энциклопедиясы / PIRLS-2021 Encyclopedia.

World Bank (2022). Saudi Arabia's Digital and Distance Education Experiences from the COVID-19 Pandemic and Opportunities for Educational Improvement. Washington, DC: World Bank.

<http://hdl.handle.net/10986/37072> License: CC BY 3.0 IGO.


4.4.1. Пандемияның мектептің оқу процесіне әсері

COVID-19 пандемиясы кезінде жүргізілген жалғыз халықаралық ауқымды зерттеу ретінде PIRLS-2021 мектеп директорлары мен ата-аналардың сауалнамасы аясында пандемияның оқу процесіне әсері туралы құнды контекстік ақпарат ұсынады. PIRLS-2021 қатысушылары пандемия басталған кезде екінші және үшінші сыныптарда оқыды, ал бұл оқу дағдыларын қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылады (World Bank, 2023). Сонымен қатар деректерді жинау кезінде оқушылар бірнеше ай бойы мектепке бармады.

Мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама деректерін талдауға сәйкес, 2020-2021 оқу жылында барлық елдер бойынша COVID-19 пандемиясына байланысты әдеттегі жұмысы тоқтатылмаған бастауыш мектептерінде оқушылардың тек 14%-ы оқыды. Әлем бойынша төртінші сынып оқушыларының жартысына жуығы (47%) COVID-19 пандемиясы мектеп жұмысына екі айдан астам уақыт әсер еткен мектептерде оқыды.

Қазақстанда төртінші сынып оқушыларының 60%-дан астамы COVID-19 пандемиясы мектептің қалыпты жұмысына кем дегенде екі аптадан сегіз аптаға дейінгі уақыт бойы әсер еткен мектептерде оқыды. Ал қатысушы елдер бойынша мұндай балалардың үлесі орта есеппен 80%-дан асады.

4.40-сурет. COVID-19 пандемиясының бастауыш мектептің жұмысына әсер ету ұзақтығы бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: IEA Халықаралық есебі, PIRLS-2021 / PIRLS-2021 International Results in Reading

Пандемияға байланысты бастауыш мектеп жұмысындағы үзілістердің ұзақтығы оқушылардың үлгеріміне айтарлықтай әсер етпегенін атап өткен жөн. Директорлары пандемияның мектеп қызметіне әсері болмағанын хабарлаған мектеп оқушылары (506 балл) 8 аптадан астам уақыт бойы жабылған мектеп оқушыларына (499 балл) қарағанда, орта есеппен 7 балға жоғары нәтиже көрсетті, алайда бұл айырмашылықтың статистикалық мәні жоқ.

Мектеп директорларымен қатар, оқушылардың ата-аналары да пандемияның мектептің оқу процесіне әсері туралы сауалнама сұрақтарына жауап берді. Олардың берген жауаптарына сәйкес, 4-сынып оқушыларының 74%-ы COVID-19 пандемиясына байланысты мектепке бармаған. Ата-аналардың айтуынша, оқушылардың 46%-ы үшін мектептің жабылуы олардың оқуына белгілі бір дәрежеде теріс ықпал етті, 17%-на – жоғары дәрежеде, ал 10%-на мүлдем әсер етпеді.


Салыстырмалы түрде қарағанда, PIRLS-2021 қатысушы елдер арасында орта есеппен 87% балалардың ата-аналары олардың мектепке бармағанын хабарлады. Оқушылардың үштен екісінің ата-аналары (67%) пандемия баланың үлгеріміне жоғары (22%) және белгілі бір (45%) дәрежеде теріс ықпал еткенін хабарлады. Ал оқушылардың 19%-ның ата-аналары бұл баланың үлгерімінде айтарлықтай көрініс таппағанын айтты.

Жалпы алғанда, пандемия кезінде мектептердің жабылуының оқушылардың оқуға деген ынтасына (Di Pietro және т.б., 2020), олардың әл-ауқатына (Rozman және т. б., 2022) және сайып келгенде, оқу үлгеріміне теріс әсерін жоққа шығаруға болмайды. 29 елдің деректеріне негізделген зерттеу мектептің бір күнге жабылуы PIRLS шкаласы бойынша оқушы үлгерімінің 0,14 балға төмендеуіне алып келетінін көрсетті (Kennedy, 2023). Әртүрлі елдердегі стандартты оқу жылы орташа алғанда шамамен 180 күнді құрайтынын ескерсек (OECD, 2021), мектептердің тұтас бір оқу жылына жабылуы білімнің жартысынан көбін (57%) жоғалтуға әкелуі мүмкін. Hanushek және т.б. (2020) оқудың тапшылығы жеке білім беру жетістіктерінің шекарасынан шығып, ұлттық экономикалық дамуға әсер етуі мүмкін екенін ескертеді.

4.4.2. Пандемия кезінде мектептерге ресурстық және әдістемелік қолдау көрсету және оқушылардың үлгерімі

Мектеп директорларының жауаптарына сәйкес, әлемде орта есеппен оқушылардың 93%-ы мектеп жабылған уақытта бастауыш сыныптарға қашықтан оқыту ресурстарын ұсынған мектептерде оқыды. Бұл көрсеткіш әртүрлі елдерде 31%-дан 100%-ға дейін құбылады (4.40-сурет). Қазақстанда оқушылардың 95%-ы оқушылар мен мұғалімдерді әртүрлі ресурстармен қамтамасыз ете отырып, қашықтан оқытуды қолдаған мектептерде оқыды. Бұл мән Хорватия, Австралия және Бельгияның Фламанд қауымдастығының мәніне ұқсас және Финляндия, Швеция, Норвегия, Түркия, Әзірбайжан және т. б. елдердің көрсеткіштерінен жоғары.

4.41-сурет. COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтан оқыту ресурстарын ұсынған мектеп оқышылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Оқышыларға қолдау көрсетудің ең кең тараған түрі цифрлық құрылғыларға, интернет-ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мұғалімдерге онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беру болды (94%). Жалпы алғанда, қолдаудың барлық түрлері бойынша Қазақстан көрсеткіштері халықаралық орташа көрсеткіштен жоғары болды. Мұндай жоғары көрсеткіштер әлеуметтік

қажеттілік ¹¹ әсерімен байланысты болуы мүмкін, яғни кейбір директорлар сауалнама сұрақтарына жауап берген кезде, өз мектебінің көрсеткен қолдау дәрежесін асыра бағалауы мүмкін.

Чехия және АҚШ мектептері қашықтан оқыту кезінде интернет-ресурстармен қамтамасыз етуде оқушыларға жүз пайыздық қолдау көрсетті. Бұл елдер сондай-ақ Литва, Латвия және Словения сияқты елдермен қатар, мұғалімдерге цифрлық құрылғыларға қол жеткізуге мүмкіндік берген көшбасшы елдер тізіміне енді.

4.42-сурет. COVID-19 пандемиясы кезінде мектептердің қашықтан оқытуды қолдау тәсілдері бойынша оқушылардың үлесі, %



Дереккөз: PIRLS-2021 халықаралық дерекқорын талдау

Сонымен қатар ата-аналардың сауалнамасы арқылы балалары COVID-19 пандемиясына байланысты мектепке бармаған кезде мектеп тарапынан ұйымдастырылған іс-шаралар туралы ақпарат жиналды. Оқушылардың жартысынан көбінің ата-аналары мектеп балаларға оқуға арналған тапсырмалар (62%) және онлайн-тапсырмалар (71%) бергенін хабарлады. Оқушылардың жартысының ата-аналары балаларының үйден оқуын қолдау мақсатында мектеп баспа оқу материалдарын қолданғанын атап өтті (50%). Әлемде ата-аналары жоғарыда аталған іс-шаралардың әрқайсысын атап өткен оқушылардың үлесі орта есеппен тиісінше 63%, 75% және 48% құрады.

4.2-кесте. Регрессиялық талдау нәтижелері

Үйде оқуға қолдау көрсету	β	β SE	t-тест
Оқудан тапсырмалар берді	4,74	4,67	1,02
Онлайн оқыту жүргізді	18,49	7,40	2,50
Баспа оқу материалдарын қолданды	6,88	3,76	1,83

Дереккөз: PIRLS-2021 ұлттық дерекқорын талдау

¹¹ Әлеуметтік қажеттіліктің әсері (*ағылш. social desirability bias, SDB*) – респонденттердің жауаптарындағы біржақтылықты сипаттайтын әлеуметтану зерттеулерінде кездесетін термин. Бұл респонденттердің басқалардың алдында жақсырақ көрінетін жауаптарды беру үрдісін сипаттайды.

Әр іс-шараның жеке үлесін бағалау үшін регрессиялық талдау әдісі қолданылды. Талдау оқушыларды баспа оқу материалдарымен қамтамасыз ету және оқудан тапсырмалар тағайындаудың олардың үлгеріміне айтарлықтай әсер етпегенін көрсетті. Ал онлайн оқыту балалардың академиялық табыстылығының оң және маңызды предикторы болып табылады ($t=2,5$, $p<0.05$). Қашықтан оқыту кезінде онлайн іс-шаралар ұйымдастырған мектептің оқушылары барлық басқа айнымалыларды есепке алғаннан кейін мұндай тапсырмаларды орындамаған құрдастарына қарағанда 18 балға жоғары нәтиже көрсетті.

4.4.3. Пандемия кезіндегі оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы және оқу үлгерімі

Бірқатар зерттеулердің нәтижелері әртүрлі елдерде мектептің жабылу саясатына байланысты әлеуметтік теңсіздіктің күшейгенін көрсетеді. Атап айтқанда, пандемияның салдары үйдегі білім беру ресурстарына қолжетімділігі төмен және үйінде компьютері жоқ оқушылар үшін анағұрлым айқын болды (Kennedy, 2023).

Пандемияға дейін және пандемия кезінде үйдегі білім беру ресурстарының деңгейі мен оқу үлгерімі арасындағы өзара байланысты талдау нәтижесі екі цикл бойы әлеуметтік осал топтан шыққан қазақстандық оқушылар үй ресурстары жеткілікті отбасылардан шыққан оқушылармен салыстырғанда, төмен балл жинағанын көрсетті. Алайда, регрессиялық талдау бұл қарым-қатынас пандемия кезінде неғұрлым айқын болғанын анықтады. 2021 жылы үй ресурстарының деңгейі төмен отбасылардан шыққан оқушылар үлесінің бір бірлікке артуы оқу үлгерімінің 61 балға төмендеуіне алып келсе ($\beta=-61$, $p<0.05$), 2016 жылы бұл көрсеткіш 57 балды құраған болатын ($\beta=-57$, $p<0.05$).

Бұл ретте 2016 және 2021 жылдар аралығында неғұрлым ауқатты отбасылардан шыққан оқушылар мен әл-ауқаты төмен отбасылардан шыққан оқушылар үлгерімінің төмендеуі байқалады. Соның ішінде, ресурсының деңгейі төмен отбасылардан шыққан оқушылардың орташа көрсеткіштері 45 балға төмендеді. Бұл үй ресурстарының деңгейі жоғары оқушыларға қарағанда 4 балға көп. Бұл әл-ауқаты төмен отбасылардан шыққан оқушылардың қашықтан оқуға қажет цифрлық ресурстарға қолжетімділігінің шектеулілігімен байланысты болуы мүмкін (Kennedy, 2023). Зерттеушілердің пікірінше, оқушылардың үлгеріміндегі алшақтықты азайту үшін барлық оқушылардың үлгерімін жақсартып отырып, ӨЭЖ деңгейі төмен оқушыларға баса назар аудару керек (Mullis және т.б., 2016).

5. Қорытындылар мен ұсыныстар

PIRLS – бұл бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын бақылау үшін жоғары сапалы деректер ұсынатын әлемдегі жалғыз ауқымды зерттеу. PIRLS шеңберінде ақпаратты табу, қорытындыларды тұжырымдау, ақпаратты түсіндіру және біріктіру, мәтіннің мазмұны мен элементтерін бағалау сияқты ең маңызды оқу дағдылары бағаланады.

PIRLS-2021 зерттеуі 20 жылдық кезеңдегі елдердің білім беру жетістіктерінің тенденцияларын қамтиды және COVID-19 пандемиясының оқу процесіне әсері туралы құнды контекстік ақпарат ұсынады. Оған әлемнің 65 елі мен жекелеген аумағы қатысты. Бұл циклдің ерекшелігі – цифрлық форматқа көшу және әртүрлі елдердегі оқушылардың оқу сауаттылығы мен күрделілік деңгейлері арасындағы жоғары сәйкестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін топтық бейімдеу дизайнын қолдану.

2021 жылы Қазақстан PIRLS зерттеуіне екінші рет қатысты. Зерттеу республиканың барлық өңірлерінен 389 мектептің (5-сыныптың 10 230 оқушысы) қатысуымен аралас форматта өтті. Оның ішінде 267 мектептің бесінші сынып оқушылары компьютерлік форматта, 122 мектеп – қағаз форматында тестілеуге қатысты.

PIRLS-2021 қорытындысы бойынша, қазақстандық оқушылар (504) PIRLS шкаласының орташа мәнімен (500) салыстырмалы нәтижелер көрсетті. Талдау нәтижесінде оқу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін бірқатар маңызды факторлар анықталды: отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мектепке дейінгі дайындық, балалар мен олардың ата-аналарының оқуға деген көзқарасы, мектептің әлеуметтік-экономикалық құрамы, мектеп ресурстары, оқу ортасы, буллинг, оқуға үйрету әдістері, мұғалімнің жұмыс өтілі мен жасы, оқушылардың цифрлық дағдылары, олардың мектептегі жай-күйі және т. б.

Зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, бастауыш сыныптарда оқуға үйрету процесін жақсарту және балалардың оқу сауаттылығын арттыру үшін келесі ұсынымдар беріледі:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінде

- Мектепке дейінгі біліммен кеңірек қамту. Соңғы бес жылда балабақшалар санының айтарлықтай өсуіне қарамастан (2018 жылы 6,2 мың бірліктен 2022 жылы 7,9 мың бірлікке дейін), мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға деген сұраныс жоғары болып қалуда. 2022 жылғы жағдай бойынша, кезекте 291 мыңнан астам бала тұрды.¹² Орта мерзімді демографиялық болжамға сәйкес, 2028 жылға қарай елімізде туу көрсеткіші жылына 400 мың адамға жетсе, 2036-2037 жылдарға қарай жылына 500 мың адамнан асып түседі.¹³ Туу үрдістерін, сондай-ақ балалардың базалық сауаттылық дағдыларын қалыптастырудағы мектепке дейінгі білім берудің маңыздылығын ескере отырып, балабақшаларда, әсіресе халық тығыз орналасқан жерлерде және туу деңгейі жоғары өңірлерде жаңа орындар құру мәселесі өзекті болып қала бермек. Сондықтан мектепке дейінгі білімге қолжетімділікті кеңейтудегі

¹² ҰБДҚ (iас.kz)

¹³ Официальный сайт АО «Центр развития трудовых ресурсов» (enbek.kz)

бизнесінің рөлін күшейту, ол үшін мемлекет тарапынан институционалдық, ақпараттық және қаржылық қолдауды нығайту ұсынылады.

- Оқытудың тиімділігі мен балалардың оқуға ынтасын арттыру үшін заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сауаттылық пен есеп саласындағы мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру. Еуропалық комиссияның 2019 жылғы есебіне енгізілген 38 елдің 26-сы өз ұсыныстарында мектепке дейінгі білімге технологияларды енгізу қажеттілігін көрсетеді (Walshe, 2023). Бұл өз кезегінде балабақша тәрбиешілерін тиісті дайындықпен қамтамасыз етуді және олардың педагогикалық тәжірибесіне технологияларды тиімді енгізуді қолдауға арналған нұсқаулықтар әзірлеуді талап етеді.

Орта білім беру деңгейінде

Тіл/оқу саласындағы оқу бағдарламаларының мазмұнын келесі бағыттар бойынша жетілдіру:

- *тіл/оқу сабақтарында ақпараттық мәтіндерді пайдалануды кеңейту*
- *оқығанын түсіндіру, біріктіру және сыни бағалау сияқты жоғары ретті оқу дағдыларын дамытуды ескеретін оқыту тәсілдерін пайдалануды кеңейту*
- *ақпараттың сенімділігі мен пайдалылығын сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын жетілдіру үшін оқыту тәжірибесінде онлайн оқу стратегияларын пайдалануды кеңейту.*

- Төмен көрсеткіштер көрсеткен өңірлерде оқушылардың артта қалу себептеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізу арқылы білім беру сапасын жүйелі түрде арттыру бойынша түпкілікті көрсеткіштері мен мерзімдері көрсетілген іс-қимыл жоспарын әзірлеу. Осы процесті қолдау үшін өңірлік әдістемелік орталықтардың PIRLS деректерін түсіндіру мен пайдаланудағы міндетін одан әрі күшейту қажет.

- Жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген өңірлердің оқу сауаттылығын арттырудың инновациялық стратегиялары саласындағы табысты тәжірибесін түрлі іс-шаралар (конференциялар, форумдар, семинарлар, воркшоптар және т.б.) арқылы тарату.

- Қала және ауыл мектептерінің педагогтері арасында тілді/оқуды үйретуге қатысты байланысты күшейту. Ол үшін педагогтердің кәсіби қауымдастықтарын құру және идеялармен, оқу материалдарымен және табысты тәжірибелермен алмасуға мүмкіндік беретін бірыңғай электрондық портал құру қажет.

- Мектептер мен жергілікті кітапханалардың өзара іс-қимылын балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру бойынша бірлескен іс-шаралар (экскурсиялар, кітап клубтары, конкурстар, көрмелер, авторлармен кездесулер, оқылған кітаптар туралы сұхбат және т.б.) ұйымдастыру арқылы күшейту.

- Бастауыш сыныптарда оқуға үйрету тәжірибесіне цифрлық құрылғыларды енгізу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу, осылайша оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру тұрғысынан оларды сыныпта қолдану тиімділігін арттыру.

- Цифрлық оқу материалдары, оқулықтар, онлайн-ресурстар, ойындар, оқу процесін жоспарлауға және оқушылардың білімін бағалауға арналған құралдар және т. б. сияқты оқумен байланысты инновациялық және тиімді білім беру ресурстарын әзірлеу бойынша әзірлеушілер мен авторларға арналған мемлекет тарапынан гранттық бағдарламалар ұсыну.

- Мектеп кітапханаларын оқушылар сауалнамасы және ата-аналармен кеңесу деректері негізінде оқушыларға қызықты болатын заманауи оқу материалдарымен, соның ішінде ғылыми-танымдық кітаптармен қамтамасыз ету. Зерттеулер көрсеткендей, оқушылар өздерін қызықтыратын кітаптар болған кезде ғана кітапхананы пайдаланады (Nielen және т.б., 2015; Clark және т.б., 2010).

- Танымал және беделді тұлғаларды тарта отырып, әлеуметтік жарнамалар, әлеуметтік желі арналары арқылы балалар мен ересектер арасында оқуды кеңінен насихаттау. Жалпы, қоғамда оқуға деген оң көзқарасты дамыту және сақтау, оқудың құндылығы туралы әркімнің түсінігін тереңдету маңызды.

- Әр баланың бастауыш білімге қатысуға минималды критерийлерге сәйкес дайындығын бағалау және қосымша қолдау қажеттіліктерін анықтау үшін бірінші сыныпта скринингтік тесттер жүргізу. Оқуда қиындықтарға тап болған оқушылар анықталған жағдайда, оларға қосымша сағат бөлу және үлгерімін бақылау арқылы жеке қолдау көрсету маңызды. Білім беру мамандары 10 жастан кейін оқушыларға жоғалтқан білімінің орнын толтыру қиынға соғатынын мойындайды.

- Жас мұғалімдердің оқуға үйрету және сыныпты басқару саласындағы тәлімгерлік институтын нығайту, яғни олардың оқу жүктемелерін азайту, сапалы кері байланыспен қамтамасыз ету, сондай-ақ тәлімгер-мұғалімдерге еңбек жолын енді бастаған мұғалімдерге қолдау көрсетуді ұйымдастыру бойынша арнайы курстар ұсыну. Тәжірибелі мұғалімдер осындай біліктілікті арттыру курстарына жаттықтырушы ретінде қатыса алады. PIRLS нәтижелері жас мұғалімдер оқытатын оқушылар неғұрлым төмен нәтиже көрсететіне дәлел болады.

- Оқу мәдениетін насихаттауда мектеп кітапханаларының мәртебесін арттыру және кітапхана қызметкерлерін материалдық ынталандыру (мысалы, білімі мен біліктілігін арттырғаны үшін қосымша ақы) тұрғысынан педагог деңгейімен теңестіру. Кітапханаларда ай сайын тұрақты түрде факультативтік кітап оқу сағаттарын, әдеби және театрлық бағдарламаларды, ата-аналарға арналған семинарларды, кітап авторларымен кездесулерді және т. б. өткізу.

- Балалар мен жастар арасында оқуды насихаттауға елеулі үлес қосқан, мысалы шалғай аудандарда инновациялық кітапхана мен мультимедиялық орталықтар салған, кітап дүкендерін ашқан, мектеп кітапханаларына кітаптар мен цифрлық құрылғыларды сыйға тартқан және т.б. жергілікті кәсіпкерлерді мемлекеттік деңгейде марапаттау. Құрмет және марапаттар басқа кәсіпкерлерді осы салаға белсенді инвестициялауға ынталандыруы мүмкін.

ТЖКБ және жоғары білім беру деңгейінде

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын келесі бағыттар бойынша күшейту:

- *оқушылардың ақпараттық мәтіндерді оқу дағдыларын дамыту әдістері;*
- *оқуға үйретуде шынайы өмірге негізделген тәсілді қолдану (мысалы, басқа мектеп пәндерінің материалдарын, электрондық хаттады, әлеуметтік желі жазбаларын пайдалану)*
- *оқушыларда оқығанын түсінудің неғұрлым жетілдірілген когнитивтік стратегияларын (оқығанын біріктіру, түсіндіру және бағалау) модельдеу, топтық оқу және т. б. әдістерін қолдану арқылы дамыту*

- оқушыларда оқығанын түсінудің метакогнитивті стратегияларын дамыту (оқу алдында мақсат қою, оқу кезінде түсінгенін бақылау және оқудан кейін түсінбегендерін нақтылау)
 - өз пікірін келтіруді немесе өз таңдауын түсіндіруді талап ететін тапсырмаларды әзірлеу және бағалау (ашық сұрақтар)
 - ұлдардың оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу және пайдалану
 - оқуға үйретуде дифференциалды тәсілді қолдану (мысалы, жеке оқушылардың қызығушылықтары мен деңгейлеріне сәйкес келетін мәтіндер таңдау)
 - цифрлық мәтіндермен, оның ішінде интернет-ортада жұмыс істеу
 - оқуға үйретуде цифрлық технологияларды қолдану
 - оқуға үйретуді басқа пәндермен біріктіру.
- Педагогикалық іс-тәжітибеден өтуге қойылатын талаптарды күшейте отырып, педагогикалық мамандықтардың оқу бағдарламаларын ең алдымен студенттердің дағдыларын дамытуға бағыттау.

Үздіксіз кәсіби даму деңгейінде

- Біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларын келесі бағыттар бойынша жетілдіру:
 - оқуға үйретудің әртүрлі стратегияларын қолдану арқылы сыныпта тиімді оқытуды ұйымдастыру (мысалы, модельдеу, терең өзара әрекеттесу, өзара оқыту және т. б.)
 - цифрлық мәтіндермен жұмыс
 - мұғалімдердің формативті бағалауды, сондай-ақ оқу дағдыларын бағалаудың балама әдістерін қолдану дағдылары мен түсінігін дамыту
 - оқуды игере алмау қаупіне барынша бейім балаларды анықтау
 - үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
 - тәртіп пен мінез-құлық проблемалары бар оқушылармен жұмыс (сынып жетекшілері мен мектеп психологтары үшін)
 - сабақтан тыс уақытта оқуды ұйымдастыру (кітапханашылар үшін)
 - көптілді ортада оқуға үйрету
 - бастауыш сыныптарда оқыту және бағалау тәжірибесінде PIRLS бағалау жүйесін қолдану.

Әдебиеттер тізімі

APA. (2018). Socioeconomic status. Retrieved from <http://www.apa.org/topics/socioeconomicstatus/>.

Barone, C. (2006). Cultural capital, ambition and the explanation of inequalities in learning outcomes: A comparative analysis. *Sociology*, 40(6), 1039–1058.

Buchmann, C. (2002). Measuring family background in international studies of education: Conceptual issues and methodological challenges. In National Research Council (Ed.), *Methodological advances in cross-national surveys of educational achievement* (pp. 150–197). Washington, DC: The National Academies Press. Retrieved from <https://doi.org/10.17226/10322>.

Clark, C. (2010). *Linking school libraries and literacy: Young people's reading habits and attitudes to their school library, and an exploration of the relationship between school library use and school attainment*. London, UK: National Literacy Trust.

Di Pietro, G., Biagi, F., Costa, P., Karpiński, Z., Mazza, J. (2020). *The likely impact of covid-19 on education: Reflections based on the existing literature and recent international datasets* (Vol. 30275). Publications Office of the European Union Luxembourg.

Domingue, B. W., Hough, H. J., Lang, D., & Yeatman, J. (2021). *Changing Patterns of Growth in Oral Reading Fluency during the COVID-19 Pandemic*. (Policy Analysis for California Education, Working Paper). https://edpolicyinca.org/sites/default/files/2021-03/wp_domingue_mar21-0.pdf

Duncan, G.J., & Magnuson, K. (2013). Investing in preschool programs. *Journal of Economic Perspectives*, 27(2), 109–132.

Duncan, G.J., & Sojourner, A.J. (2013). Can intensive early childhood intervention programs eliminate income-based cognitive and achievement gaps? *Journal of Human Resources*, 48(4), 945–968.

Education Policy Institute. 2021. *Understanding Progress in the 2020/21 Academic Year: Initial Findings from the Spring Term*. London: Department for Education. https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/991230/Understanding_Progress_in_the_2020_21_Academic_Year_Initial_Report_3_.pdf

European Commission (2017). *Education and Training Monitor*. Sweden: Publications Office of the European Union. https://ec.europa.eu/education/sites/education/files/monitor2017-se_en.pdf.

Hanushek, E.A., & Woessmann, L. (2020). *The economic impacts of learning losses*. OECD.

Hjetland, H. N., Lervåg, A., Lyster, S. A. H., Hagtvet, B. E., Hulme, C., & Melby-Lervåg, M. (2019). Pathways to reading comprehension: A longitudinal study from 4 to 9 years of age. *Journal of Educational Psychology*, 111(5), 751.

Heyneman, S. and Loxley, W. (1982) Influences on academic achievement across high- and low-income countries: a re-analysis of IEA data. *Sociology of Education*, 55, 13-21.

IEA (2022). *Do Your Students Like to Read? Strategies Teachers Employ to Inspire Positive Attitudes Toward Reading*. <https://www.iea.nl/publications/iea-teachers-snippet/do-your-students-read-strategies-teachers-employ-inspire-positive>

- Kennedy, A. I., & Strietholt, R. (2023). School Closure Policies and Student Reading Achievement: Evidence Across Countries. <https://doi.org/10.31219/osf.io/93rgz>
- Levy, B. A., Gong, Z., Hessels, S., Evans, M. A., & Jared, D. (2006). Understanding print: early reading development and the contributions of home literacy experiences. *Journal of Experimental Child Psychology*, 93(1).
- Marôco, J. (2021). What makes a good reader? Worldwide insights from PIRLS 2016. *Read Writ* 34, 231–272. <https://doi.org/10.1007/s11145-020-10068-8>
- McKenna, M.C., (2001). Development of reading attitudes. In: Verhoeven, L., Snow, C.E. (Eds.), *Literacy and Motivation: Reading Engagement in Individuals and Groups*. Routledge: London, pp. 135–158.
- Mullis, I.V.S., Martin, M.O., & Loveless, T. (2016). *20 Years of TIMSS: International trends in mathematics and science achievement, curriculum, and instruction*. Chestnut Hill: TIMSS & PIRLS International Study Center, Boston College. Retrieved from: <http://timss2015.org/timss2015/wp-content/uploads/2016/T15-20-years-of-TIMSS.pdf>.
- Mullis, Ina V.S. Martin, Michael O. (2019). *PIRLS-2021 Assessment Frameworks*. US: Boston College. <https://pirls2021.org/frameworks/>
- Mullis, I. V. S., von Davier, M., Foy, P., Fishbein, B., Reynolds, K. A., & Wry, E. (2023). *PIRLS 2021 International Results in Reading*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center. <https://pirls2021.org/results>
- Nielen, T.M.J., & Bus, A.G. (2015). Enriched school libraries: A boost to academic achievement. *AERA Open*, 1(4), 1–11.
- OECD (2021). *Education at a glance 2021: OECD indicators* (Tech. Rep.). Paris. <https://doi.org/10.1787/b35a14e5-en>
- Reynolds, K.A., Wry, E., Mullis, I.V.S., & von Davier, M. (2022). *PIRLS 2021 Encyclopedia: Education Policy and Curriculum in Reading*. Retrieved from Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center website: <https://pirls2021.org/encyclopedia>
- Rozman, M., Meinck, S., Chen, M. (2022). Impact of the pandemic on classroom teaching and learning. S. Meinck, J. Fraillon, & R. Strietholt (Eds.), *The impact of the covid-19 pandemic on education: International evidence from the responses to educational disruption survey (reds)* (pp. 54–83). Amsterdam, Netherlands: UNESCO and IEA. 10.1007/978-1-4614-2018-7 13
- Sirin, S. R. (2005). Socioeconomic status and academic achievement: A meta-analytic review of research. *Review of Educational Research*, 75(3), 417–453.
- Slavin R.E., Madden N. (1999). Effects of bilingual and English as a second language adaptations of Success for All on the reading achievement of students acquiring English. *J. Educ. Stud. Placed A. T. Risk*, 4 (4), pp. 393-416.
- Stephens, M., Erberber, E., Tsokodayi, Y., Kroeger, T., & Ferguson, S. (2015). Is reading contagious? Examining parents' and children's reading attitudes and behaviors. (Policy Brief No. 9). Amsterdam, The Netherlands: IEA. http://www.iea.nl/policy_briefs.html
- Toste, J. R., Didion, L., Peng, P., Filderman, M. J., & McClelland, A. M. (2020). A meta-analytic review of the relations between motivation and reading achievement for K–12 students. *Review of Educational Research*, 90(3), 420–456.

- Thomson S. (2022). What's happening with PIRLS? https://www.teachermagazine.com/au_en/articles/whats-happening-with-pirls?utm_source=Social&utm_medium=LinkedIn&utm_campaign=SocialMedia
- United Nations (2015). Transforming our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development. United Nations, New York. Retrieved from: www.un.org/ga/search/view_doc.asp?symbol=A/RES/70/1&Lang=E
- UNESCO (2020). School closures caused by coronavirus (COVID-19). <https://en.unesco.org/covid19/educationresponse>
- Walshe, P. (2023). Harnessing Digital Technology as a Pedagogical Tool in Early Childhood Education. <https://blog.eera-ecer.de/digital-technology-in-early-childhood-education%ef%bf%bc/>
- World Bank (2023). Students' reading ability after COVID-19: Takeaways from PIRLS for Europe and Central Asia. Retrieved from: https://blogs.worldbank.org/europeandcentralasia/students-reading-ability-after-covid-19-takeaways-pirls-europe-and-central?fbclid=IwAR2esaei3xD6d1-q_a7uPuyKcZFvoJUxWznQYyyypXc0fJs8UhARb0AeRN.
- Yamashita, J., (2004). Reading attitudes in L1 and L2, and their influence on L2 extensive reading. *Read. Foreign Lang.* 16 (1), 1–19.
- Yamashita, J., (2013). Effects of extensive reading on reading attitudes in a foreign language. *Read. Foreign Lang.* 25 (2), 248–263.
- АТО. (2019). TALIS-2018 халықаралық сабақ беру мен оқыту зерттеуі: Қазақстанның алғашқы нәтижелері. Ұлттық есеп, бірінші том. Нұр-Сұлтан, 155 бет.
- Ковязина К., Боранбай М., Бейсембаев С. (2020). Дистанционное образование в Казахстане глазами учителей и экспертов: вызовы и возможности. PaperLab. <https://paperlab.kz/research>